XIX ғасырдың I жартысында патша үкіметінің алдында капиталистік қатынастарға түскен Ресей экономикасына, яғни өнеркәсібі мен саудасына шикізат көздерін табу үшін жаңа отар елдер иелену мақсаты тұрды. Осы мәселені жүзеге асырмақ болған патша үкіметі орта ғасырлық даму деңгейінде тұрған қазақ даласы мен Орталық Азия мемлекеттерін жаулауға көшеді. Осыған дейін патшалы Ресей қазақ даласының батысы мен шығысын және солтүстігін бағындырып, ендігі кезекте оңтүстік өңіріне басып кірудің дайындық шараларына кіріседі. Жалпы алғанда қазақ даласының оңтүстігі Ресей империясының стратегиялық саясатында бірнеше себептерге байланысты маңызды орын алды. Біріншіден, Оңтүстік Қазақстан табиғат байлықтары мен мал өнімдеріне бай өлке ретінде патша үкіметі мен орыс буржуазиясын қызықтырды. Осы шикізат көздері шарықтап дамып келе жатқан Ресей манафактурасын қамтамасыз ете алды. Екіншіден, патшалы Ресей үкіметі Оңтүстік Қазақстаннан шикізат көздерін алып қана қоймай, қолайлы және «қауіпсіз» сауда жолдарын жасауға тырысты. Ал қазақтың оңтүстік өңірі болса сауда керуен жолдарының торабында жатқандықтан, Шығыс Түркістан мен Орталық Азияның саудасына ықпал жасауына мүмкіндік берді [1, 92 б]. Үшіншіден, бұл өлке Орталық Азия, Ауғанстан, Шығыс Түркістан және Үндістан сияқты елдерге басып кіретін «қақпа» еді. Өлкенің стратегиялық маңызын И.Завилишин өз еңбегінде былай деп ашады: «Бұл жерден Қоқан мен Батыс Қытай ғана емес, ағылшындардың Үндістаны да қашық емес» [2, с. 130]. Орыстың келесі бір дерегінде былай делінеді: «Бұл өлке Үндістанға есік ашып береді» [3, с. 33].

Патша үкіметінің бүкіл Азияны өз иелігіне айналдыруды I Петр жасап кетеді. Қазақ даласын Шығысқа басып кіретін «алтын қақпа» деп баға берген орыс патшасы, өзінің басқыншылық жоспарын мұрагерлеріне өсиет ретінде қалдырады. Осыған байланысты Макшеев өз еңбегінде былай деп жазады: «Император мұрагерлеріне Шығысты түпкілікті жаулау туралы жоспар құрып кетеді. Олар осы жоспар бойынша

Шығысқа қарай үш бағытпен қимылдады: Шығыстағы Түркістаннан Үндістанға, оңтүстіктегі Кавказдан Персияға және Азиялық Түркияға» [4, с. 47]. I Петрдің өсиетіне лайық қимылдаған орыс патшалары барлық күшін империяның шекарасын кеңейтуге және отар елдерді көбірек иеленуге жұмсайды. Осы мақсатты көздеген Ресей империясы Еуропаның ірі мемлекеттерімен отар үшін күресуге бел байлайды. Әсіресе, I Павелдің кезінде патша үкіметінің отарлық саясаты кең көлемде талданып, оның негізгі бағыттары айқындалады. Сарай министрі М.В. Ростопчин патшаның тапсырмасы бойынша Ресей империясының сыртқы саясатын анықтайтын бағдарламаның жоспарын дайындайды. Оның жоспарында империяның көлемін ұлғайтудың бағыттары көрсетіліп, Англия, Франция, Австрия және Пруссия сияқты мемлекеттердің күш-қуатын әлсірету жолдарына болжам жасалып, Үндістанды бағындыру үшін қазақ даласы арқылы әскери экспедиция жөнелту және Осман империясын бөлшектеу қарастырылады [5, с. 159-161]. М.В. Ростопчиннің жасаған жоспарын I Павел 1800 жылдың 2 қазанында бекітеді. Кейін Азия департаментіндегі Орта Азиялық бөлім бастығының Ұлы князьға жазған мәлімдемесінен осы жоспардың ізін көре аламыз. Баяндамада былай делінген: «Солтүстік Батыс және оңтүстіктегі Европа елдерінің жасаған тосқауылдары орыс халқына басқа жолдарды іздеуге мәжбүрледі. Сондықтан олардың еншісіне Азия ғана тиді. Орыстар бұл жерге барлық бағыттар бойынша бас салып ұмтылды. Оған апаратын жол бұрыннан үш бағыттан тұратын: Кавказ арқылы Оңтүстікке, Солтүстік-Шығыстағы қазақ даласы арқылы Үндістанға және Шығыста Сібірден Ұлы мұхитқа және Қытайға» [6, с. 12]. Патша үкіметінің аталған жолдармен қимылдауы Еуропаның ең алып империясы Англияның мүддесіне нұқсан келтіріп, орыс-ағылшын қатынасын мүлдем шиеленістіріп жібереді. Екі империяның бір-біріне бәсекеге түсуіне Англияның Үндістанды отар елге айналдыруында жатқан еді. Өйткені Үндістанның байлығы I Петрдің кезінен бастап-ақ патша үкіметін қызықтырып қана қоймай, оны жаулап алуға итермеледі. «Біздің шығыстағы қозғалысымыздың басты мақсаты, – делінді сол кезеңде жазылған еңбекте – Үндістанға ұмтылысымыз болып табылады және біздің Орта Азиядағы барлық қимылымыз бен міндетіміздің түпкі мақсаты – Үндістан» [6, с. 25]. Патша өкіметі Үндістанға иелік жасап, онда ағылшындардың мүддесіне соққы берумен қатар, шығыстағы мұхитқа шығып, Азияның бүкіл шикізатын су жолымен тасымалдауды көздеді. «Біздің үкіметіміздің Батыс және Қиыр Шығыстағы теңіз күштерінің құрылысын аяқтамай жатып, Түркістан мақтасы үшін Үнді мұхитында флот құруға деген ұмтылысы шектен шыққан қадам болды», – деп жазады Н.Павлов [7, с. 235]. Жалпы алғанда Ресей империясының Үндістанға соншама ұмтылуының негізгі себептері, біріншіден, Шығыстағы теңіз жолына шығуына, екіншіден, Европадағы бәсекелесі Англияны Шығыста тізе бүктіруге, үшіншіден, бүкіл Шығысқа өз бақылауын орнатуға мүмкіндік берді. Осы мақсатқа жылдам жетуді ойлаған Бламберг, Торнау, Хрулев сияқты әскери шенеуніктер патшаның алдына Үндістанды жаулау туралы бірнеше жобаларын ұсынады. Сол жобаларда Үндістанға апаратын жолдың бойында жатқан Оңтүстік Қазақстанға үлкен мән беріледі [8, с. 104-114]. Сонымен Ресейдің сол кездегі Европадағы қарсыласы болған алып империя Англияның алдын орап, Орталық Азия мемлекеттері мен Шығыс Түркістанға жақындауы Оңтүстік Қазақстанды бағындырудан тұрды. Осыған байланысты Шығыс елдерімен байланыс жасап, оларға қарсы белсенді әрекет жасау үшін патша өкіметі 1819 жылы Сыртқы істер министрлігінің жанынан арнайы Азиялық департамент құрады. Сол жылы департаменттің құрамында Азиялық комитет ашылып, тікелей Орталық Азия мен Қытай, соның ішінде Қазақстанға қатысты мәселелермен айналысады [9, с. 217]. Патша өкіметі бұл комитетке Ресей империясының билігін мойындамаған немесе бағынғысы келмеген оңтүстіктегі қазақ руларын дипломатиялық әдістермен, болмаса қарудың күшімен жаулап алуды міндет етіп қояды. Саяси бытыраңқылық, ішкі руаралық жанжалдар және күрделі сыртқы әсерлердің салдарынан әлсіреген қазақ руларына өз билігін орнатуда Ресейге жеңілірек болатынына көздері жетсе де, патша үкіметі баяу және өте сақ қимылдайды. Ал патша үкіметінің еркін қимылдауына мүмкіндік бермеген саяси жағдайларға келетін болсақ, біріншісі, XVIII ғасырдың аяғында жоңғар хандығын жойып, өз мекендеріне қазақ руларының қайта қоныстануына рұқсат беріп, оларды бағыншылықта ұстағысы келген Қытайдың жергілікті әкімшілік орындары болса, екіншісі, 1814 жылы қазақтарға қарайтын Ташкентті басып алу арқылы, Оңтүстік Қазақстанның басым бөлігін өз билігіне алған Қоқан хандығы тұрса, үшіншісі, Сырдың төменгі ағысын мекендеген қазақ руларына ықпалын жүргізіп, қазақтармен бірге орыстардың отаршылдық саясатына қарсы біртұтас майдан құруға ұмтылған Хиуа хандығы еді. Аталған үш мемлекеттің Оңтүстік Қазақстандағы ықпалы Ресей империясының стратегиялық маңызы бар өлкеге басып кіруіне кедергі жасады. Сондықтан патша үкіметінің қазақтың оңтүстік бөлігін отарлауда өте күрделі мәселелерді шешуді қажет етті. Осы мәселелерді шешуді көздеген патша үкіметі алдымен қазақ даласының оңтүстігіне екі бағыт бойынша кіруге ұмтылады. Бірінші бағыты Сібір шептерінен Жетісуға орнығу болса, екіншісі Орынбор жақтан Сыр бойын басып алғысы келді. Бірақ патша үкіметінің Жетісуға жасаған алғашқы қадамы үлкен сәтсіздікпен

аяқталды. Өйткені Қытай патша өкіметіне қарсы қазақ жерлерінің тәуелсіз болғанын қалап, Азияға төніп келе жатқан Ресей империясы мен Шығыс Түркістанға беделі күшті Қоқан хандығының ортасында орналасқан Жетісуды аралық жер (буферная зона) жасағысы келді [10, с. 33]. Сондықтан Аягөзге дейінгі жерлерді өз меншігі деп есептеген және сол жерде мекендеген Ұлы жүз қазақтарынан алым жинап тұрған Қытай мемлекеті бұл жерлерді орыстардың иелігіне оңайлықпен бермейтін еді [11, с. 412]. Ал Ресей империясы қанша жерден күш қуаты Қытайдан артық болса да оған қарсы ашықтан ашық жауласуға бата алмады. Себебі орыстардың негізгі әскери күштері Европада жүріп жатқан «Қасиетті одақ (1815-1848)» соғысына қатысып жатты. Бірақ осыған қарамастан патша үкіметі қытайлықтардың аңдысын байқау үшін шағын әскери топты жіберуге шешім қабылдайды. Яғни 1824 жылы 24 желтоқсанда жалайырлардың аға сұлтаны Сүйік Абылайхановтың үй салып бер деген өтінішін сылтауратқан патша үкіметі мүмкіндік болса Ұлы жүз қазақтарына Ресейдің үстемдігін орнату және ондағы саяси жағдаймен танысу, барлау жұмыстарын жүргізіп, әрі қытайлықтарға бейбіт саясат ұстайтындықтарын көрсету мақсатында подполковник Шубин бастаған 2 зеңбірегі бар 120 казакты мәлімет жинауға аттандырады [12, 3 п]. Сүйік Абылайхановтың Қаратал бойындағы қонысына Ф.К. Шубин әскері 1825 жылы 9-шілдеде келіп жетеді. Әскердің негізгі бөлігі Ұлы жүз қазақтарының қонысында қалып, хорунжий Т.В. Нюхалов пен дәрігер Ф.К. Зибберштейн бастаған тобы Ыстықкөл маңын мекендеген қырғыздарға кетіп, ыңғайлы керуен жолдары туралы мәлімет алуға жіберіледі [13, с. 469].

Әскери экспедицияның бастығы Шубинге ең маңызды тапсырма жүктеледі. Шубиннің міндетіне шамасы келгенше Жетісу өлкесіндегі сауда жолдарына байланысты анық мәліметтер алу, әсіресе, қазақ және қырғыз руларының үстімен Кашмирге баруға бола ма, сонымен қатар басқа да Азия елдеріне баратын керуен жолдары туралы толық мәліметтерді жинақтау кірді [14, 27-28 п]. Жетісу өлкесіне аттанған Шубиннің әскери экспедициясы Ұлы жүз қазақтарын жаулаудағы ең алғашқы отарлау қадамы болып есептелді. Жетісу өлкесіне басып кірген орыс әскерлерінің іс-қимылдары Абылай сұлтан Әділұлы арқылы Қытай императорына да жетеді. Император болса патша үкіметіне елші жасақтап, оған былай деп жарлық шығарады: «Бұйрық етілді. Цин Сян баяндады. Орыстар біздің территорияға өз бетінше кіруде және үй тұрғызуда. Мәселені анықтау үшін Ресейге жарлық жіберуді сұрайды. Орыстар кісінің айтқанына көнбейді және батыл келеді. Қазір Қараталда өз беттерінше үй салып жатыр, қазақтардан малдан салық алады. Абылай өз хатында айтқандай, орыстардың басшыларына барған, ол тауарларын берген және су мен шалғыны мол Қараталды қала салуға және жер өңдеуге алуды қалайтындарын жеткізген» [15, с. 149]. Осыған байланысты Қытай өкіметі патша өкіметінен Жетісу жерінен кетуді талап етіп, Сүйік Абылайхановқа салған ағаш үйді және орыс әскерлері тұратын уақытша баспаналарды жермен-жексен етуді бұйырады. Орыс әскерінің негізгі күші жоғарыда көрсетілгендей Европадағы соғыста жүргендіктен, патша өкіметі Қытаймен қақтығысудан қорқады да, оның барлық талаптарын екі етпей орындап, 1826 жылы Қараталдан Шубиннің 120 казагын кейін қайтарады [16, с. 38]. Орыс әскерлері Ұлы жүз жерінен кеткеннен кейін Қытай императоры Аblaй сұлтанға Қытай мемлекетін сыйлағаны үшін сый-сияпат жібереді [17, с. 352]. Жалпы алғанда Ресей империясының Жетісу өлкесін басып алудағы алғашқы жоспарының сәтсіздігі бірнеше себептерден тұрды:

- 1) Ресей отаршыларын Ұлы жүз қазақтары толығымен қолдамай, оның сұлтандары мен билері Қытай өкіметіне қарай бағыт ұстады;
- 2) Жетісу Сібір шебінен ұзақ жатты және өлкеде орыс әскерінің тірек орындары болмады;
- 3) Ресейде І Александрдің өлімі мен декабристер көтерілісі және 1815-1848 жылдардағы Европадағы соғыс.

Сонымен Қытай патша үкіметінің Жетісу өлкесіне бекінбек болған жоспарының орындалуын уақытша болса да тоқтатты.

1 Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: «Ценные бумаги», 2007.

2 Завилишин И. Описание Западной Сибири. Т.3. - СПб., 1867. - 145 с.

3 Михайлов М. Область Сибирских киргизов и Семипалатинск. - СПб., 1867. - 154 с.

4 Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движение в него русских. – СПб., 1890. – 380 с.

5 Колониальная политика и национально освободительное движение (Из новой и новейшей истории Балкан, Ближнего и Среднего Востока). - Кишинев: Кишиневский Государственный университет, 1965. - 364 с.

6 Снесарев А.Е. Индия как главный фактор в Средне-Азиатском вопросе. - СПб., 1906. - 173 с.

7 Павлов Н. История Туркестана. - Ташкент, 1910. - 273 с.

8 Рожкова М.К. Экономические связи России со Средней Азией (40-60 годы XIX века). – М.: изд АН СССР, 1963. – 238 с.

9 Киняпин А.С., Блиев М.М., Дегаев В.В. *Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России*. – М.: МГУ, 1984. – 328 с.

10 Далаева Т.Т. *Побудительные мотивы и последствия военно-колониальных акций царизма в Южном Казахстане и Семиречье (40-60 гг. XIX в)*. Дисс. канд. истор. наук. - Алматы, 1998. - 145 с.

11 Броневский. *Записки о киргизах Средней Орды*. - СПб., 1830.

12 КРОММ. 338-қ., 1-т., 445-іс.

13 *Путевые записки лекаря Зибберштейна // Исторический архив*. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1936. – С. 223-258.

14 РФОММ. 3-қ., 1 т., 419-іс.

15 *Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в.: в 2 ч. / сост. К.Ш. Хафизова, В.А. Моисеев*. – Алма-Ата: Наука, 1989. – Ч. 2. – 227 с.

16 Румянцев П.П. *Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Т.1. Лепсинский уезд. Вып I*. - СПб., 1911. - 633 с.

17 Валиханов Ч.Ч. *Дневник поездки на Иссык-куль // Собр. соч.: в 5 т.* - Алма-Ата: Қазақ Совет энциклопедиясы, 1984. – Т.1. – С. 306-357.

«БІРЛІК» – ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ ҚҰРҒАН АЛҒАШҚЫ ҰЙЫМ

Б.Сайлан – *эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.*

В данной статье рассказывается о первом казахском молодежном объединении и их организациях. В статье дается сведения об их создании, целях и деятельности. Показаны названия, цели, интересы и планы организаций, созданных в различных городах под началом казахской молодежи в период 1914-1918 гг.

This article is about the first Kazakh youth associations and their organizations. Information about their creation, aims and activity are given in this article. The names, aims, interests and plans of organizations founded in different cities under the guidance of Kazakh youth in the period of 1914-1918 are shown here as well.

Қазақстандағы жастар ұйымының құрылуы мен оның нығая түсуіне өзіндік үлес қосқан Алаштың ардақты перзенті Смағұл Сәдуақасов XX ғасыр басындағы қазақ жастарының саяси жағынан оянуына тоқтала келіп: “Соңғы 10-15 жыл ішінде қазақ жастары қалың ұйқысынан оянып қыбырлап іске кірісе бастады. Оянуға зор себеп болған нәрселер: жапон соғысының артынан Русияның әр қалаларында 1905-1906 жылдарда болған жұмыскерлер қозғалысы, 1910-1913 жылдарда шыққан “Айқап” журналы, 1913 жылдан шыға бастаған “Қазақ” газеті және “Оян қазақ”, “Сана”, “Қырық мысал” кітаптарын атайды. Сонымен қатар 1914 жылғы бірінші жаһангерлік соғысы, 1916-шы жылғы қазақ жігіттерін қара жұмысқа майданға алу, орыс патшасының қазаққа көрсеткен қысымшылықтары һәм әсіресе, 1917 жылғы төңкеріс алдымен қала-қалада орысша, татарша һәм қазақша оқып жүрген жастар арасында оянуды бастады”, – деп жазуы осы кезеңдегі түрлі оқиғалардың қазақ жастарының саяси оянуына ықпал еткендігін дәлелдейді. Ұлттық ұстаным ұстаған қазақ зиялыларының осы тұста жазған еңбектері мен қазақ баспасөзінің де жастар мәселесіне әсері мол болғандығын айғақтай түседі [1, 46-б.].

Шындығында да Бірінші Дүние Жүзілік соғыс материалдық заттарды орасан көп талап етті. Қазақтардың малдарын талан-тараждау басталды, салық он есе артты, алымдар көбейді. Қазақстан еңбекшілері арасында толқулы қозғалыстар басталды. 1916 жылдың жазынан бастап, Қазақстандығы бұл қозғалыстар ұлт-азаттық көтеріліске айналды. Көтеріліске қатысушылардың басым көпшілігі жастар болды. Көтеріліс, бір жағынан, патша үкіметінің күшін әлсіретті, ал екінші жағынан қазақ халқының, әсіресе жастардың саяси сана сезімін оятты.

XX ғасырдың басында қазақ халқы жалпы қорлықта, зорлықта, тепкіде еді. Патша өкіметінің қазақ даласына аттандырған миссионерлері елді кезіп, жұртты өз дінінен бездіруге күш салып, қазақ тілінде мектептер ашқызбай жүрді. Оның үстіне сырттан келген төрелер елді біріне-бірі соғыстырып, еңбекшіл және еңбексіздің арасын жіктендірудің орнына, жұртты ата-атаға жіктендіріп, партияға салып қойды. Бір жағы осы айтылған себептер бар, екінші жағы “оқуға талпындыратын сезім туып, 1910-жылдардан былай қарай қазақ жастары оқуға кірісе бастайды. Дәл осы кезде алғашқы жастар ұйымдары да құрыла бастайды. 1912 жылдан 1917 жылғы төңкеріске дейін бірен-саран ашылып келген жастар ұйымдарының бәрі жасырын іс жүргізіп келді. Бұл ұйымдардың көздеген мақсаттары: өз халқының көзін ашу, оны өнерлі халықтың қатарына қосу, қазақ арасында мәдениет тарату һәм басқа осы секілді шараларды жүзеге асыру болды. Сөйтіп, өткен ғасыр басындағы қазақ жастарының саяси санасының қалыптасуы мен оның жетілуіне ғасыр басында қалыптаса бастаған ұлттық интелгенция өкілдерінің еңбегі айтарлықтай деуге болады. Олардың қолынан туған туындылар халық арасында толқулар тудырып, әсіресе жастар арасында зор саяси маңызға ие болды. Қазақ баспасөзінде жарияланған мақалалар мен материалдар жастардың саяси жағынан жетілуіне серпіліс беріп отырды. Сондықтанда 1914 жылдан бастап ел арасында түрлі жастар ұялары бой көтере бастады.

Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастары 1914-жылдың басында жасырынып жүріп, “Бірлік” деп аталатын ең алғашқы жастардың ұйымын ашты. Патша үкіметінің өктемдік саясаты жүріп тұрған тұста қазақ жастары кітап бастырып, “Балапан” атты журнал шығарып, жастардың көзін ашып, көңілін ояту мақсатында ұлт қызметіне кірісті. Қазан төңкерісінен кейін жастар арқылы құрылған көп ұйымдардың ағасы осы “Бірлік” ұйымы болды. Оның ұйымдастырушылары мен мүшелері Бекмұхамед Серкебаев, Асқат Сайдалин, Қошмұхамед Кемеңгеров, Смағұл Сәдуақасов, Ғабдрахман Байдалин, Мұратбек Сейітов, Жүніс Бабатаевтар болды [2]. Патша үкіметі құлап, Қазан төңкерісі жеңіске жетіп Кеңес үкіметі үшін күрес басталған топалаң заманда “Бірлік” жастар ұйымы халықтың басын біріктіру мен Алаш қайраткерлерінің ұстанған идеясына халықты шақыру үшін де күрес жүргізді.

1917 жылы қазанның 1-4 аралығында Омбыда “Бірлік” ұйымының жалпы жиналысы болып өтті [2]. Осы жиналыс қаулысы 1918 жылы “Қазақ” газетіне басылды, ондағы материалдар олардың қызметі жайында баяндап мағлұмат берді. Бұл жиналыста “Бірлік” ұйымының үш жылдық есебі беріліп, қазақ жастар ұйымының атқарған қызметтері мен істері айтылды. “Бірлік” ұйымы қолайсыз күндерде туып, қара түндерде өмірін өткізе де алдындағы әділдік адалдық, ұлтшылдық жолынан таймады, ізгі ниет, қасиетті тілегінен қайтпады. Шамалары келгенше ұлтына қызмет етуге тырысты. “Бірлік” ұйымы қазақ әдебиеті мен баспасөзінің дамуына үлес қосу жолында ұлт әдебиетінің дәуірлеріне азда болса еңбек болсын деген мақсатпен “Өткен күндер” атты өлең кітабын бастырып таратты. Халықтың көзі ашылуына жәрдем болсын деп, шығып тұрған қазақша газеттерді һәм басқа басылған кітаптарды ел арасына кең таратуға ыждаһаттық танытты. Талапты жастардың оянуына һәм ұлт әдебиетінің ілгерілеуіне себеп болсын деп, 1916-жылдан бастап “Балапан” атты әдеби журнал бастырып тұрды [3]. “Балапан” журналын бастырып шығару үшін әріптер алдыруға “Бірлік” атынан халықтан жәрдем жинады. Бастапқыда әр саны 30 беттен 20 күнде бір рет шафирографта басылып шығып тұрды. Журнал басқармасына үш кісі сайланып, оларға тағы екі қолғабысшы берілді. Халыққа газет журнал һәм кітапшалар тарату үшін де аянбайтындықтарын, ол үшін қазақ басылымдарының кең таралуына қызмет ететіндіктерін жариялады.

“Бірлік” жастар ұйымы Қазан төңкерісі жеңіске жетіп елде зор өзгеріс басталып, халық тегіс дағдарып қалған кезеңде өзгерісті елге дұрыс түсіндіріп, ұқтыру жолында көп қызмет атқара отырып, саяси мәселелермен айналысуды да тыс қалдырмады. “Бірлік” жастар ұйымы өзгеріс басында Омбыда ашылған күнбатыс Сібірге үкімі жүретін коллегиялық комитетке қазақтан адам кіре алмай, қазақты қатарға кіргізу үшін ешкім бой көрсетпей тұрған кезде бытырап жүрген қазақтардың басын қосып, жиналыс жасап, қазақтан өкілдер кіруіне себепкер болды. Облыстық қазақ комитеті болады деп елдің ойына кіріп шықпаған шақта “Бірлік” ұйымы басшы болып, Омбыда облыстық ұйымдастыру комитетінің ашылып, облыстық атқару комитеті негізінің салынуына арқау болды. “Бірлік” ұйымының мүшелері оқуларын, істерін тастап елге комиссар болып шығып, елдің өзгерісті дұрыс ұғынуына, сайлауларын дұрыс өткізуге көп қызмет етті. Бұл істерден басқа “Бірлік” ұйымының бас қызметі оқудағы қазақ жастарын бірлікке шақырып, басын қосып бір жолға салуға атсалысты. Ескі патша үкіметі саясатының немқұрайлығы мен өткен ғасырдың империалистік озбырлығын сынап отырып, қазақ жастарының өзара жақындасып, ойларын тілектерін біріктіруге өте көп қызмет етті. Әр жердегі жастар ұйымдарын бір ізге салу жолында “Бірлік” ұйымы қазақтың тағдыры кейінгі оқушы жастар қолында деп, жастарға сенгендіктен олардың көздеген нысана, ізденген мақсаттарына көмектесіп тезірек жету үшін әр жердегі жастар қауымдарының бір ізге, бір жолға түсулері тиіс деп тапты [4, 21-б.].

Патша үкіметі құлап, Қазан төңкерісі жеңіске жетіп Кеңес үкіметі үшін күрес басталған топалаң заманда “Бірлік” жастар ұйымы халықтың басын біріктіру мен Алаш қайраткерлерінің ұстанған идеясына халықты шақыру үшін де күрес жүргізді. Әсіресе, толқымалы күндердегі тар жол тайғақ кешу жылдарында халқымыздың саяси ер жетпегендігін еске алып бір жерден сөз, бір жеңнен қол шығаруды өте қажет деп тапты, һәм “Бірлік” ұйымы ағзаларының жалпы жиналысы саяси қазақ партиясы “Алашты” заманға һәм тілектерге тез жетуге нағыз қолайлы деп тауып, оның жұмысын қуаттап, пікірлерін халық арасына таратпақ болды. Жиналыста болған басқа ұйымдардың өкілдері де “Бірліктің” бірігу керек деген пікірін дұрыс тауып, бірігуге уағдаларын берісті. Бірақ өкінішке орай жанадан құрылған жастар ұйымының арасына кіріп алған және олардың өзіндік шешімдеріне еріктік бермеген большевиктік партия Алашорда ұлтшылдарына жастар ұйымында орын жоқ деген ұрандар көтеріп, Алаштықтар мен олардың идеясын жастардан аулақ ұстау үшін күрес жүргізді. Мысалы, Маңғыстау облысында азамат Шымыров байдың баласы болған және ол Алашорда қайраткерлерінің идеясын қолдаушылар қатарына жатады деген айыппен жастар ұйымының мүшесінен шығарылып қуғынға ұшырады. Сөйтіп жастар ұйымында өзі атқарып жүрген жауапты қызметтенде шеттегілді [5].

“Бірлік” жастар ұйымы жастар арасындағы сауатсыздықты жою мақсатында мұғалімдер курсы

жандандыру мен қазақ-орыс мектептерінің санын арттыру үшін де қызмет ете білді. Қазақ мұғалімдерінің өте кемдігі мен жетіспеушілігін хәм орысша мектептерге әзірленушілердің көп қиыншылық көретұғынын еске алып, жалпы жиналыс қысқа уақытта мұғалімдер курсын хәм орысша даярлаушы сыныптар ашуды өте қажет тапты. Ол курстарды қашан, қалай, хәм кімнің күшімен ашу туралы жұмыстарды, мәжіліс құрған комиссияға тапсырды. Сонымен қатар бұл комиссияға бастауыш мектептерге бағдарлама жасау хәм оқу құралдарын шығару істері де жүктелді. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында комиссияға басқа жерлердегі қазақ жастары ұйымдарымен хабарласып, істі қолға алу айтылды. Қазақ жастары “Бірлік” атынан халыққа басшылық ету, ақ жол, адал жүрекпен іс етуге серт қылысты. Өз пайдасын көздеп, жұртты адастырушы сұмдарға қарсы тұрып, жұрттың көзін ашуға ондай зияндылардан сақтандыру жолында қызмет етуге уағдаласты. Ол үшін олар жолдастар төрелігі туралы шарттар жасап, “Бірліктің” кіндік кеңесіне тапсыруға комиссия сайлады. Мәжіліс ақырында “Бірлік” ұйымының кіндік кеңесіне хәм басқармасына кісі сайланды. Мәжіліс 1917 жылы 4-ші қазанда жабылды [6].

“Бірлік” ұйымының кіндік кеңесі мәжіліс шығарған шешімдерді жүзеге асыру үшін күресе білді. Сол уақыттағы сынаптай толқыған заманның кеселінен өздерінің өмір бойы ауыр бейнет, ащы тәжірибемен өсірген ойларын жарық дүниеге шығара алмай, іске асыра алмай уақытша дағдарып та қалды. Патша үкіметінің құрсауында болып, мойнының қамыт, арқадан қамшы арылмаған қазақ-қырғыз жастары жетім қалған жас қозыдай сандалуға айналды. Осындай қауып қатер күндер туғанда құр сөзбен ұлтшыл болмай іспен, қызметпен ұлтшыл болуды қазақ жастары көздеді. Жастардың басын біріктіруді хәм от ғұмыр, жас көңіл, ар-намысты, күш-жігерді ұлт жолына құрбан қылуды өте қажет деп санап, “Бірлік” ұйымының кіндік кеңесі 1918 жылы 20 сәуірде Омбыда барлық қазақ-қырғыз жастарының съезін өткізбекші болды [7]. Қазақ жастарының басқа аймақтарында құрылған ұйымдарына хаттар мен хабарландырулар жіберіліп, онда “20 сәуірден қалдырмай съезге бір өкіл жіберуіңізді “Бірлік” ұйымы атынан съезд шақырушы комиссия адамдары өтінеміз”, – делінді. Сонымен қатар бұл хатта съезде қаралатын мәселелер тізбегі рет-ретімен көрсетілді.

1. Саяси: а) үстіміздегі жағдай, ә) саяси бір ізге түсу.
2. Кооперация: а) пайдалы ұйымдар ашу, ә) ұйым курсын ашу.
3. Ұйымдастыру: а) қазақ жастарының жалпы кіндік кеңесі болу, ә) ел арасына ұйымдар ашу, б) кіндік кеңестің матбуғасы болу.
4. Жәрдем ұйымын ашу.
5. Өнер тарату: а) театр, ә) сурет өнері, б) өлең-ән, в) музей ашу.
6. Ауыл шаруасы: а) егін, мал түзеу.
7. Дәрігерлік: а) адам дәрігерлігі, ә) мал дәрігерлігі, б) жұқпалы аурулардың ел арасына таралуына қарсы шаралар іздеу.
8. Оқу, оқыту: а) мектеп ашу, ә) мұғалімдер курсын ашу, б) тіл.
9. Әйел мәселесі.
10. Жұмыскерлер туралы.

Осы мәселелердің барлығы қазақ ұлтының мүддесін көтеру үшін атқарылатын істер екенін олар сол кезде білді. “Бірлік” ұйымы кіндік кеңесінің шақырушы комиссия мүшелері Бекмұхамед Серкебаев, Асқат Сайдалин, Қошмұхамед Кемеңгеров, Смағұл Сәдуақасов, Ғабдрахман Байдалин, Мұратбек Сейітов, Жүніс Бабатаев есімдері көрсетілді. 1918 жылы 5-13 мамыр аралығында Омбы қаласында жалпы қазақ жастарының съезі өтіп, “Бірлік” ұйымы барлық қазақ жастарын біріктіру үшін құрылған “Жас азамат” ұйымының құрамына енді [1, 38-б.].

1 Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – Т. 2. – 360 б.

2 Омбыдағы “Бірлік” қауымы // Қазақ. – 1918. – 12 қаңтар.

3 Махат Д.А. Ілгерінің тағдыры жастардың қолында // Нұр астана. – 2009. – 14 мамыр.

4 Сайлан Б.С. Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы. – Алматы, ҚазМемҚызПУ. – 2011. – 433 б.

5 Алашорда ұлтшылдарына комсомолда орын жоқ // Ленинишіл жас. – 1937. – 10 қаңтар.

6 Жолдастар төрелігі // Қазақ. – 1918. – 12 қаңтар.

7 Қазақ-қырғыз жастарына // Абай. – 1918. – №3. – 15-б.

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

КАСПИЙ АЙМАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

У.М. Джолдыбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, т.ғ.к.

В данной статье рассматриваются вопросы международного сотрудничества стран Каспийского региона в экологической сфере для устойчивого развития.

This article discusses the issues of international cooperation in the Caspian region in the environmental field for sustainable development.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ыдырап, орта-азиялық республикалар өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде Каспий теңізінің геосаяси маңызы артып келеді. Мамандардың айтуына қарағанда, Каспий теңізі алабындағы мұнай мен газ қоры Парсы шығанағының жер қойнауы байлығына тең келеді. Каспий теңізі жағалауында орналасқан мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуына аталған байлықтың стратегиялық маңызы зор болып табылады. Жалпы аумағы 371 мың шаршы шақырым, ұзындығы 1200 шақырым, орташа ені 320 шақырым, тереңдігі 1025 метр, су көлемі шамамен 77000 текше шақырымды құрайтын Каспий әлемдегі ең үлкен теңіз болып саналады. Су қоймасы 1974 жылы Рамсар конвенциясы тізімі бойынша маңыздылығы жағынан халықаралық зор мәнге ие болған, бұл шешімді Табиғатты және табиғи қорды сақтау жөніндегі халықаралық кеңес 1976 жылы бекіткен. Теңіз қайраңы мен жағалауында көмірсутек шикізатының ірі кен орындары бар. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев атап өткендей, «Каспий – планетамыздағы айрықша экожүйе болып қалыптасқан энергиялық және биологиялық ресурстардың «алтын сандық» қойнауы.

Әлемнің геэкономикалық, экологиялық және биошаруашылық мүдделерін тоғыстырып отырған Каспий өз алдына әлде бір қауымдастық түзілдіру мүмкіндігі бар дара сипатты геосаяси аймақ ретінде бой көрсете бастады. Бұған оны жағалай орналасқан шектес елдердің теңіз су алабын бірлесіп пайдалану жөніндегі көзқарастары да ықпал-әсерін тигізе бастағандай. Осының өзінен-ақ Каспий аймағы Орталық Еуразиядағы геосаяси жағдайдың маңызды буыны ретінде стратегиялық берік қимылға айналып отыр» [1, 146-147 б.б.]. Сондықтан осы орасан зор геосаяси аймақты игеруге бағытталған жұмыстар қажетті халықаралық құқықтық шарттарға негізделуі тиіс. Каспий теңізі алабының әлі де шешімін таппаған ауқымды мәселелер шеңбері әр алуан, оларға: кеме қатынасы жұмысын жақсарту, балық аулау шаруашылығын дамыту, теңіздің биологиялық қорын тиімді түрде пайдалану, экожүйесінің өміршеңдігін сақтаумен қатар экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, теңіз деңгейінің толқуына байланысты жағалауды қорғау шаралары, көмірсутегі шикізатына аса бай теңіз қойнауында барлау жұмыстарын жүргізу және оны ұтымды пайдалану мәселелері жатады. Кеңес Одағы кезінде Каспий теңізін пайдалану тәртібі 1921 жылғы 28 ақпанда Ресей Федерациясы мен Парсы елі арасында жасалған екіжақты келісім-шартпен [2] және 1940 жылғы 25 наурызда Кеңестер Одағы мен Иран мемлекеті арасында жасалған келісім-шартпен [3] реттеліп отырған болатын. Кеңестер Одағы ыдыраған соң Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі проблемасы, аймақтағы мемлекеттердің теңіз қайраңындағы кейбір кен орындарына қандай мемлекет ие болатындығына байланысты қайшылықтар туындап, мұнайды тасымалдау бағыттары бойынша даулы мәселелер пайда бола бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, «2001 жылдың 11 қыркүйегінен кейін халықаралық антитеррористік науқан басталысымен Каспийдің маңызы батыс елдері үшін күрт арта түсті.

...Біріншіден, АҚШ-тағы ылаңкестікке байланысты әлемдегі жалпы геосаяси жағдай өзгерді, мұның өзі Батыста олардың Таяу Шығыс аймағындағы энергетикалық тәуелділікті азайту тенденциясын күшейте түсті.

Екіншіден, тұтастай алғанда дүниежүзілік энергетика рыногындағы жағдай орнықты болмай отыр. Әлемдік рынокқа мұнай шығаратын негізгі өндірушілер арасындағы бәсеке ширығып барады.

Үшіншіден, Каспийдің негізгі энергетикалық қорын пайдалану кезеңі жақындап келеді. Каспий шельфін барлау жұмыстары соңғы кезеңіне аяқ басты. Мұндағы ресурстар картасы неғұрлым айқындалып келеді, ынта туғызып отырған мұнайлы аудандардың қарасы анықталып та қалды. ...мұның бәрі Каспий аймағы төңірегіндегі геосаяси күресті күшейтіп отыр» [1, 150 б.].

Жалпы Каспий теңізінде мұнай қоры мол екендігі Кеңестер Одағы кезінен бізге белгілі. Негізінде, мұнай кен орындарын бұрғылау жұмыстары 1949 жылы басталғанымен, кеңестік дәуірде Жер қойнауы

байлықтарының ішінде мұнай өндірудің озық тәжірибесі болған жоқ. Сонымен қатар ол үшін жаңа өндірістік қуаттар мен мұнай құбырлары аса қажет болды. Ал, бүгінгі таңда біз осы мақсатқа шетел инвестицияларын тарту арқылы қол жеткізіп отырмыз. Каспийдің бай минералдық қоры бұл өңірде тиімділігі жоғары бірқатар өндірістер мен өнеркәсіп кешендерін кең көлемде дамытуға едәуір жеткілікті болып отыр. Сондай-ақ, Каспий жағалауындағы Қазақстан, Түрікменстан, Әзірбайжан, Ресей, Иран мемлекеттері энергетикалық шикізаттарын дүниежүзілік нарыққа шығару арқылы өздерінің экономикалық проблемаларын шешуге тырысуда. Сол себепті, Каспий жағалауы бойында орналасқан мемлекеттердің стратегиялық саясатының бірі - бұл аймақтағы отын-энергетикалық кешенді дамытуға айтарлықтай дәрежеде шетел инвестицияларын тартуға негізделуде. Бұл мемлекеттермен қатар Қазақстан Республикасы да Каспий алабын игеруге әлемнің ең ірі мұнай компанияларын тарту арқылы жаңа технологияларды игеруде. Алайда оның кері әсері де жеткілікті болуда, мысалы жыл өткен сайын Каспий теңізі алабының экологиялық тепе-теңдігі сақталмауда, керісінше өлшеусіз және ұзақ уақыт бойы антропогендік ықпалдар нәтижесінде бұзылған экологиялық жүйенің үйлесімділігін қалпына келтіруге ондаған жылдар қажет екендігі белгілі.

Қазіргі кезеңде мұнай қорын белсенді түрде игеріп жатқан көптеген трансұлттық компаниялардың көрсетіп отырған қызметтері теңіз маңындағы өзге де мемлекеттермен қатар Қазақстанның да экологиялық жағдайына аса үлкен қауіп төндіруде. Бұл шетелдік компаниялардың өздерінің жеке коммерциялық мүдделерін қорғау мақсатында қоршаған ортаға залал келтіруі ғана емес, бүкіл әлемдегі мұнай өндіруші мемлекеттердің барлығының дерлік флора мен фаунаға тигізетін зияндылығы дәрежесі бойынша мұнай ластаушыларының бірінші орында тұрғандығында. Каспий теңізі алабының географиялық оқшаулығы салдарынан бірегей су қоймасы өзгелерден әлдеқайда әлсіз болып табылады: мұндағы биологиялық түрлердің 400-ге жуығы осы су қоймасына ғана тән. Ал оның қазіргі жағдайы теңіз маңындағы республикалар мен дүниежүзілік қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызуда.

Бүгінде қауіп Каспийдің бірегей экожүйесіне ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның Каспий теңізіне жақын орналасқан аймақтары топырақтың тозуы, ауаның ластануы және потенциалдық техногендік жер сілкінісі туындауы қауіпіне тап болып отыр. Газ бен мұнай қорын белсенді түрде игеріп отырған трансұлттық компаниялардың қызметі нәтижесінде суға өнеркәсіп өндірісі қалдықтарының шығарылуы, шаруашылық-тұрмыстық ақаба сулардың төгілуі, мұнай ұңғымаларын қазу және пайдалану кезіндегі шығарындылар, мұнайдың теңіз ішіндегі құбырлардан тікелей теңізге құйылуы Каспийдің қоршаған ортасының ластануына, биологиялық әралуандылығының жойылуына, жағалау аумағының шөлейттенуіне, су деңгейінің көтерілуіне, яғни жалпы теңіз аймағындағы экологиялық жағдайға зор қауіп-қатер төндіруде. Сонымен қатар мұнайдың теңіз түбінде қалған қалдықтарын жинап, жою және аймақта орналасқан уақытша ыдыстардағы мұнайды жою да шешімін таппаған аса күрделі мәселеге айналып отыр. Кезектегі басты мәселелер қатарына – техника үлгілерін қазіргі заман талабына сәйкестендіру, сондай-ақ арнайы техникалық және ұйымдастыру шараларын қолдану жолымен олардың экологиялық қауіпін төмендетуді жатқызуға болады. Оларға: радиоактивті қалдықтарды жою және сенімді түрде көму, теңіз акваториясы мен жағалау аумағын мұнай өнімдерінен дер кезінде тазарту мәселелері жатады.

Қазақстан Республикасы аумағында «Қарашығанақ» кен орны ашылған уақытта жұмыс жүргізуші тараптар арасында өндірілетін газдың 40%-ын кері қайтару туралы келісім жасалған болатын. Алайда кен орны жұмысына ешбір тосқауыл қойылмай келеді және онда конденсация басындағы қысым да шектеусіз, табиғи тозу жағдайында жұмыстарын жалғастыруда. Бұл жағдайлар кейбір жерлерде терең шұңқырлар пайда болуына әкеліп соғуда, ал осы саладағы ғалымдар мен мамандардың пікірінше, ондай шұңқырлар жер сілкінісінің туындатуына ықпал етеді.

Осы аталған жағдайды ескере отырып, жағалаудағы мемлекеттер Каспий қайраңында жүргізілетін минералдық шикізат көздерін барлау және өңдеу жұмыстары барысында өзара қарым-қатынас жасау жөніндегі келісім-шарттарын орындауда қоршаған ортаны ластанудан қорғау ісіне тосқауыл қоймай, керісінше, онымен үйлестіре отырып жүзеге асырылуы қажеттілігін жете түсінуде. 1994-1995 жылдары аймақтағы мемлекеттер арасында жүргізілген екіжақты және көпжақты келісімдер нәтижесінде Каспий теңізіне қатысты мәселелерді кезексіз шешу қажеттілігі айқындалып, өңірдегі елдер осы бағытта күштерін біріктіруге, ықпалдаса әрекет етуге мүдделілік танытты. Осы орайда мемлекеттердің ортақ көзқарастары мен ұстанымдарын келтіре кеткен жөн:

- Каспий аймағы мемлекеттері Каспийдің бейбіт, достық, татулық, ынтымақтастық қарым-қатынастары негізінде қызмет етуі тиіс;

- Каспийге байланысты қарым-қатынастар мемлекеттердің егемендігін құрметтеуге, теңдік және өзара тиімділік әрекеттеріне негізделіп, бір мемлекеттің еркін өзге мемлекеттерге күштеп мойындатуға жол бермеуі тиіс;

- Каспий аймағындағы өзге мемлекеттерге залал келтіретіндей іс-әрекеттерге жол берілмеуі тиіс;
- Каспий аймағы мемлекеттерінің ортақ басқару тетіктерін қалыптастырып, өңірдегі ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайтып, дамыту қажет.

Қазіргі кезде өңірдегі елдерде қоршаған ортаны қорғау саласындағы кезек күттірмес мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған орнықты даму және шекарааралық мәселелерді шешу шеңберінде қомақты іс-шаралар атқарылуда. Халықаралық конвенциялар ратификацияланып, қоршаған ортаны қорғау мен тұрғындардың денсаулығын сақтау жөніндегі комиссиялар құрылып, ұлттық бағдарламалар іске асырылуда. Қауіпсіздік мәселелерін ұлттық деңгейде шешу міндеті ұлттық экологиялық стратегиялар қатарына енгізілді. Атап айтқанда, оларға: су қорларын қорғау, су пайдалану жүйесін, суды тазартудың жаңа технологияларын енгізіп, дамыту, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, қауіпті қалдықтарды өңдеу және сақтау, аймақтың биологиялық әралуандылығының жойылуына тосқауыл қою шараларымен қоса экологиялық қорғау және топырақтың ластануы проблемалары бойынша халықаралық ынтымақтастық құру, табиғатты қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына мемлекет тарапынан бақылау жасау және ұлттық саясатты экологияландыру кіреді. Бұл орайда Орталық Азия мемлекеттері орнықты даму жөніндегі стратегиялық бағдарламаларын әзірлеп оны іске асыруы шетелдік донорлардың қолдауына тәуелді болып отырғандығын айта кеткен жөн [4].

Соңғы жылдары ТАСИС, БҰҰ өкілдіктері, Жаһандық экологиялық қор, Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдар қолдауымен БҰҰ аясында Каспийдің экологиялық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған бағдарлама – Каспий экологиялық бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның мақсаты – Каспий теңізінің табиғи ортасын басқару және аймақтың орнықты дамуын қамтамасыз ету. Бағдарлама шеңберінде Каспий өңіріндегі елдердің әрқайсысында бұл мәселені әр қырынан зерттейтін он аймақтық экологиялық орталық құрылды. Каспий аймағы мемлекеттерінің 2002 жылы өткізілген Ашхабад саммитінде жоғарыда аталған мемлекет басшылары теңіздің мәртебесі, әр мемлекетке қарасты аумақтары, мұнай өндіру аумақтарының шекаралары, кеме қатынасы, балық аулау принциптері және ең бастысы – теңіздің экологиялық жағдайын сауықтыру жөніндегі ынтымақтастық құру мәселелерін қарастырды. Қазіргі кезде қалыптасқан күрделі геосаяси жағдайда судың мемлекеттер арасында бөлінуі мен судағы ластағыш заттардың шекарааралық ауысуына байланысты туындап отырған көптеген мәселелер аса маңызды болып отыр [5].

Бүгінгі таңда халықаралық ұйымдар мен донорлар табиғатты қорғау және биоресурстар жөніндегі, атап айтқанда: атмосфера, су қоры, биологиялық әралуандылық т.б. жөніндегі жобалар мен бағдарламаларды қолдап отыр. Мемлекеттер мен азаматтық қоғамның халықаралық ұйымдар және донорлармен серіктестігі Орталық Азияның орнықты дамуының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Дүниежүзілік Саммит шешімдерін жүзеге асыруға байланысты жоспарға енгізілген ХХІ Орталықазиялық Күн тәртібі Орталық Азия аймағын орнықты дамытудың аймақтық бағдарламасы болып табылады және онда мемлекеттер мен халық шаруашылығы секторлары арасындағы серіктестік қарым-қатынастарды түзу арқылы осы аймақтың басты экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу көзделіп отыр. Бұл бағдарлама аясындағы шаралар 2002 жылы өтті. Нәтижесінде осы бағдарламаға қатысушы мемлекеттерге бір-бірімен тығыз байланысты жобалар әзірлеп, іске асыруға зор көмегін тигізбек. Өйткені ұлттық деңгейдегі жетістіктер табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық көпжақты келісімдерге, ынтымақтастық құру механизмдеріне, оларды іске асыруға белсенді қатысатын үкіметтік емес ұйымдар жүйесінің жұмысына тікелей байланысты болып отыр.

Орнықты даму бағытындағы Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық әрекеттер жоспарларын жүзеге асыру мақсатында халықаралық ұйымдар донор елдермен біріге отырып ірі инвестициялық жобаларды жоспарлы түрде өткізуде. Жобалардың идеясы: біріншіден, басты экологиялық мәселелерді жергілікті аймақтарға таратуды белгілеу және олардың дерек көздерінің қай секторларға жататындығын талдауға; екіншіден, әр аймақтың барлық жобаларын жалпы идеяға қатысты бір «шатырдың» астына топтастыру болып табылады. Соған байланысты басымды қызмет аймақтарының қатарында Каспий жағалауы аймағына баса назар аударылады. Яғни бұл аймақтағы мұнай өндіру және оны өңдеу мәселесі және одан туындайтын табиғи ортаның мұнаймен ластануы проблемасы алдыңғы қатарға қойылған. Сонымен қатар жобада ластанған жерлерді экологиялық тұрғыдан қалпына келтіру және олардың ластанбауын қадағалау, экологиялық менеджмент жүйесін жақсарту, аумақтарды басқару жүйесін дамыту жөніндегі сатылық бағдарламаларды іске асыру көзделген.

Ұзақ мерзімді әрі күрделі экологиялық мәселелерді ақпарат құралдарды қолдану және тәжірибе алмасу арқылы тиімді шешуге болатындығын және аймақтың экологиялық мәселелерінің шекарааралық сипатын мойындай отырып, мемлекеттер аймақтық ынтымақтастық құрып, алға қойылған мәселелерді жан-жақты

карастыруда. Бұл проблемаларға мемлекеттер Каспий экологиялық бағдарламасы шеңберінде өз жұмыс көлемін орындаған жағдайда және мүмкіндігінше бірлесіп іс-әрекет жасау нәтижесінде қол жеткізе алатыны белгілі. Бұл бағытта. Қазақстанда екі орталық қызмет атқаруда, олар – биологиялық әралуандылықты сақтау жөніндегі және теңіз деңгейінің тербелісін бағалау жөніндегі орталықтар. Қолданбалы шешімдердің ішінен Каспийдегі итбалықтардың жаппай қырылуын зерттеуге арналған сарапшылар жұмыс тобының ұйымдастырылуын атап өтуге болады.

Каспий аймағы Еуразия экономикасының қалыптасу кезеңін бастан кешіріп отырған жаңа бөлігі болып табылады. Өңірдегі елдердің бірқатар бағыттар бойынша өзара қарым-қатынастарын дамыту нәтижесінде Каспийдің экономикалық болашағы айқындалуда. Алайда оның орасан зор байлығын теңізбен шекаралас жатқан елдер бір-бірінің мүдделерін ескере отырып, сыйластық қарым-қатынас түзген жағдайда ғана ұқыпты пайдалануға болады. Қазіргі кезде қалыптасып отырған жағдайды аймақтағы мүлдем қауіпсіз деп атау мүмкін емес. Жылдар бойы қордаланған мәселелерді мемлекеттік институттар мен халықаралық корпорацияларды, мемлекеттік емес ұйымдарды қатыстыру жолымен ғана түбегейлі шешуге болады. Егер қауіпсіздікті тек әскери-саяси құрылымдар тұрғысынан ғана емес, жалпы халықтың қауіпсіз өмір сүруі тұрғысынан түсінетін болсақ, онда аймақтың қауіпсіздігі экологиялық факторларға тікелей байланысты екендігі сөзсіз. «Каспий жағалауы мемлекеттерінің ынтымақтастығын ұзақ мерзімді әрі берік құқықтық негізге қойғанда ғана Каспий теңізінің ресурстарын тиімді пайдаланудың барлық толғақты мәселелерін ойдағыдай шешуге, болашаққа сеніммен қарауға, Каспийді және оның байлығын болашақ ұрпақтар үшін сақтап қалуға болады» [6]. Қорыта айтқанда, көмірсутегі қорының шектеулі екендігін ескере отырып, мұнай қорын игеруде дүние жүзінде қабылданған экологиялық талаптарды бұлжытпай сақтай отырып теңіз алабының экологиялық және биологиялық жүйесін өзгертпей әрекет ету теңіз маңындағы мемлекеттердің стратегиялық мүддесіне айналуы тиіс. Бұл жағдайды жақсарту үшін әлі де бірқатар бірлескен жобалар мен шешімдерді әзірлеп, көп күш жұмсау қажет.

1 Назарбаев Н.Ә. *Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 б.*

2 *Документы внешней политики СССР. – М., 1957. – 3 том. – С. 536-544.*

3 *Сборник договоров, соглашений и конвенций, заключенных СССР с зарубежными странами. 1-35 вып. – М., 1924-1981, 10-вып. – С. 56-77.*

4 Садыков Б.Г. *Проблемы экологии в Центральной Азии // Саясат. – 2002. – №7. – С. 27.*

5 Нурпеисова Г.А. *Водные ресурсы Центральной Азии // Мелиорация и водное хозяйство. – 2002. – №1. – С. 16-19.*

6 Мансұров Т.А. *Қазақстан және Ресей: егемендену, кірігу, стратегиялық әріптестік тәжірибесі. – Алматы: Қазақстан, 1999. – 344 б. – 217 б.*

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

NATIONAL IDENTITY: THE EXAMPLE OF KAZAKHSTAN

Azimbay Gali – Doctor of historical sciences, professor KazNPU named by Abai (Almaty)

Мақалада автор марксистік емес көзқарастағы ұлт туралы қарастырады. Жаңадан берілген ұғымдардың ішінде heritage-наследие-мұрагерлік. Ұлттық тіл мен қатар, төл дін дүниежүзілік сипатта болса да дәстүрлі дін сипатында болады. Ұлтты және мемлекетті династия жасайды. Автор «қалғыған ұлттар» туралы жазады. Күндердің күнінде «қалғыған ұлттар» оянып басқаларды оятады. Ұлт саясаты интеграциялық сипатта болуы керек, яғни сегрегация емес ассимиляцияға әкелмек.

В статье автор делает попытку немарксистского определения нации как составляющих следующих характеристик. Подобными характеристиками являются понятие наследие, в т.ч. материальное и нематериальное. Таким образом, родной язык, национальная религия. Мировые религии принимают свойства национальных религий. В числе черт преднаций наций автор называет династии-как консолидацию элит периода средневековья. Династии строят национальное государство и нацию. Автор дает типологию наций – называет разновидность «спящих наций», в числе которых называет этносы Индии. Считает, что они проснутся однажды и разбудят друг друга. Автор считает, что национальная политика должна иметь свойства интеграции и ассимиляции, а не сегрегации.

The national identity is quite well described Marxist legacy from the early Marx to Lenin, Stalin, to the late Brezhnev and Gorbachev. The concept of national identity is not only controversial, but largely based and not entirely answer the questions related to the definition of the nation as an identity. Our first point: the nation is always subjectivity. If it is too long object, it loses the properties of subjectivity and some stage loses its own subjectivity, not only fight for the right to this subjectivity, but is beginning to tire and even proud of self-realization in another subjectivity, we see such a part of the Russian Tatars and Russian Ukrainian, Mordva. Unwillingness to fulfill themselves in their own ethnicity or self-realization in another incarnation. Belarusian nation, at least in its present form as a nation and as an elite begins its subjectivity. There are nations "tired" of its ancient heroic stories that have become silent nations - the real subject of the story, but only nominal subjects of this regional geopolitics. These are the mighty Assyrians, Manchurs, Mongols, Uyghur and Kirghiz. Ability to mobilize the nation and relate to its elite. If the nation does not want to or can not or does not consider it necessary to mobilize for defending their interests, then, it is not a nation. This can be pre-or post-nation nation. What can be a priority, and mobilization. This priority can be territorial integrity. Kazakhs centuries fought with Dzungaria, Uzbek Khanate, Turkmenistan, China, for their territory and defended by its size in five areas of France. Such a task is the national liberation movement for national independence. It is believed that the Kazakhs have raised a total of about 300 revolts against colonial rule in Russia. Sometimes nations need to sustain and carry the colonial humiliation and even go to the service metropolis, to ensure success and avoid the destruction to come out of the situation stronger. Kazakhs as a nation did not listen to their pastors bourgeois nationalists "Alash Orda", agitate to rise in revolt in 1916, and went for the tribal leaders, elders, and had perished and were defeated by a very unfavorable conditions. The people did not have enough exposure to endure humiliation, and the degree of influence of the elite. But the Kazakhs have passed the severe 1990. Somewhere villagers switched to cereal bran. While aul (Kazakh nomadic village) bosses plagued cattle to their advantage. Even then, the Kazakhs have seen unfair privatization, unresolved issues with the implementation of a national language. Shock therapy, social and economic reforms did not cause all over Kazakh rebellion against the Kazakh government. This is the national a lot of patience - mobilization for the future, providing Sacred power, even if it's obvious they are rogue. Another example: the national resistance hopeless Indians USA. Any delay in the Indian conflict led to their destruction by means of very unequal strength. National heritage. The presence of what is called «heritage». This is not the only language. Distant legends of old, but also the origin and religion. This Kazakh traditional housing - and the Kazakh yurt(Dwelling) skyscraper in Astana. The fact that the English-language literature and called tangible and intangible heritage. I was surprised that the Anglo-Saxons and modern Germans mean by them not the same thing, specifically the origin of man and his particular family that Kazakhs would call family genealogical tree (shezhire). Thus, heritage quite correctly and more clearly than the common mentality, the language is closer definition of "culture."The territory and the language as a feature of the nation's very vague. How long do without the national territory Jews, very small area of Armenians, Assyrians are not selected in the autonomy. There sleeping nation. In India live Male Elam. They are about 100mln. They have their staff-state within India, their language spoken by about 100% of the people. They learn their language. They have their own heritage. But the subjectivity of their weak. This is the "sleeping nation." They wake up in a year and wake each other. And while

Дарий Сырдарияның арғыжағын мекендеген сақтарды толығымен бағындыра алмайды. Бехистун жазбасындағы сақтардың бір бөлігін бағындырғандығы туралы ғана мәлімет бар. Ал қалған ірі бөлігі әлі де болса дербес тіршілік етті. Сырдария өзені арқылы өткен жорығының сәтті болмағанынан, Дарий оларды тұтқиылдан шабуыл жасауды көздеуі мүмкін. Оның мәні Қара теңізінің солтүстік жағалауы арқылы Каспий теңізін айналып өтіп, сақтарды солтүстік батысы жағынан шабуылдауды ойлауы ықтимал. Ол үшін Қара теңіз жағалауындағы скифтерді бағындыру керек болды. Осы жорыққа Дарий б.з.д. IV ғасырдың алғашқы ширегінде, б.з.д. 513-512 жылдары аттанады.

Геродоттың жазбаларына қарағанда скифтер Дарийдің әскерінен шегініп, оны шөлейтті жерге әкетпекші болған [5,87]. Осылайша алыс аудандарға скифтерді қуып тастаған Дарий I жеткен жеріне аралары 60 шақырымдай сегіз құрылыс тұрғызады. Бұл скифтерді қамап ұстау үшін жасалған әрекет тәрізді. Яғни, осы арқылы негізгі күштермен оларды талқандамақ болған сияқты. Бірақ Дарий және оның кеңесшілері екі нәрсеге мән бермеген тәрізді. Біріншіден, парсылар скифтер сияқты жергілікті жерді дұрыс білмейді. Ал шексіз кеңістікте бір тайпаны қамап ұстау мүмкін емес еді. Екіншіден скифтер, көшпелі болды, бұл олардың жылдам қозғалатынын білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды парсылардың жоспары нәтижесіз еді.

Парсылар бекіністер салып жатқан тұста скифтер оларды айналып өтіп, өздерінің мекендеріне қайтып оралады. Мұнымен қоса олар парсылардың бүйіріне жайғасты. Скифтерді ашық далада қуудан әбден шаршаған Дарий I скифтер басшыларына хат жібереді. Онда былай деп жазылған еді: «Сендер ашық айқасқа шығындар, ал егер өздеріңді әлсізбін деп санасандар, маған сыйлық ретінде жер мен суларыңды беріндер» [6,128]. Сақ-скиф тайпаларының басшысы Дарийдің хатына мынадай жауап қайтарады: «біз не үшін соғысатынымызды өзіміз де білмейміз, өйткені бізде тұрғылықты қала мен қоныстар жоқ. Сонымен қатар біз жер өңдемейміз. Бірақ сақтарда ата-баба молалары бар, егер де парсылар сол молалардың тыныштығын бұзса, скифтер парсылармен рахаттана соғысады» [6,127].

Дарийдің хатынан кейін скиф патшалары оның көкіректігіне ыза болып, жауды толық талқандау керек деген шешім қабылдайды. Осылайша скифтер парсыларды өз елдерінің шексіз кеңістігіне амалдап кіргізіп, қиындықпен қинап өлтіргілері келеді. Скифтер шегінген сайын парсыларды алдау үшін біраз мал қалдырып кетіп отырды. Осы кезден-ақ стратегиялық билік скифтердің қолына көшкен тәрізді. Олар Дарийді қиын жағдайға душар етті. Өзінің қамсыздандыру қосындарынан алыстап кеткен парсы билеуші-

сі шынымен әлсіздене бастады. Осы кезде скиф патшалары құс, тышқан, бақа және бес жебе беріп, өз елшілерін Дарийге жібереді. Дарий мұндай сыйлықты скифтер маған бағынды деп жорамалдайды. Ал Дарийдің қолбасшысы Гобрий бұл сыйлықтар біздің өлімімізді білдіреді деп жориды. Шындығына келгенде, бұл сыйлықтардың мәні мынада еді: «сендер, парсылар, құс болып аспанға ұшып кетсеңдер де, тышқан болып жерге кірсеңдер де немесе бақа сияқты суға сүнгіп кетсеңдер де біздің бес жебемізден құтыла алмайсыңдар».

Парсыларға сыйлық бергеннен кейін скифтер негізгі шайқасқа дайындалады. Шайқас басталар тұста қызық жағдай болады. Скифтердің арасынан қоян жүгіріп өтеді. Скиф жауынгерлері болса, қару-жарақтарын тастап, қоянды қуалап ұстауға кірісіп кетеді. Мұны байқап тұрған Дарий скифтердің өзіне қандай көзқараста екенін байқайды. Скифтердің жасаған іс-әрекеттерінен олардың Дарийді қарсылас деп бағаламағандығын анық байқауға болады. Яғни, парсылармен соғысқанша, қоян аулағанымыз жақсы деп есептеу. Бұл Дарий үшін үлкен соққы болғандығы анық. Жалпы бұл жорықтан Дарий зорға дегенде аман қалады.

Сақ-парсы қатынастары тарихта өзіндік орны бар ерекше құбылыс болды. Олай дейтініміз, Вавилонды, Лидияны, Мидияны, Ассирия мен Орта Азияның отырықшы елдерін өз қол астына бағындырған айдаһар тәрізді алып күш Парсы империясын тоқтата білген бірден бір халық сақтар болды. Сақтардың бұл ерлігі оларға «жабайы көшпенділер» деп тағылған айдарынан әлде қайда биік тұрды. Әр нәрсенің екі қыры болады. Отырықшы елдер теңдесі жоқ дамыған мәдениет қалыптастырғанымен мақтанса, көшпенділер керемет ғимараттарымен, өркендеген қалаларымен, жазба әдебиетімен мақтана алмаса да одан артық құндылықтарға: бостандықты сақтай білу, еркіндікті сүйе білу, ешкімнің алдында бас имеу деген қасиеттерге ие болды. Осы қасиеттері арқасында сақ тайпалары, соғыстармен өткізген IV ғасырында, бірде бір өзге патшаның алдында тізелерін бүкпеді.

Б.з.б. VI ғасырдың аяғымен V ғасырдың басында ежелгі Шығыста грек-парсы соғыстарының басталуына байланысты ірі-ірі саяси оқиғалардың болғаны белгілі. Парсы әскерінің құрамына кірген сақтар Мысыр мен Грециядағы соғыстарға қатысады, Фермофоль маңындағы айқаста көзге түсіп, Палатая жанындағы шайқаста жаужүрек батырлықтың небір үлгісін көрсетеді.

Сақтар тарихының тағы бір беті Александр Македонскийдің жиһангерлік соғысына қарсы күреспен байланысты, ол Ахеменидтер мемлекетін талқандап, бағындырғаннан кейін Орта Азияны жаулап алуға кіріседі. Б.з. дейінгі 330-327 жылдары Александр Македонский Соғданың астанасы Мараканданы басып алып, Сырдарияға қарай беттейді, ол кезде бұл Сырдария отырықшылар мен көшпелілер арасындағы өзіндік бір шекара болып есептелінетін. Александр басып алып, оларға өзінің әскери гарнизондарын қойған қалалар Сырдарияның сол жағалауына ірге тепкен еді.

Александрдың бұйрығы бойынша Сырдария жағасынан Александрия Асхата (Шеткі Александрия) деген қала салынады. Бұл қала жаңа мемлекеттің солтүстік шығыс шебіндегі тірек-пункті ретінде саналады. Александр Македонский сақтарды соғыста тізе бүктіре алмады. Содан соң македондықтар Соғдианаға – сақтарға басып кіріп, бостандық сүйгіш тайпалармен екі жылға созылған соғыс жүргізді.

Соғыстың бірінші кезеңінде – б.з.д. 329 ж. Македон жауынгерлері Окс өзенінен өтті де, Мараканд (Самарқанд) қаласын басып алды. Бұдан кейін македондықтар Яксарт өзеніне жетіп, аса мықты қамал-қала – соңғы Александрия (Ходжент) қаласын салды. Алайда Соғдианада орнығу үшін тағы да екі жыл соғысуға тура келді.

Македон басқыншыларымен күресті Соғдиананың әскер басы Спитамен басқарды. Ол сақ тайпаларымен одақ құрды. Жергілікті халық көтеріліске шығып, Яксарт өзені аңғарындағы жеті қаладағы Македон гарнизондарын жойып жіберді. Спитамен басқарған жасақ Мараканд қаласындағы Македон гарнизонын қоршауға алды. Македон әскері қиын жағдайда қалды. Олар, дегенмен, жанталаса отырып, көтеріліске шыққан жеті қаланы да қайта қайтарып алды, бірақ Спитамен әскеріне қарсы тұруға мүмкіндігі болмады. Себебі Яксарт өзенінің оң жағында тұрған сақтардың үлкен өзені арқылы Македон армиясын атқылады. Сақтар Александрға сөз салды: «Сен, Александр, сақтармен соғысамын деп өрескелдікке барма, егер сенің оларға шабуыл жасауға батылың барған болса, олардың азияттық тағылардан (варварлардан) өзгеше екенін байқаған болар едің».

Македондықтар өзен арқылы тас ататын машиналарын құрып, сақтарды атқылай бастады. Атқылау кезінде садақшылар мен мергендер (сақпаншылар) өзеннен өтіп, сақтардың алдыңғы отрядтарын кейін шегіндірді және фаланг (ұзын найзалы әскерлер) пен атты әскердің өзеннен өтуіне жағдай жасады. Сөйтіп, шайқас Яксарт өзенінің оң жағына ауысты.

Шайқастың бірінші кезеңін македондықтардың алдыңғы отряды бастады. Сақтарға қарсы одақтас атты әскер отряды жіберілді. Сақтар бұл шабуылды тойтарып, оларды қоршап алып, жебемен атқылады. Атты

әскерге көмекке жеңіл қаруланған жаяу әскер жіберілді. Енді сақтар шегінді, алайда жауды көзден таса қылған жоқ.

Екінші кезең – негізгі күштің ұрысы және сақтардың шегінуі.

Алдыңғы жасаққа көмекке үш шағын топпен атты мергендер жіберілді. Алайда сақтар македондықтар шабуылын тойтарып тастады. Сонда Александр өзінің атты әскерінің бәрін де соғысқа кірістірді де, сақтарды шегіндіріп, соңынан түсті. Сақтарды аптап ыстық, шөл және Александрды ауыртқан лай су құтқарды. Шындығында, Кирдің түбіне жеткен қайғылы оқиғаны еске салған Александр сақтардың жеріне тереңдеп еруге бата алмады. Македон армиясына қарсы сақтардың әскери қимылы өз әскерін жеке-жеке талқандалудан сақтай отырып, дұшпанға қарсы күшті бірте-бірте топтастырып, күшейтуімен сипатталады. Шайқасып жатқан отрядтар бір-бірімен тығыз байланыста болды және өзара тактикалық қимыл берлестігін сақтады. Сақтардың артынан түсуді тоқтату, Арриан айтқандай, сақтарды талқандалудан сақтаған жоқ, керісінше, сақтардың македондықтарды өз жеріне тереңдете енгізіп алып, талқандауынан сақтап қалды.

Осыдан кейін Македон басқыншылары негізгі күштерін Мараканда тұрған Спитамен басқарған жауынгерлерге қарсы жұмсады. Бірақ Спитамен жағдайды дұрыс сарапқа салды да, шайқасқа түспей, Мараканды тастап, тез шегініп, сақ әскерлеріне барып қосылды. Оның соңынан күшті Македон отряды қуғындады. Сақтармен бірігіп алған Спитамен әскері македондықтарға шабуыл жасай бастады, бірақ үлкен шайқасқа түскен жоқ. Бұл македондықтарды кейін шегінуге мәжбүр етті. Жай садақшыларының қаупін сейілтудің үшін Македон отряды Политамет (Зеравшан) бойындағы орманға тоқтады да, сол жерде шайқасқа түсті.

Политамет өзені бойындағы шайқастың бірінші кезеңі – Спитамен жасағының македондықтардың өзеннен өтуіне бөгет жасауы. Македондықтардың атты әскерінің бір командирі қолбасшыларының рұқсатынсыз өзеннен өте бастады. Оның соңынан жаяу әскер бей-берекет қозғалды. Спитамен садақшылары мен сақ мергендері өзеннен өтпекші болғандарды жебенің астына алды. Мұнымен қоса сақ атты әскерлері өзенге түсіп, өзендегі бір аралға шыққысы келген жау әскеріне шабуыл жасады.

Соғыстың екінші кезеңі – Аралдағы македондықтарды қоршау және құртып жіберу. Спитамен мен сақ жасақтары македондықтарды, негізінен, жебенің астына алды. Македондықтардың бір бөлігі сақ тосқауылына тап болды және барлық Македон әскер басшылары оққа ұшты. Қырық шақты атты әскер мен 300-дей жаяу әскер ғана қашып құтылды [7,80].

Сөйтіп, Спитамен мен сақтардың атты әскері өздерінің соңына түскен аса қуатты Македон жасағын шешуші шайқасқа түспей-ақ, алдап шегіну арқылы тосқауылға түсіріп, соңынан құртып жіберді. Македондықтардың тағы бір үлкен күші үш күнде екі жүз сексен шақырым жол жүріп, көмекке жеткенмен, бәрібір кешігіп қалды. Өздерінің шығынға ұшыраған жауынгерлерін жерлегеннен кейін Александр Спитамен мен сақтардың соңына түсті, бірақ тағы да сақ даласына ішкерілей еруге бата алмады да, Бактрияға келіп, осы жерде қыстап шықты. Осында оған жаңа күштер келіп қосылды. Сөйтіп, б.з.д. 329 жылғы жазғы шайқастағы шығынның орны толтырылды. Македон армиясы қыс бойы жаңа шайқастарға дайындалды. Мұнымен қоса Бактрия мен Соғдианадағы халық көтерілістерімен шайқасты жалғастырды. Бұл мезгілде жергілікті көтерілісшілердің шайқас тәсілдері өзгеріп, олар қолға түспейтін жерлерге тығылып қалды. Бірақ македондықтар негізгі жерлерге қамалдар салып, онда үлкен гарнизондар ұстады.

Біздің еліміз аумағында тұрған жауынгер, бостандық сүйгіш халықтармен соғысу македондықтарға парсылармен соғысудан гөрі анағұрлым көп күш жұмсауды талап етті. Бірақ солай бола тұра, Македон армиясы Бактрия мен Соғдианадағы негізгі сауда жолдарына орнығып қалды. Олардың бұл жеңіске қол жеткізуіне себепші болған жергілікті ақсүйектердің сатқындығы және Спитамен армиясына одақтас болған тайпалардың көмегінің әлсіздігі еді. Македондықтар жеңіске жеткенмен, аса зор шығынға ұшырады. Александрдың өзі де бірнеше рет жараланды.

Сақтар кейіннен Александр Македонский армиясында қызмет етті. Сақтардың замандастары олардың әскери өнерін жоғары бағалады. Мысалы, Александр Македонский жағында сақтардың атты әскері болған. Аррианның «Анабазис Александра» кітабынан мәлім болғанындай, Александрдың бойшаң жауынгерлерінің өзі сақ жауынгерлерінің иығына әрең жетеді. Сақтар империяның ең шалғай өңірлерінде де қызмет етеді. Олар тіпті Египетте, Мемфисте болды. Бұл жерлерден сақ атты әскерлерінің қобдишалары табылған. Ал Кархемыштың маңында парсы гарнизонынан шыққан сақ жауынгерлерінің қабірлері табылып отыр. Сақтар сонымен қатар марафон әскерлерінің бетке ұстары болған. Олардың ерлігі аңызға айналған. Ал Платей соғысында ер жүректік көрсеткен сақтың атты әскері болды. Сақтар македондықтармен де парсылардағы сияқты қарым-қатынас орнатады. Бұл байланыстың мазмұны оларға бағынышты болу емес, тек әскери одақ жасасу. Азияны түгелдей жаулауға ұмтылып келе жатқан Ескендір

Зұлқарнайынның күшін Қазақстан жеріне кіргізбей бөгет болған сақтар, бұл жорықтың бағытын қарама-қарсы Үндістанға бағыттауына себепкер болады. Александрдың өз басы осы жортуылда жараланғанға ұқсайды. Александр Македонскийдің Яксарт \Сырдария\ сыртындағы сақтар тайпаларын қырып, бағындырғысы келген ұмтылыс-талабы сәтсіз аяқталады.

Мысалы, Гавгамелы маңындағы шайқасқа сақтардың жеңіл атты әскері қатысқан Грек-парсы соғыстары (б.з.б. 500-449 жылдары) парсылардың жеңілуімен аяқталды. Александр Македонскийдің әскерлеріне қарсы күресте сол кезде Қазақстанның оңтүстік аудандарын мекендеушілер, оның ішінде массагеттер белсене қатысты. Александр Македонский әскерлерімен Сырдариядан өтпек болған кезінде сақ жебесі тиіп, жараланды. Александр Македонский өлгеннен кейін оның ұлан-байтақ империясы тығыз экономикалық және саяси байланыстары жоқ тайпалар мен халықтардан біріктірілгендіктен дағдарысқа ұшырап ыдырады.

Міне осындай елі үшін күресіп, жерін көзінің қарашығындай сақтап, қорғаудың өшпес үлгісін көрсетіп кеткен сонау ежелгі кезеңде өмір сүрген сақтардың ерлігі – бүгінгі жастар қауымы мен келер ұрпақтың интеллектуалды ұлт қалыптастыруда жігерін жанып, намысын оятып, болашақта жасалатын баянды істерге үлгі болары ақиқат.

1 Геродот. *История в 9-ти книгах.* – Л., 1972. – 123 с.

2 Салгарин Қ. *Сақтар әлеміне саяхат немесе тарихқа жаңа көзқарас.* / Егемен Қазақстан. 1998, 13 қаңтар – 1 б.

3 Полиен. *Военные хитрости.* // *Древние авторы о Средней Азии.* – Ташкент, 1940. – 67 с.

4 Ставиский Б.Я. *Средняя Азия и Иран.* // *История Иранского государства и культуры.* – М., 1971.

5 Гаибов В.А. Кошеленко Г.А. *Кочевники Средней Азии в эпоху Александра Македонского.* // *ВДИ, 2005, №1.* – 3 с.

6 Арриан. *Анабасис Александра.* // *Древние авторы о Средней Азии.* – Ташкент, 1940. – 89 с.

7 Вайнберг в.И. Ставиский Б.Я. *История и культура Средней Азии в древности.* – М., 1992. – 120 с.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

ХІІІ-ХІV ҒҒ. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҮШІН ХҰЛАҒУЛЫҚ ДЕРЕКТЕР МӘЛІМЕТТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Б.Б. Кәрібаев – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, т.ғ.д.

В статье рассматриваются актуальность исследования средневековых письменных памятников. Всесторонние исследования исторических памятников было научно обосновано классификацией, систематизации, совершенствие памятников.

In article the urgency of research of medieval written monuments is considered. On the basis of it the scientific substantiation of classifications, ordering, perfection monuments.

Ортағасырлық Қазақстан тарихының мәселелерін зерттеуде жазба деректердің, оның ішінде мұсылман деректерінің алатын орны ерекше. Бұл дерек мәліметтерінің ортағасырлық Қазақстан тарихы үшін маңызы қандай дәрежеде болса, олардағы кездесетін мәліметтерді деректанулық тұрғыда талдаудың маңызы дәл сондай дәрежеде деуге болады. Соған байланысты ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты жазба деректерді шығыстанушылар әртүрлі принциптерге сай топтастыруды ұсынады. Қазіргі кезеңде мұсылмандық деректерді сыныптауда бірнеше пікірлер бар.

Б.А. Ахмедов жазба деректерді құжатты (документті) деректер және нарративті деректер деп топтастыруды ұсынса [1, 4-б.], В.П. Юдин парсы және түрік тілдеріндегі жазба деректерді белгілі бір территорияда билік құрған әулеттің тарихымен байланыстырып, оларды темірлік, шағатайлық, сефевилік деректер тобы деп сыныптауды ұсынады [2, 22-б.].

Ал еліміздің белгілі шығыстанушы ғалымы Ж.М. Төлебаева бұл мәселеге арнайы көңіл бөліп, ХІІІ-ХІХ ғасырлардағы мұсылман деректерінің бір бөлігін құрайтын парсы тіліндегі қазақ тарихына қатысты жазба деректерді территориялық-уақыттық, типтік және тематикалық белгілер бойынша сыныптау өте тиімді деп есептейді де, алғашқы белгіге сүйеніп парсы тіліндегі жазба деректерді – хұлағулық, делилік, селжұқтық, жалайырлық, темірлік, шайбанилық, бабырлық, сефевилік, аштарханилық, бұхарлық, қоқандық деректер тобы деп топтастырады [3, 10-б.]. Одан әрі ол әрбір топтағы деректерді типтік белгілеріне қарай нарративті және құжатты шығармаларға жатқызып, жиі кездесетін нарративті шығармалардың өзін түріне қарай – анналдар (әр жылда болған маңызды оқиғалардың қысқаша жазбасы); тарихи оқиғалар; мемуарлар; өмірбаяндар; тарихи-әдеби шығармалар; тәлім-тәрбиелік мазмұндағы трактаттар деп жіктейді [3, 10-18-б.]. Осыған орай, біз төменде парсы тіліндегі хұлағулық деректер тобына жататын кейбір жазба дерек мәліметтерінің ХІІІ-ХV ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты мәліметтеріне талдау жасап, олардың маңызын көрсетпекпіз.

ХІІІ ғасырдың 50-ші жылдарының екінші жартысында Шыңғысханның немересі, Төленің ұлдарының бірі Хұлағу (1216-1265) Ұлы қаған Мөңкениң тапсырмасымен Бағдад қаласын алып, Араб Халифатын құлатады да, өз билігін орнатады. Сөйтіп, 1258-1344 жылдары Иран, Ирак, оңтүстік Азербайжан аумақтарында Хұлағу негізін қалаған мемлекет – тарихта Илхандар әулетінің немесе Хұлағу әулетінің мемлекеті деген атаумен қалды [4, 181-183 бб.; 5, 200-202 бб.]. Бұрыннан-ақ жазба дәстүрі кең тараған бұл аумақта тарих жазу ісі жаңа әулеттің билігі тұсында да жалғасын табады. В.П. Юдин, Ж.М. Төлебаева ұсынып отырған белгілер бойынша бұл әулеттің билігі тұсында жазылған тарихи шығармалар шартты түрде хұлағулық деректер деп аталады. Бұл әулеттің билігі тұсында небір атақты тарихшылар еңбектер жазып, есімдерін әлемдік тарихнамада алтын әріптермен қалдырды деуге болады. Олардың ішінде Жувейни, Рашид ад-дин, Вассаф, Хамдаллах Казвини секілді ортағасырлық ірі тарихшылар алдыңғы қатардан орын алады. Олардың еңбектерінде ХІІІ-ХV ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты құнды мәліметтер кездеседі. Енді осы авторлардың шығармаларындағы тарихи мәліметтерге сипаттамалар беріп, талдаулар жасап көрелік.

А) Ала ад-дин Ата Малик ибн Баха ад-дин Мухаммед әл-Жувейни 1226-1283 жылдар аралығында өмір сүрген. Әлемдік тарихта ол жай ғана Жувейни есімімен белгілі болып қалды. Ол атақты «Тарих-и Жахангуша» («Әлемді жаулаушының тарихы») атты көлемді еңбектің авторы және Хұлағу мемлекетінде жоғары лауазымдағы қызметтерді атқарған. Жувейни 1259-1280 жылдарда Бағдад, Ирак, Хузистан аймақтарын басқарып, 1265 жылы Хұлағудың жорығына қатысады. «Тарих-и Жахангуша» шығармасын ол 1252-53 жылы бастап, 1260 жылы аяқтаған [6, 205 - б.; 7, 166-167 - бб.].

Жувейнидің еңбегінде ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер өте көп кездеседі. Шартты түрде ол мәліметтерді былайша жіктеуге болады:

1) монғолдардың Дешті Қыпшақты жаулап алуы туралы;

2) Алтын Орданың алғашқы хандары және олардың ислам, христиан діндеріне қатысты ұстанған көзқарастары мен жүргізген саясаты туралы;

3) монғолдарға қарсы қыпшақ басшыларының күресі туралы және т.б.[6, 20-24-бб.].

Монғолдардың Дешті Қыпшақты жаулап алуы туралы Жувейни мәліметтерінің құндылығын талай тарихшылар кезінде атап өткендіктен, біз оған бұл жерде тоқталып жатпаймыз. Ал Жувейнидің Алтын Орданың алғашқы хандары және олардың ислам, христиан діндеріне қатысты ұстанған көзқарастары мен жүргізген саясаты туралы мәліметтерінің маңызы өте зор.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін автор шығармасынан бір-екі мәліметке талдау жасалық.

Батыйдың дінге қатысы жөнінде Жувейни былай деп жазады: «...Ол (Батый – Б.К.) ешқандай дін мен сектаны ұстанбады, оларды ол құдайға табынудың жолы деп есептеді», – деп жазады Жувейни [6, 21-б.]. Ал Батыйдың ұлы Сартақ туралы: «Сартақ христиан дінін ұстанды», – деп нақты баяндап айтады [6, 22-б.]. Басқа авторларда мұндай дерек мәліметтерінің кездеспейтіндігін ескере келе, Алтын Орданың алғашқы хандарының діни ұстанымы туралы бұл мәліметтің құнына баға жетпейді деген пікір білдіреміз. Сондай-ақ «Тарих-и Жахангуша» авторы монғол жаулаушылығы қарсаңында Қазақстан аумағындағы саяси жағдайларды да баяндап береді. Бұл жөнінде академик В.В. Бартольд еңбегінде жақсы айтылады. [8, 238-б.]. Жалпы, Жувейнидің мәліметтері XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Дешті Қыпшақта болған тарихи жағдайларды терең түсінуге мүмкіндіктер береді. Ал өз кезегінде Жувейнидің мәліметтерін кейінгі тарихшылар өз еңбектерінде қолданған. Сол себепті де Жувейни мәліметтері XIII ғасырдағы Қазақстан тарихы үшін ең негізгі дерек көздерінің біріне жатады.

ә) Хұлагулық деректердің тобына жататын келесі туынды – Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағы» («Джамих ат-таварих») атты еңбегі. Рашид ад-дин Фазл-аллах ибн Абул Хайр Али Хамадани – 1247-1318 жылдар аралығында өмір сүрген ортағасырдағы көрнекті парсы тарихшысы, ірі мемлекет қайраткері, Иранда Газан хан мен Олджейту хандардың тұсында уәзір қызметін атқарған тұлға. Сонымен бірге ғалым, дәрігер, сунниттік бағыттағы дінтанушы ретінде де танымал болған. Рашид ад-диннің өмірі мен еңбегі туралы зерттеулер өте жеткілікті. [9, 27-29-бб.; 7, 167-169-бб.; 201 бб.].

«Жылнамалар жинағы» 1300-1301 жылы Газан ханның тапсырмасымен жазыла бастап, толығымен 1310-1311 жылы аяқталады. Еңбек ежелгі замандардан 1300/1301 жылға дейінгі оқиғаларды, ал Хұлагу әулетінің тарихын 1310/1311 жылға дейін баяндайтын жалпы сипаттағы тарих болып саналады. Шығарма үш томнан тұрады. Қазіргі кезде шығарманың алғашқы екі томы ғылымға белгілі, олар XIX ғасырдан бері ғылыми айналымға енгізілген. Рашид ад-диннің еңбегіндегі тарихи мәліметтердің құндылығын зерттеушілердің бәрі бір ауыздан мойындайды. И.П. Петрушевскийдің пікірі бойынша XIII-XIV ғғ. монғолдар тарихы үшін «Алтын дәптер» мен «Монғолдың құпия шежіресінің» мәліметтеріне қарағанда «Жылнамалар жинағының» мәліметтері өте құндырақ болып келеді [10, 30-б.]. Төменде біз де осы шығарманың өзіміз қарастырып отырған мәселелері бойынша деректеріне назар аударалық.

1) «Жылнамалар жинағының» бірінші томының бірінші кітабы түрік тілдес тайпалар тарихына арналған. Онда автор түріктердің территориясы, рулар атаулары мен бөлімдері, Оғыз тайпалары, өз билеушілері мен мемлекеті болған түрік тайпалары, монғол атанған түрік тайпалары туралы баяндайды. Бұл құнды деректер бізге XIII ғасырға дейінгі және одан кейінгі кезеңдерде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында жүрген этностар мен этникалық топтар туралы, этносаяси үдерістер туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер береді. Рашид ад-диннің түрік тайпалары туралы осындай жан-жақты баяндалған материалдары басқа деректерде кездеспейтіндіктен, біз оларды өте жоғары бағалаймыз.

2) Монғолдардың Шыңғысханның бастауымен Жетісу, Шығыс Дешті Қыпшақ, Оңтүстік Қазақстан аумақтарын жаулап алуы, соған байланысты болған әртүрлі оқиғалар XIII ғасыр басындағы этно-саяси тарих мәселелерін терең зерттеуге мүмкіндіктер береді.

3) Жошы хан және оның XIII ғасыр соңына дейінгі ұрпақтары, әсіресе Орда Еженнің ұрпақтары туралы баяндаулардағы мәліметтерден, біз Орда Ежен Ұлысында XIII-XIV ғасырларда қандай тайпалардың өмір сүргендігін білеміз. Рашид ад-дин Орда Ежен ұрпақтарын баяндай отыра олардың әрқайсысының аналарын мен әйелдерінің есімдерін және ең бастысы олардың қай тайпадан шыққандығын жазады. Соған сүйене отыра біз, Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат, Алшын, Керей, Жалайыр және тағы басқа тайпалардың Ордаежен Ұлысында өмір сүргенін, кейіннен ол тайпалардың XV ғасырдың ортасында Орда Ежен ұрпақтары – Керей мен Жәнібек хандарға қолдау көрсетіп, қазақ халқы мен Қазақ хандығына этникалық негіз болғанын көреміз.

4) Рашид ад-дин Шибан Ұлысындағы ру-тайпалар туралы да құнды мәліметтер береді. Рашид ад-дин мен кейінгі авторлардың еңбектеріндегі тайпалар туралы мәліметтерді салыстыра отыра, біз XV ғасырдағы «көшпелі өзбек» тайпаларының шығу-тегін анықтай аламыз.

5) «Жылнамалар жинағында» алғаш рет XIV ғасыр басына дейінгі Орда Ежен Ұлысының қысқаша болса да тарихы баяндалады. Біз оның материалдары арқылы Шығыс Дешті Қыпшақтың XIV ғасырға дейінгі этносаяси тарихын кең түрде зерттеуге мүмкіндіктер аламыз.

«Жылнамалар жинағында» Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген көптеген тарихи тұлғалардың есімдері кездеседі. Есімдерге талдау жасай отыра, XIII-XIV ғасырлардағы Дешті Қыпшақ аумағындағы моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтануы үдерісі туралы, ислам дінінің моңғолдың билеуші әулеті арасына таралуы туралы тұжырымдар жасауға болады. Қысқаша болса да соған тоқтала кетелік.

Жошы ұрпақтарының, оның ішінде Орда Ежен ұрпақтарының да тарқатылуын таратқан Рашид ад-дин олардың шежіресін XIII ғасырдың соңына дейін жеткізеді. Сол тарқатылымдағы есімдерге қарап, ислам дінінің билеуші әулеттің арасында қалай таралғанын байқауға болады. Жошы ұрпақтарының шежіресін Рашид ад-дин бес буынға дейін олардың есімдерімен көрсетеді [11, 66-78-б.]. Бірінші буынға – Жошының ұлдары жатады. Олардың есімдері – Орда, Бату (Батый), Берке, Беркечар, Шейбан, Тангут, Буал, Чилакун, Шингкур, Чимпай, Мұхаммед, Удур, Тука-Тимур, Шингкум. Жошының өзі 1179 жылы Шыңғыс ханның 18 жасында дүниеге келгенін, ал қалған ұлдар – Шағатай әкесінің 22 жасында, Үгедей – 25, Төлей – 32 жасында туылғанын ескеріп, орта есеппен әкесі мен ұлдарының арасын – 24 жыл деп есептейміз [12, 387-388-б.].

Жоғарыда келтірілген Жошының ұлдары шамамен, 1200-1220 жылдары яғни, Дешті Қыпшақты жаулап алғанға дейін туылған. Біз оларды бірінші буынға жатқызамыз. Жошының 14 ұлының біреуі – Мұхаммедтің ғана есімі ислам дінімен байланысты.

Екінші буын өкілдері: Орда Еженнің ұлдары – Сартақтай, Құли, Құрмиши, Күнқыран, Чурмакай, Кутуку, Хулағулар – шамамен 1220-1230 жылдары туылғандар. Есімдердің бәрі – түріктік және моңғолдық есімдерге жатады.

Үшінші буынға жататындар Орда Еженнің немерелері – шамамен 1240-50 жылдары туылғандар. Олардың есімдері – Куинджи, Тумақан, Туман, Мынқан, Аячи, Мұсылман, Темір Бұқа, Үшбұқа, Бесқұртұқа, Бұқатемір, Дерк. Батыйдың ұрпақтары арасында Барақ, Ахмед, Сабыр деген есімдер кездеседі. Біз бұлардан исламға қатысты бірнеше есімді көріп отырмыз.

Төртінші буын өкілдерін 1260-70 жылдары туылғандар деп, ал олардың арасынан – Мубарак, Хәлил, Ходжа, Ильяс, ал одан кейінгі буын өкілдерінен – Данишменд, Хасан, Мәлік, Туевкет (Тәуекел), Бахтияр, Адил, Қарақожа, Абай сынды есімдерді кездестіреміз [12, 66-78-б.].

Үшінші, төртінші буын өкілдері XIII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келгендіктен, ислам дінінің Шыңғыс ұрпақтары арасында таралуы байланысты Жошы ұлысындағы билеуші әулеттің өкілдері өз ұрпақтарына өздерінің бұрынғы, дәстүрлі есімдермен қатар, араб, парсы тілдеріндегі есімдерді, жалпы мұсылманша есімдерді көптеп қоя бастайды. Мұның өзі ислам дінінің, мұсылмандық дәстүрдің, араб, парсы тілдеріндегі сөздердің билеуші әулет арасына тереңдеп еніп кеткендігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Рашид ад-дин еңбегіндегі мәліметтердің XIII-XIV ғасырлардағы тарихын зерттеуде тигізер көмегі орасан зор демекпіз.

б) Хұлағулық деректер тобына жататын келесі бір дерекке «Вассафтың тарихы» жатады. Шығарма авторы – Шихаб ад-дин Абдаллах ибн Фазлалах, Вассаф деген лақап есіммен белгілі болған (1264/65-1329/30). Вассафтың тарихи шығармасы 1327 жылы аяқталған [6, 80-б.]. Еңбек Ирандағы илхандар тарихына арналса да, онда біздің қарастырып отырған мәселемізге қатысты мәліметтер кездеседі. Олар мыналар:

1) Шыңғысханның төрт ұлының ұлыстары, олардың аумақтары туралы;

2) Алтын Орда хандары мен Илхандар арасындағы соғыстардың барысы мен себептері туралы;

3) Орда Ежен (Вассаф оны Хорда деп жазады – К.Б.) мен Батый хандар туралы мәліметтер [6, 80-89-бб.]. Вассаф өзіне қажетті деректерді Жувейни мен Рашид ад-диннен алады, ал оның кейбір мәліметтері аталған авторларда кездеспейді, сол себепті де олар біз үшін өте құнды деректер қатарына жатады.

в) Хамдаллах Казвинидің (1281/82 жылы туылған) "Тарих-и гузиде" («Тандамалы тарих») атты еңбегі де хұлағулық әулеттің билігі тұсында жазылған, сол себепті де ол осы деректер тобына жатады. Автордың толық аты-жөні – Хамдаллах Абу Бәкір ибн Ахмад Наср Мустафи Казвини – Хұлағулық әулет мемлекетінің финанс-салық жүйесінде ірі шенеуніктік қызмет атқарады. Ол алғашында Рашид ад-диннің қамқорлығында болады да, өзінің «Тандамалы тарихын» Рашид ад-диннің ұлына арнайды. Казвини 1349-50 жылы қайтыс болған. Казвинидің тарихи еңбегі 1330 жылы аяқталып, ондағы оқиғалар 1329 жылға

дейін баяндалады. «Таңдамалы тарихтың» кейбір қолжазбалық нұсқалары одан әрі жалғастырылған: а) Хамдаллах Казвинидің өзі 1344 жылғы оқиғаларға дейін баяндаған; ә) оның ұлы Зейн ад-дин Казвини 1392 жылға дейінгі Иран тарихын жазып қосқан [6, 90 - б.; 7, 171-172-бб.].

Біз Хамдаллах Казвинидің тарихи еңбегінен өзімізге қажет мынадай сипаттағы мәліметтерді кездестіреміз:

1) XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда хандары және олардың дінге көзқарастары, әсіресе Сартақтың христиан, ал Өзбек ханның исламды қолдағаны жақсы баяндалады;

2) Алтын Орда мен Ирандағы илхандардың күрестерінің себептері;

3) Алғаш рет Алтын Орда әскерін автор өзбектер (узбекиан) деп, ал мемлекетін – Өзбек мемлекеті (Мамлякат-и узбеки) деп атайды [6, 90-б.; 7, 171-172-бб.].

Егерде осы еңбектегі алғашқы мәліметтер тобы Казвини еңбегіне дейінгі авторларда жиі кездесе, «Таңдамалы тарихта» этносаяси мәндегі «өзбек» атауының кездесуі үлкен жаңалық болып саналады. Бұл атаудың этникалық мән ретінде жазба дерек мәліметінде алғаш рет XIV ғасырдың бірінші жартысында кездесуіне байланысты құнды тұжырымдар жасауға жол ашамыз. Ең бастысы, бұл дерек мәліметі Алтын Ордадағы қыпшақтану үдерісінің өз мәресіне жетіп, жаңа бір этноқауымдастықтың қалыптасқандығын көрсетеді. Этнонимдер мен этноүдерістер мәселесімен айналысатын тарихшыларға осы мәліметке терең зер сала қарауды ұсынамыз.

Осылайша, хұлағулық деректер тобындағы мәліметтерге қысқаша тоқтала келе, біз олардың XIII-XIV ғасырлардағы Қазақстан тарихы үшін өте маңызды екеніне көз жеткіздік дейміз. Сондай-ақ бұл деректердегі мәліметтер Қазақ хандығы құрылуының саяси, рухани, этникалық алғышарттарын зерттеуде аса құнды деректер қатарына жатады деп санаймыз.

1 Ахмедов Б.А. *Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. (Письменные памятники)*. – Ташкент, 1985. – 264 с.

2 Юдин В.П. *Центральная Азия в XV-XVIII веках глазами востоковеда*. – Алматы, 2001. – 382.

3 Тулибаева Ж.М. *Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв.* - Астана, 2006 - 256 с.

4 Стэнли Лень-Пуль. *Мусульманские династии*. – СПб., 1889.

5 Босфорт К.Э. *Мусульманские династии*. – М., 1971.

6 *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды*. - Т.II. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941. – 308 с.

7 Пигулевская Н.В., Якубовский А.Ю., Петрушевский И.П., Строева Л.В., Беленицкий А.М. *История Ирана с древнейших времен до конца XVIII века*. – Л., 1958.

8 Бартольд В.В. *Туркестан в эпоху монгольского нашествия* // Соч. – Т.I. – М., 1963. – 597 с.

9 Из «Сборника летописей» Рашид ад-дина // СМИЗО. – Т.II. – С. 27-79.

10. Петрушевский И.П. *Рашид ад-дин и его исторический труд* // Рашид ад-дин. Сборник летописей. – М.-Л., 1952. – Т.I. Кн.1. – 222 с.

11. *Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского*. – М.-Л., 1960. – Т.2. – 248 с.

12. Сайишиял. *Сказание о Чингизхане / Перевод со старомонгольского Норпола Очирова*. – Улан-Удэ, 2006.

ЕУРОПА МҰРАҒАТТАРЫНДАҒЫ МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАР МЕН ДЕРЕКТЕР

Г.К. Көкебаева – *эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, т.ғ.д.*

В статье рассматриваются возможности использования материалов архивов Германии и Польши в изучении истории деятельности организации «Прометей» и одного из ее лидеров М. Шокая. Дано тематическое описание материалов архивов Германии и Польши.

The article considers the possibility of using the materials of German and Polish archives in studying the activities of organization "Prometheus" and one of its leaders M.Shokai. The thematic description of German and Polish archives is given.

Германия және Польша мұрағаттарындағы Мұстафа Шоқай туралы деректер 2003-2011 жылдары зерттелді. Шоқайдың Еуропадағы саяси қызметіне қатысты құжаттардың басым бөлігі Польша Республикасының Жаңа актілер мұрағатында және Қорғаныс министрлігінің Болеслав Валигори атындағы Әскери мұрағатында сақталған. Жаңа актілер мұрағатында 109 қордың 9 ісінен Прометей» ұйымына, соның ішінде Мұстафа Шоқайға қатысты құжаттар табылды. Бұл құжаттар Мұстафа Шоқайдың Еуропадағы саяси қызметін, «Прометей» ұйымының басшылары қатарындағы іс-әрекетін сипаттайды. «Прометей»

ұйымы 1928 жылы құрылған, оны үнемі Польша үкіметі қаржыландырып отырған. Ұлт азаттығы жолында ғасырлар бойы талмай күресіп, бірінші дүниежүзілік соғыстың соңғы жылында ғана тәуелсіздігін алған Польшаның саяси қайраткерлерінің кеше ғана өздерін отарлық бұғауда ұстаған Украина, Түркістан, Кавказ, Еділ бойы халықтарының Ресейге қарсы азаттық күресіне жаны ашуы және мүмкіндігінше көмек беруге тырысуы, әрине, заңды құбылыс. «Прометей» лигасының мақсаты большевиктер билігіне қарсы күрес жүргізіп, жеңіліске ұшырағаннан кейін Еуропа елдеріне келген саяси эмигранттардың іс-әрекетін бірлесе жүргізуіне жағдай жасау болды. «Прометей» саяси клуб тәрізді құрылды, оған жеке адамдар емес, ұлттық ұйымдар мүше болды. Польша мұрағатының құжаттары ұйымның басшылары қатарына түркістандықтар атынан Шоқай кіргенін көрсетеді. Ұйымның Ұлттар Лигасына жазған хаттарында, барлық меморандумдарында «Прометейге» кірген ұйымдардың басшылары көрсетілген, онда Түркістанның атынан Мұстафа Шоқай қол қойған [1].

Мұстафа Шоқайдың өз әріптестерімен қарым-қатынасында жеке бас араздығынан жоғары тұрғандығын, оның кейбір көрінекті эмигранттармен келіспеушілігі идеялық айырмашылық пен саяси күрестің тактикасы мәселесіне қатысты болғандығын оның хаттарынан да көруге болады. Шоқай эмиграциядағы түркістандық, кавказдық, украиндық саяси күштердің бірлігі қажет екендігін, ал өзара әртүрлі түсініспеушіліктер ортақ мақсатқа кесірін тигізбеуге тиістілігін үнемі ескертіп отырған. Мәселен 1930 жылы Заки Уәлидидің (Валидовтың) өз әріптестерімен қақтығысы кезінде ол Уәлидидің саяси көзқарастарын сынай отыра, оның ғылыми жұмыстарын жоғары бағалады. Польша үкіметі мен эмигранттар арасындағы байланыстарды іске асыратын қызметкер Шоқайдан Уәлиди мен басқа түркі эмигранттары арасындағы қақтығысты түсіндіруді өтінген. Шоқайдың 1930 жылы 27-мамырда жазған жауап хатына жүгінейік: «Валидовтың саяси мәселелер бойынша кейбір, шындықты айтсақ, көптеген пікірлерінің даулы екендігін біле отыра..., мен Валидовқа ғылыми сипаттағы мақалалар жазуға мүмкіншілік беруді жақтаймын. Ол ғажап эрудит, біздің тарихымызды, этнографиямызды жақсы біледі, оның әрбір мақаласы аса құнды және басылымның мазмұндық әрін күшейте түседі. Ол – өте жақсы эклектик, бірақ, өкінішке орай, анализге қабілетсіз. Алайда оның біздің халқымыз бен руларымыз туралы жазғандары аса құнды дүниелер. Валидовтың «татарды жеккөрушілік» және қазақтардың саяси мүмкіндіктерін асыра бағалаушылық сезімі ауруға айналған (сондай-ақ кейбір татарлар «валидовты жеккөрушілік» ауруына шалдыққан), ол өзбектерге, яғни, біздің еліміздің отырықшы бөлігіне қатысты скептицизм, ал кейде ашық түрде салқын қараушылық... көрсетеді. Оның бұл жеке «қасиеттері» саяси қызметінде де тым айрықша көрініс тапқан. Түркістандықтар мен татарлар арасындағы үнемі қайталанып отыратын түсініспеушіліктер осыған байланысты, сондай-ақ түркістандықтардың өздерінде қазақтар мен өзбектерге бөлінушіліктің болу мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Бұл біздің болашақ саяси жұмыстарымыз үшін, біздің еліміздің болашағы үшін аса қауіпті жағдай. Валидов біздің еліміздің ескі тарихының жақсы білімпазы болғандықтан, әрине, ескі салттарды сақтап қалған тайпа ретінде қазақтарды көшпелі ата-бабалардың «ежелгі қазынасын» жоғалтып алған өзбектерден жоғары қояды. Жеке қасиеті бойынша жалпы прогресшіл Валидовтің (ол социалист-революционер ... болған) бойында саясатқа келген кезде тарихшы-архивариус жоғары шығып кетеді. Ол өзінің мұрағаттық білімдерінің қуатты күшінің салдарынан саяси сауаттылықтың әлпбиін ұмытып кетеді... Сондықтан, менің ойымша, біздің Стамбулдағы жолдастар оның ғылыми мақалаларын шын ниетпен қабылдайтын болар, олардың маңыздылығы және бізге қажеттілігі саяси мақалалардан әсте кем емес. Валидовты – ғылыми мақалалардың авторын – кезкелген адам құрметтейтін және жариялайтын болады, алайда Валидов – саяси мақалалар авторы – өте көп қарсылыққа кездеседі» [2].

Кеңестік кезеңде «Прометей» ұйымының мүшелерін, соның ішінде Мұстафа Шоқайды Польшаның тыңшысы болды деген айып тақты, күні бүгінге дейін шығып жатқан кейбір еңбектерде Шоқай бұл айыптан әлі ақталған жоқ. Бұл жерде «Прометей» ұйымы қатарында поляк тыңшылары болды ма, болмады ма деп сұрақ қоюдың қажеті жоқ. Ол риторикалық сұрақ болып кетеді. Мәселені нақтырақ қарастыру қажет. Біріншіден, «Прометейдің» құрамына кірген саяси қайраткерлер, соның ішінде Мұстафа Шоқай, эмигранттық ортада тым белгілі адамдар болған. Сондай-ақ оларды кеңес өкіметі мен кеңес қауіпсіздік мекемелері де жақсы «біледі». Олай болса, бірден көзге түсетін, бірінші әрекеттен-ақ ұсталып қалып, бүкіл жұмысты ақсатуы мүмкін адамдарды тыңшылар ретінде пайдалана ма? Екіншіден, аталған бұл саяси эмигранттар Кеңес Одағы үшін «персона нон грата», яғни, олардың кеңес елінің маңына да жолай алмайтыны түсінікті. Сонда поляктар оларды тыңшы ретінде пайдаланғаннан қаншалықты ұтады? «Прометейдің» мүшелерін, Мұстафа Шоқайды «тыңшы» дейтіндер олардың бүркеншік есімдері болғанын тілге тиек етеді. Польша мұрағаттарындағы құжаттар бұл дәлелдің негізсіздігін көрсетеді. Бүркеншік есім оларға тыңшы болғандықтан емес, өзара хаттар жазғанда және басқа құжаттарда құпиялық сақтау үшін берілген. Бүркеншік есім тек «Прометейдің» қайраткерлеріне ғана емес, барлық мемлекеттерге,

мемлекеттік қайраткерлерге, халықтарға, қалаларға, газет-журналдарға берілген. Мәселен, Румыния – «арбуз», Азербайжан – «Аза», Белград – «Агрил», Кавказ – «Алма», Болгария – «Берук», Балканы – «Бурта», Англия – «Алгон», Ұлттар Лигасы – «Сподзиелния», Пильсудский – «Бутава», Литвинов – «Рабин», Кемаль паша – «Зеус», Лаврентий Берия – «Бигор», Гитлер – «Робинзон», Муссолини – «Фанфарон», т.с.с. [3]. «Прометей» қайраткерлерінің әртүрлі елдерге іс-сапарын поляк үкіметі қаржыландырғаны да рас. Алайда осының барлығы кеңес өкіметіне, сталиндік билікке қарсы күрескен барлық саяси күштерді қолдау арқылы Кеңес Одағын әлсірету мақсатында іске асырылған деп айтуға болады. Сонымен қатар «Прометей» ұйымы Кеңес Одағының ұлттық аймақтарында да жүргізіліп жатқан орыстандыру саясаты, тағы басқа әртүрлі шараларға наразылықтарын білдіріп, Ұлттар Лигасына хаттар жолдап отырған [4], осы әрекеті арқылы бұл ұйым Кеңес Одағының халықаралық беделіне нұқсан келтірген болуы да мүмкін.

Мұстафа Шоқайды поляктар тыңшы ретінде емес, кеңестік Түркістанды жақсы білетін, большевиктерге қарсы күресетін, білімді, тәжірибелі, танымал қайраткер ретінде пайдаланды. «Прометей», «Жас Түркістан», «Истиклал», тағы басқа баспасөз басылымдары кеңес өкіметінің ұлттық саясатын сынады, орыстандыру әрекетінің сырын ашты, сөйтіп, кеңес өкіметінің бүкіл отарлық әлемнің халықтары алдындағы беделіне де зиянын тигізді, Кеңес Одағын сынаушыларға дәлелдер тауып берді. Міне, «Прометейдің» поляктарға берген пайдасы осы, сондай-ақ сталиндік режим оларды тап осы әрекеті үшін жеккөрді. 1925 жылы 29-мамырда БК(б)П өлкелік комитетіне И.В. Сталиннен келген хаттағы мына бір сөздер кеңес өкіметінің Шоқайды айрықша жеккөруінің, тіпті ол қайтыс болғаннан кейін де оның атын «сатқын» деп қаралауының себебін түсінуге мүмкіндік береді: «Осы күндері менің «Ақ жол» журналымен танысуға мүмкіндігім болды. Осыған байланысты мен атышулы Шоқаевтың ақгвардиялық баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және бір қорқынышты жайт – осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының арасында ұқсастықтар бар екенін байқадым. Мүмкін емес, бірақ факт, «Ақ жол» өз еркінен тыс Шоқаевқа орасан көп материал береді» [5]. Хаттың соңында Сталин шара қолданылмаған жағдайда «шоқаевшылардың Қазақстанда үстемдік алып кетулері әбден мүмкін» деп атап көрсетті. 1928 жылы желтоқсан айында КСРО Орталық Аткару Комитетінің 4-сессиясында Өзбекстан үкіметінің баяндамасын талқылау барысында Мұстафа Шоқайдың «Түркістан Кеңестердің билігінде» деген еңбегі қатты сынға алынды. Кеңес өкіметін осы еңбекке қатысты айрықша алаңдатқан жағдай – оған Француз Социалистік партиясының жетекшілерінің бірі Ренодельдің алғысөз жазуы, онда Түркістан бұрынғы патшалық Ресей кезіндегідей қазір де отар болып отыр деп көрсетуі еді [6]. Бұл сөз Кеңес Одағының әлем халықтары алдындағы беделін түсірумен қатар батысеуропалық қоғамда кеңес өкіметі туралы жағымсыз пікір қалыптастыруы мүмкін-тін.

Германия мұрағаттарында құжаттар Шоқайдың қызметіне қатысты мынадай мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді: 1) Шоқайдың эмигранттар арасындағы айрықша беделді, ірі тұлға болғандығын дәлелдеу; 2) Шоқайдың нацистік Германияға қызмет етпегенін дәлелдеу; 3) Шоқай тірі кезде Каюм онымен бәсекелесуі мүмкін еместігін көрсету. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мұрағат құжаттарына жүгінейік.

Құжаттардың бір тобы 1917-1919 жылдардағы Ресей империясындағы мұсылмандардың жағдайын сипаттайды. Бұл кезеңде бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіліп, Версаль бітім шарты бойынша отарларынан айырылып қалған және аса ауыр репарациялар төлеуге мәжбүр болған Германияның және соғыстан сепараттық бітім жасау арқылы шығып кеткен Ресейдің айрықша жақындаса бастағаны белгілі. Сондықтан Германияның шикізат және рынок көзі бола алатын Қазақстан мен Орта Азияға назары түскен тәрізді. Ал бұл аймақтарды зерттеп-білу үшін мұсылмандық факторға мән беру қажет еді. Соның дәлелі – Германия Сыртқы істер министрлігінің ғылыми қызметкерлері дайындаған «Ресейдегі магомандар» деп аталған аналитикалық баяндамалар. Бұл деректерден Ресейдегі мұсылмандардың саны, мекен-жайы, Ресей империясының саясатындағы және орыс-неміс қатынастарындағы орны туралы мәліметтер алуға болады. Осы қорда Ресей мұсылмандарының Орталық Кеңесінің мүшесі Осман Тоқымбет пен Жүсіп Мұзаффардың Германия Сыртқы істер министрлігіне жазған көлемді хаты сақталған. Хаттың авторлары Ресейдегі түркі халықтарының ұлт-азаттық күресі туралы, олардың патша өкіметі құлағаннан кейін дербес ұлттық мемлекеттер құрғаны туралы жазады, хатта Түркістан мемлекетінің басшысы ретінде Мұстафа Шоқай аталған [7]. Неміс зерттеушілерінің еңбектерінде де Мұстафа Шоқай түркістандық эмигранттардың ішіндегі ең бір ірі тұлға, жетекші қайраткер ретінде аталады. Профессор Г. фон Менде өзінің түркі халықтарының азаттық күресінің тарихына арналған зерттеуінде Мұстафа Шоқайдың еңбегіне сілтеме жасай отырып, оны Түркістан эмигранттарының жетекшісі деп атайды [8].

1941 жылы 9-тамызда Стамбұлдағы герман елшілігі «Прометей лигасының» Мұстафа Шоқай, Эмин Ресул-Заде, Мир Якуб, Джаффар Сейдахмет, Аяз Исхаки, Осман Қожа т.б. беделді қайраткерлеріне сипаттама берген құжатты Германия Сыртқы істер министрлігіне жіберді. Мұндағы Шоқай туралы мәлімет

мынадай: «Мұстафа Шоқай, кыргыз, ұзақ жылдан бері ақ орыстардың белгілі жетекшісі Миллюковтың пікірлесі, соның Парижде шығаратын «Последние новости» газетінің тұрақты тілшісі, өзі Берлинде жеке журнал шығарады, оны профессор Йешке мен Сыртқы істер министрлігіндегі Ә.Ыдырыс мырза жақсы біледі» [9]. Германия Сыртқы істер министрлігінің ғылыми қызметкері Әлімжан Ыдырысқа осы екі хатта аталған адамдарға жеке-жеке сипаттама беру тапсырылды. Әлімжан Ыдырыс 1941 жылы 5-қыркүйекте жазған баяндамасында Мұстафа Шоқай туралы елшіліктің хатында берілген мәліметтер дұрыс екендігін айта келіп, Шоқайды «ұлтшыл емес», «жартылай орыс», «бұрында орыс-еврей, кейінде поляк-еврей марксистеріне қызмет еткен, демократияны жақтаушы, бүгінгі Германияның жауы» деп сипаттап, Шоқай сияқты сенімсіз адамды Германиямен ынтымақтастыққа шақыру аса күдікті әрекет болады деген қауіпін білдірді [10].

Мұстафа Шоқайды 1941 жылы Парижден Берлинге Германияның Шығыс министрлігінің талабымен алып келді. Осы жерде Мюленнің еңбегі туралы бір ескерту айта кетейік. Ол автордың еңбегі, әрине, құнды екені даусыз. Алайда Мюлен мұрағат материалдарымен қоса Каюммен кездесіп, оның өз аузынан алған сұхбаттарға сүйенеді. Сондықтан Мұстафа Шоқайға қатысты жақсы пікір айтпайды. Мысалы, П.ф.ц. Мюлен: «Күзде лагерьлерді аралаған фон Менде басқарған алғашқы комиссияға гауптман А.Майер-Мадермен бірге Каюм да кірді. 1941 жылдың күзінде комиссияға қосылу үшін Парижден Мұстафа Шоқайға келді, ол Каюмды өзінің тілмашы және адыютанты ретінде таңдап алды. Оны Шығыс министрлігі шақырды ма әлде ынтымақтасу туралы ұсынысты ол өзі жасады ма, ол жағы белгісіз», – деп жазады [11]. Мұрағат материалдарына жүгінейік. Сыртқы істер министрлігі жанында құрылған Ресей комитетінде кеңестік шығыс халықтары мәселесімен айналысатын маман Вернер фон Хентигке дипломат Рудольф Надольны жазған хатта «турандық тұтқындар мәселесін талқылау үшін Розенберг Парижден Мұстафа Шоқайды алдырды..., оның ассистенті радиода қызмет істейтін жас жігіт Вели Каюм» деген мәліметтер бар [12]. Мария Шоқайдың естеліктерінен Мұстафа Шоқайды нацистер Францияда 1941 жылдың 22-маусымында тұтқынға алғанын, кейінірек босатқанын, ал тамыз айының басында әскери адамдар келіп, Берлинге алып кеткенін білеміз²¹. Комиссиялардың лагерьлерді аралауы 1941 жылы тамыз айында басталған. Мұстафа Шоқайдың соңғы жазбаларындағы «26 тамыз, сейсенбі күні, штурмбанфюрер Гейбелдің жетекшілігімен комиссия ретінде Берлиннен Ганноверге жол тарттық» деген сөзін еске түсірейік [13]. Вермахт Жоғарғы Қолбасшылығының 1941 жылы 20-қарашада Сыртқы істер министрлігіне жіберген хатында да комиссиялардың лагерьлерді аралауы тамыз айында басталғаны көрсетілген. 30-тамызда Просткен және Сувалки лагерьлерін аралау жұмысының барысы туралы алғашқы есепті баяндама Сыртқы істер министрлігінің Жоғарғы Қолбасшылықтағы өкілдігіне жіберілген [14]. Ал Мұстафа Шоқайдың соңғы жазбаларынан оның да осы аталған лагерьлерде болғанын білеміз.

П.ф.ц. Мюлен: «Эмигрант Вели Каюм соғыстың алғашқы апталарында оның тұтқын лагерьлеріндегі жерлестеріне аса қатал қараушылыққа наразылық білдірген», – деп жазады [15]. Соғыстың алғашқы апталарында эмигранттар түркістандық тұтқындардың жағдайының қандай екенін білуі мүмкін емес, өйткені Гитлердің 1941 жылғы 4-шілдедегі бұйрығы бойынша кеңестік тұтқындар қатарындағы азиаттарды Герман империясының жеріне әкелуге тиым салынды, олар Польша, Украина, т.б. басып алынған жерлердегі лагерьлерге орналастырылуға тиісті болды [16]. Мария Шоқайдың естеліктерінде Мұстафа Шоқайдың лагерьдегі түркістандық тұтқындардың ауыр жағдайына ашық наразылық білдіріп, неміс әкімшілік орындарына хат жазғаны, оны тиісті орындарға тапсыру үшін В.Каюмге бергені, Мұстафа Шоқай қайтыс болғанда Берлинге келген Мария Шоқайға Каюм осы хаттың көшірмесін бергені туралы айтылады [17].

Германияның Фрайбург қаласындағы Федеральдық Әскери мұрағатындағы материалдарда Шоқайдың есімі үнемі Уәли Каюм туралы құжаттарда кездеседі. Каюмға мінездеме берген бірнеше құжаттарда: «Шоқай 1941 жылы Берлинге келген кезде Каюм оның көмекшісі және тілмашы болды» деп жазады. Фрайбургтағы әскери мұрағат пен Берлиндегі Федеральдық мұрағаттағы құжаттар легион құру туралы мәселесінің 1941 жылы шешілмегенін көрсетеді. Вермахтың құрғақтағы әскерлер бөлімінің Бас қолбасшылығының Түркістан және Кавказ легионын құру туралы №5698/42 бұйрығы 1942 жылдың 19-ақпанында шыққан болатын Түркістан легионының құрылуына қатысты 1941-1942 жылғы бұйрықтар, есепті баяндамалар, анықтамалықтар, тағы басқа мұрағаттық құжаттарда М.Шоқай аты мүлде аталмайды, ал 1943-1945 жылғы құжаттарда ол Түркістан ұлттық бірлестігінің бұрынғы жетекшісі ретінде ғана аталған [18].

Шоқайдың фашистік Германияға қызмет етпегеніне дәлел болатын тағы бір құжат бар. Шығыс министрлігі түркістандықтар ішіндегі ірі тұлға Мұстафа Шоқайды түркі тектес тұтқындардың арасында жүргізілетін үгіт-насихат жұмысында пайдалану үшін алып келді, алайда Шоқайдың лагерьлерді аралаған кездегі көңіл-күйі бұл мақсатқа сай келмей қалды. Сондықтан да болар, нацистер Мұстафа Шоқайға

күдікпен қарап, оның өмірбаянын қайта тексерген сияқты. Мұстафа Шоқайдың қазасы туралы анықтама-ны мазмұнын келісу үшін Сыртқы істер министрлігіне жіберген. Министрліктің VII саяси бөлімінің қызметкері Швербель анықтаманың Шоқайды «Түркістан ұлттық комитетінің жетекшісі және алғашқы Түркістан ұлттық үкіметінің бұрынғы басшысы» деген жолдарына күдік білдіріп: «Жалпы алғанда, Шоқайоғлы бүкіл Түркістан үкіметінің емес, жеке Қоқан ұлттық үкіметінің жетекшілерінің бірі болған. Ал ол жетекшісі болды деп аталған «Түркістан ұлттық комитеті» бұл жерде аса белгілі емес. Берлинде одан басқа жалғыз түркістандық Вели Каюм бар, анықтамаға да сол қол қойыпты, ал оны Түркияда тұратын түркістандықтардың көпшілігі білмейді», – деп жазған [19]. Алайда анықтамада берілген Шоқай туралы фактілер рас болатын. Құжаттағы «Түркістан ұлттық комитеті бұл жерде аса белгілі емес» деген сөздер аталған ұйымның нацистерге жағымды ұйымдар қатарында болмағанын көрсетеді. Түркістан ұлттық комитеті кейіннен, легиондар құрылған соң және басшылығына В.Каюм келген соң ғана нацистермен ымыраласқан болуы керек. Сондықтан Мұстафа Шоқай басқарған «Түркістан ұлттық комитетінің» қызметі мен Шоқай қайтыс болғаннан кейінгі кезеңдегі қызметінің аражігін ашу қажет. Сондай-ақ Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы саяси іс-әрекетін Түркістан легионы тарихынан бөліп алып, жеке қарау керек. Шоқай легионды құрушылар қатарына жатпайды. Осы жерде бір ескерте кететін жағдай, Шоқайдың аты алғаш рет қазақ тіліндегі еңбектерде, баспасөзде жағымды сипатта атала бастаған кезде, кейбір кеңестік авторлар тарапынан қатты қарсылық болғаны белгілі. Олар мемлекеттік қауіпсіздік мекемесінің мұрағатындағы тұтқындалған легионерлерден алынған жауапқа негіздеп, Шоқайды «легионды құрушы, сатқын» деген айыптар тағады. Егер сталиндік кезеңдегі кеңестік жазалау мекемелерінің саяси қуғын құрбандарынан жауап алу әдістерін, құрбандардың көпшілігі азапты «тексеруден» кейін өздерін «тыңшымын», «кеңес өкіметіне қарсы қастандық ұйымдастырдым» деп, тағы басқа жасамаған әрекеттерін мойындағанын еске түсірсек, бұл құжаттардың сенімді дерек, шынайы дәлел бола алмайтынын түсіну қиын емес.

Социально-экономические и культурные перемены, происходящие в современном обществе, ставят перед системой образования задачу сформировать у будущих педагогов компетенции, отвечающие требованиям времени. Формированию педагогических компетенций способствует применение интерактивных технологий и методов. Сегодня, мы являемся свидетелями создания новых подходов к изучению истории Казахстана. В своём выступлении на заседании межведомственной рабочей группы по изучению национальной истории Республики Казахстан, государственный секретарь РК М.Тажин отметил, что: «что Нурсултан Абишевич Назарбаев, давно и предметно занимающийся вопросами национальной истории, предложил разработать специальную программу исторических исследований под названием «Народ в потоке истории». Главные ее цели – создание условий для качественного скачка исторической науки Казахстана на базе передовой методологии и методики; расширение горизонтов национальной истории казахов, формирование нового исторического мировоззрения нации; осмысление двух десятилетий новейшей истории Казахстана. Эта инициатива Главы государства появилась не случайно. Будущее невозможно без опоры на историческое прошлое. В той незримой войне смыслов и ценностей, которая разыгрывается на планете каждый день, сохранение исторической памяти – это единственный способ самосохранения вообще» [1].

В этой связи, актуализируются задачи по дальнейшему активному внедрению в преподавание исторических дисциплин в Казахстане методических инноваций, в виде интерактивных технологий и методов, а так же диалоговых средств обучения. Интерактивные методы обучения основаны на том, что учебный процесс организуется таким образом, что обучающиеся учатся критически мыслить, решать сложные проблемы на основе анализа обстоятельств и соответствующей информации, взвешивать альтернативные мнения. Интерактивное обучение способствует более эффективному усвоению студентами учебной информации, развитию коммуникативной компетенции и особенностей личности, которые крайне необходимы педагогу. Специфика интерактивных методов обучения заключается в моделировании содержания всей педагогической деятельности. На уроках истории следует чаще применять способ диалогического общения, которое предполагает, что обучающиеся оказывают друг другу поддержку, таким образом, между педагогом и обучающимися выстраивается атмосфера сотрудничества и диалога.

Ориентация на новые цели образования – компетенции – требует не только изменения содержания изучаемых предметов, но и методов и форм организации образовательного процесса, активизацию деятельности обучающихся в ходе занятия, приближения изучаемых тем к реальной жизни и поисков путей решения возникающих проблем.

Рассмотрим основные аспекты возможного применения современных методик обучения в вузе. В рамках нашего изложения рассмотрим интерактивные методы обучения, которые включают: 1-метод проблемного изложения, 2-дискуссии, 4-кейс-стадии, 5-работу в группах, 6-метод мозгового штурма, 7-метод критического мышления, 8-викторины, 9-мини-исследования, 10-деловые игры, 11-ролевые игры, 12-метод Insert – метод индивидуальных пометок, когда студенты пишут 10-минутное ассоциативное эссе, 13-метод блиц-опроса, 14-метод анкетирования или прием «Бинго» и др.

Одним из эффективных методов активации процесса обучения считается метод проблемного изложения. При таком подходе лекция становится похожей на диалог, преподавание имитирует исследовательский процесс (выдвигаются первоначально несколько ключевых постулатов по теме лекции, изложение выстраивается по принципу самостоятельного анализа и обобщения студентами учебного материала). Эта методика позволяет заинтересовать студента, вовлечь его в процесс обучения. Противоречия научного познания раскрываются посредством постановки проблемы. Учебная проблема и проблемная ситуация являются основными структурными компонентами проблемного обучения. Перед началом изучения

определенной темы курса ставится перед студентами проблемный вопрос или дается проблемное задание. Стимулируя разрешение проблемы, преподаватель снимает противоречия между имеющимся ее пониманием и требуемыми от студента знаниями. Эффективность такого метода в том, что отдельные проблемы могут подниматься самими студентами. Главный успех данного метода в том, что преподаватель добивается от аудитории «самостоятельного решения» поставленной проблемы. Организация проблемного обучения представляется достаточно сложной, требует значительной подготовки лектора. Однако на начальном этапе использования этого метода его можно внедрять в структуру готовых ранее разработанных лекций, семинаров как дополнение. Другим эффективным методом можно назвать метод кейс-стади или метод учебных конкретных ситуаций (УКС). Центральным понятием метода УКС является понятие ситуация, т.е. набор переменных, когда выбор какого-либо из них решающим образом влияет на конечный результат [2].

Согласно теории деятельности Л.С. Выготского, развитие учащегося как личности определяется процессом обучения [3]. В этой связи, необходимы новые пути по использованию в учебно-воспитательном процессе современных технологий. Наиболее эффективным методом, является проектное обучение, имеющее более высокий потенциал самостоятельности учащихся, направленный на повышения инициативности познавательной мотивированности, а так же развитие социальных навыков и интеграции.

Основной принцип метода проектного обучения заключается в следующем: обучающийся в рамках работы по данной технологии является субъектом своей деятельности. Метод проектов по своей дидактической сущности нацелен на формирование способностей, позволяющих эффективно действовать в реальной жизненной ситуации, применяя навыки, полученные при использовании данной технологии, обучающийся способен адаптироваться к изменяющимся условиям, ориентироваться в разнообразных ситуациях. Метод проектных технологий предполагает получения знаний и навыков социального опыта. Социализация молодежи позволяет сформировать Я-концепцию гармонично развитой личности, мировоззрение, а так же навыки социального взаимодействия с внешним миром.

В целом, как подчёркивает В.Гузеев, «проектное обучение поощряет и усиливает истинное учение со стороны учеников, расширяет сферу субъективности в процессе самоопределения, творчества и конкретного участия» [4]. Проектная методика позволяет гармонично дополнять традиционную классно-урочную систему как новая технология обучения, более тесно связанная с жизнью, практикой, стимулирующая учеников самостоятельно познавать окружающий мир, самоутверждаться и самореализовываться в разнообразной учебной и практической деятельности. Она помогает освоить новые способы деятельности на основе интегрированного содержания; вывести образование за пределы школы, используя потенциал информационных ресурсов. Проектные приёмы отвечают всем современным тенденциям в образовании.

Метод проектов возник ещё в 20-е годы прошлого века в США. Его называли также методом проблем. Он основывался на идеях прагматической педагогики американского философа и педагога Джона Дьюи. Его ученик и последователь В.Килпатрик, определяя суть этого метода, называл его «от души выполняемый замысел».

Основоположники метода проектов предлагали строить обучение на активной основе, через целесообразную деятельность учащегося, опираясь на его личную заинтересованность именно в этом знании для достижения именно этой цели. Очень важным, даже принципиальным было предложить детям проблему, взятую из реальной жизни и значимую для них. Для решения такой проблемы учащемуся будет необходимо применить как уже имеющиеся у него знания, так и новые знания, которые ему предстоит приобрести непосредственно в ходе работы [5].

В курсе истории метод проектов может использоваться в рамках программного материала практически на любом занятии. Избираемые темы должны быть значительными, интересными и усложняться в зависимости от возраста учащихся. Творческая деятельность в ходе проектной работы доставляет учащимся истинную радость познания и общения. При выполнении проектной работы, которая может быть представлена в устной и в письменной форме, необходимо придерживаться, на мой взгляд, следующих рекомендаций:

- Во-первых, поскольку проектная работа даёт возможность учащимся выражать собственные идеи, важно не слишком явно контролировать и регламентировать учащихся, желательно поощрять их самостоятельность.

- Во-вторых, проектные работы являются главным образом открытыми, поэтому не может быть чёткого плана их выполнения. В процессе выполнения проектных заданий можно вводить и некоторый дополнительный материал.

- В-третьих, большинство проектов может выполняться отдельными учащимися, но проект будет

максимально творческим, если он выполняется в группах. Это ещё раз подчёркивает важность и эффективность учебного сотрудничества [6].

Таким образом, метод учебного проекта способствует развитию самостоятельности учащегося, раскрывает творческий потенциал его личности, обеспечивает субъектность обучаемого в образовательном процессе, что позитивным образом влияет на конечный итог обучения.

Метод проектного обучения позволяет реализовывать не только образовательные задачи, но и воспитательные. Формы проектной деятельности различные: исследовательские, социальные, сетевые. Использование любой дает колоссальный эффект не только повышения интереса к истории и обществознанию, но и формирует навыки, необходимые современному человеку: коммуникативные, исследовательские, аналитические [7]. При использовании этого метода на занятиях по историческим дисциплинам у учащихся формируется собственный взгляд на окружающую их реальность, активная гражданская позиция. В преподавании исторических дисциплин, педагогами-новаторами широко используется метод лекция-визуализация, которая предполагает реализацию принципа наглядности. Наглядность не только способствует восприятию и запоминанию учебного материала, но и позволяет активизировать умственную деятельность, проникнуть в сущность изучаемых явлений. Подготовка лекции-визуализации преподавателем состоит в перекодировании учебной информации темы лекции в визуальную форму через ТСО, схемы, рисунки, чертежи. Чтение лекции-визуализации сводится к связному, развернутому комментированию подготовленных визуальных материалов, раскрывающих тему лекции. Отметим, что лекцию-визуализацию лучше использовать при введении в новый раздел или тему с целью формирования, прежде всего, интереса обучающихся.

В преподавании истории важную роль играет умение ориентироваться в широком спектре современных инновационных технологий, их делят на общепедагогические, частно-предметные, локальные и модульные.

В этой связи, актуализируется проблематика применения технологий развивающего обучения, под которым мы понимаем активно-деятельностный тип обучения, предполагающий активное развитие обучающегося. При этом основной мотивацией служит познавательный процесс. Методика развивающего обучения успешно интегрировала в себе рациональное и эмоциональное, факты и обобщения, объяснительный и поисковый (исследовательский) методы. При использовании развивающих технологий в преподавании истории должны использоваться такие приемы как: дидактические игры, дискуссии и т.д.

Дискуссионная модель обучения истории и обществознанию считается инновационной технологией, при которой основным средством познания является дискуссия.

Дискуссия – это рассмотрение, исследование, публичное обсуждение какого-либо спорного вопроса, проблемы, в процессе которой сталкиваются различные точки зрения.

Дискуссионная модель обучения предполагает три типа дискуссий, зависящих от целей, определенных учителем: императивный, конфронтационный, информативный.

В процессе изучения темы следует раскрыть сущность представленных типов дискуссий.

Важно подчеркнуть, что дискуссионная модель обучения осуществляется с помощью урока. Определены и принципы дискуссионной модели: равенство участников дискуссии, устойчивая направленность дискуссии, адекватность восприятия.

В соответствии с технологией, к каждому уроку подбирается тема и проблемы для обсуждения. Тема должна носить актуальный характер, определяющийся в ходе дискуссии (легкие вопросы на обсуждение не выносятся).

Важно отметить, что каждый урок следует тщательно продумать, необходимо определить план ведения дискуссии: вступительное слово учителя, выступления участников дискуссии, формирование альтернативных групп, подведение дискуссии к общей точке зрения, заключение [8].

Инновационные технологии способствуют формированию коммуникативных компетенций, т.к. учащимся приходится работать в группе, выполнять разные роли: быть лидером, ведомым, организатором, исполнителем; афишировать результаты деятельности группы, выступая перед аудиторией. В этой связи, одной из составляющих успешности процесса обучения является использование групповых технологий.

Групповой способ обучения обеспечивает учет индивидуальных особенностей учащихся, позволяет обучать как сильных, так и слабых учеников, основой данного подхода является сотрудничество.

Групповые технологии как коллективная деятельность предполагают: взаимное обогащение знаниями учащихся в группе; организацию совместных действий, распределение начальных действий и т.д.

Далее необходимо отметить и особенности организации групповой работы учащихся на уроке: класс делится на группы для решения конкретных задач; каждая группа получает определенное задание и

выполняет его сообща под непосредственным руководством лидера группы или учителя; задания в группе выполняются таким способом, который позволяет учитывать и оценивать индивидуальную работу каждого члена группы; состав группы непостоянный, подбирается с учетом максимальных возможностей каждого члена группы. Важно отметить, что однородная групповая работа предполагает выполнение небольшими группами учащихся одинакового задания, а дифференцированная – выполнение разнообразных заданий несколькими группами.

Технологический процесс групповой работы представлен несколькими этапами: подготовка к выполнению задания, групповая работа, заключительная часть. Групповая форма работы на уроке применяется для решения почти всех основных дидактических задач.

К разновидностям групповых технологий относятся: групповой опрос, проводимый с целью повторения и закрепления нового материала; диспут (цель – научить логично, доказательно отстаивать свою точку зрения); нетрадиционные уроки – урок-конференция, урок-суд, урок-путешествие, интегрированный урок и др.

По В.К. Дьяченко, организационная структура групповых способов обучения может быть комбинированной, то есть содержать в себе различные формы: групповую (когда один обучает многих), парную, индивидуальную. При этом доминирующее значение имеет именно групповое общение.

К групповым способам обучения можно отнести:

- классно урочную организацию;
- лекционно-семинарскую систему;
- формы дифференциации учебного процесса;
- дидактические игры;
- бригадно-лабораторный метод;
- метод проектов;
- метод Трампа.

Современный уровень школьного образования характеризуется тем, что в рамках классно-урочной системы широко применяются различные формы организации коллективной познавательной деятельности, как фронтальные, так и внутри-классные групповые [9].

Таким образом, сама специфика применения интерактивных технологий и методов в преподавании исторических дисциплин заключается в использовании преподавателем и обучающимся самых различных источников информации, позволяющих получить не только определенную сумму знаний, но и компетентностные навыки и умения в их использовании.

Каждый вид технологий, применяемых в процессе обучения является важным, дополняющим другой, поэтому мы можем с уверенностью говорить о важности комплексного обучения учащихся в современных условиях образовательного процесса.

1 *Народ в потоке истории. Бектур Кадыров, Наталья Курпякова. – Общенациональная ежедневная газета «Казахстанская правда» №192 от 6 июня 2013 г. - С. 3.*

2 см. <http://www.kazetu.kz/news/show/id/48.html#sthash.18qkkd8M.dpuf>-Официальный сайт Казахстанского инженерно-технологического университета К.Алимгазинов Инновационные методики обучения: PRO ET CONTRA.

3 *Выготский Л.С. Педагогическая психология. - М., 1991 г.*

4 *Гузев В.В. «Метод проектов» как частный случай интегративной технологии обучения. // Директор школы. – 1995. - №6, - С. 39-48.*

5 *Бухаркина М.Ю. Разработка учебного проекта. - М., 2003 г., - с. 57.*

6 *Пахомова Н.Ю. Учебные проекты: его возможности. // Учитель, - №4, 2000.*

7 *Ломов И.Н. (б.д.). Школьный сектор. Получено из <http://school-sector.relarn.ru/efim/5tomorrow/1998/ras28.html>.*

8 *Геворгян Г.А. Теория и методика обучения истории и обществознания в школе. Часть I. Учебно-методическое пособие. Армавир: Редакционно-издательский центр АГПУ 2011 - с. 155-156.*

9 *Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении: О коллективном способе учеб. работы: Кн. для учителя. - М.: Просвещение, 1991. - 192 с.*

«ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫ» ПӘНІНЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

И.Ш. Жұбаниязов – ҚазТжБУ оқытушысы (Астана қ-сы), т.ғ.к.

В статье рассмотрены проведение занятий СРС на основе «Истории древнего мира». При проведении СРС указано на необходимость определить цель и задачу занятий, затем приступить к раскрытию содержания материалов заданным студентам на самостоятельную работу. Важное место отведено анализу основных материалов и на их основе создать программу занятий. На занятиях СРС на конкретных материалах, в частности «Египетское общество и хозяйственная структура» определено цель, обратить внимание студентов на развитие общества и предпосылки формирования Египетского государства.

In the article the holding classes SIW on the basis of the "History of the Ancient World is considered". In conducting the SIW is necessary to define the purpose and objectives of a lesson, and then proceed to the disclosure of the contents of the materials given to students for independent work. An important place is given to the analysis of the basic materials and, based on a program of studies. On the SIW training on specific materials, in particular the "Egyptian society and economic structure" is defined goal, draw students' attention to the development of society and the prerequisites for the Egyptian state.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арналған биылғы жолдауында жас ұрпаққа сапалы білім және тәрбие беру саласында аса зор міндеттерді алға қойды [1]. Бұл әрбір мұғалімнен аз пәнін оқыту жұмысында ізденуді, оның негізінде студенттерге түсіндіруде тиімді әдістерді қолдануды талап етеді. Сонғы жылдары жоғары оқу орындарында кредиттік технология оқу жүйесіне көшуіне байланысты студенттердің өзіндік жұмыс жүргізуіне үлкен мән берілуде. Студенттердің өзіндік жұмыстарын үнемі тұрақты жүргізу арқылы білім алудың негізгі құралдарының бірі екені жан-жақты дәлелденіп отыр.

Лекцияда, семинар сабағында таныстырып үлгімеген материалдарды студенттердің өздеріне тапсырма ретінде беріп, студенттердің өзіндік дайындалған материалдарын өткізудің мынадай жақтарын ескерген жөн.

1. Студенттің өзіндік дайындалуға тиіс материалын оқытушының өзі мұхият қарап шығып, оның оқулықта баяндалған тәртібіне бағынбай-ақ, қайта топтастырады. Бұл - негізгі мәселелерді екінші орындағы материалдардан беліп, сұраптап, оған студенттердің көңілін аудару мақсатында істеледі.

2. Студенттердің өзіндік жұмысын өткізу әдісін мұғалім шебер қолдана білуі қажет.

3. Студенттерді өзіндік жұмыс сабағына мұхият даярлау керек. Студенттермен лекциядан, семинар сабағынан тыс жүргізілетін сабақтың бұл түрін өткізгенде, оның әсіресе алғашқы екі жағы ойдағыдай іске асырылмаса, оқытушы студенттерді өзіне тартып, жемісті жұмыс істей алмайды. СӨЖ сабағында студенттерді жұмысқа белсенді тарту үшін, оларды сол сабаққа қызықтыру мен қатар, жауапкершілікті де сезіндіру дұрыс. Себебі, алдағы сессияларды бұл сабақтың қорытынды бағалары ескерілетіндігін студенттер білуі қажет. Сабақтың айтылып отырған түріне оқытушы студенттердің түгелдей жұмылдырғанда ғана, яғни студенттерге тапсырылған материалдарға жауап қайтаруға барлық студенттер белсене қатысқанда ғана, айтарлықтай нәтиже береді. Сабақтың бұл түрінде студенттердің белсенділігін арттырудағы негізгі құрал қорытып қайталау әдісін шебер пайдаланатын, оны сабақ мақсатына бағындыра білу.

СӨЖ сабағында әуелі сабақтың мақсаты анықталады, содан кейін тапсырма материалды талдауға арналған, үйден даярлап әкелген сұрауларға жауап беріледі. СӨЖ сабағына даярлағанда мына нәрселерді еске алу керек: жүргізілетін оқу материалының негізгі мәселелерін сұраптау, яғни материалдың мазмұны бойынша жоспар жасау; аудиторияға қойылатын сұрауларға жауап әзірлеу, көрнекті құралдарды іріктеп алу, сабақты жүргізу әдістерін ойластыру. Сонымен бірге СӨЖ сабағына даярлағанда оқытушы жүргізетін материал бойынша өзінің жасайтын қысқаша қорытындысында әзірлеуі қажет.

СКЖ-ң материалдарының мазмұны бойынша қысқаша жауап әзірлеу оқытушының сұрауларды жүйелі етіп құруына, сабақтың барысында қосымша және жетекші сұрауларды орынды пайдаланып, сәтті қоюшыға жағдай жасайды. Сөйтіп студенттерге қойылған сұрауларға дұрыс та толық, дәл де анық жауап беруге баулиды.

Жоғарыда көрсетілген СӨЖ сабақтарының өткізілуі жоспарына мысал келтірейік. Мысал: I курстарда өткізілген сабақтардан алынды. И-06-1 оқу тобында «Египеттің қоғамдық және шаруашылық құрылысы» деген тақырыпқа арналған СӨЖ сабағы мынадай жоспармен етті.

Сабақтың мақсаты: сабақ барысында студенттердің көңілін құлиеленуші қоғамның даму және мемлекеттің шығу себептеріне аудару. Осы мәселелерге байланысты шығыс деспотиясының мәнін жете түсінуді қамтамасыз ету.

Студенттерге ежелгі шығыс елдерінде көптеген қауымдарды біріктіру қажеттігі және жан-жақты ұйымдастыру жұмыстары мемлекет билігінің рөлін күшейтуге әсерін тигізді, осындай ерекше билік

түрінің пайда болуы – шексіз монархияны қалыптастырды, оларды «ежелгі шығыс деспотиясы» деп аталды. Оның мәні, қандай да болмасын мемлекеттер түрі сияқты, қанаушылардың қарсылығын басып отыру, қоғамдық тәртіпті сақтау болды. Дегенмен ежелгі шығыс мемлекеттердің ерекшелігі сонда, ол елге әдеттегідей қажетті шаруашылықты қамтамасыз ету үшін, суармалы су жүйесін жүргізуде ең жоғарғы ұйымдастырушы ретінде көрінді. Мемлекеттің мұндай белсенді түрде елдің шаруашылық өміріне араласуы көптеген бюрократиялық принципке ұйымдастырылған әкімшіліктерді шығарды.

Ежелгі шығыс деспотиясы монархияның ерекше түрі ұзақ жылдар бойы ру демократиясының дәстүрін жеңіп шығу негізінде қалыптасты. Ежелгі шығыс деспотиясының маңызды ерекшелігі мемлекет басшысының ерекше жағдайда болуы – басқарушы деспоттық. Патша бүкіл билікті жүргізушісі болып саналды; заң шығарушы, сот ісін жүргізуші. Бірақ сонымен қатар адамдардан жоғары тұратын, құдайдың жердегі өкілі, немесе оны ата бабаларының бірін құдайлардың бірі деп саналды. Патша – деспотты құдай деп тану ежелгі деспотиясының маңызды ерекшелігі. Бірақ ежелгі шығыс тың әрбір елдерінде деспотизм-әртүрлі дәрежеде бодды.

Ежелгі Египетте деспоттық әлде қайда толық, ал кейбір мемлекеттерде деспотизм шектелді. Мысалы: Хеттегі патшалардың билігі. Тіпте әр түрлі тарихи кезеңдерде, мысалы Египетте, деспотизмнің дәрежесі бірдей болмады. Ежелгі шығыс елдерінде мемлекеттердің монархиялық емес түрлеріде болған, өзінше олигархиялық республика сияқты, мысалы, Ежелгі Үндістандағы бірнеше мемлекеттердің қалыптасуы және кейбір Финикия қалаларында да көрінді.

Бұдан соң сабақ құрылысын жоспарлап өткізілетін материал бойынша мынадай жоспары жасалған:

- Египеттегі әлеуметтік топтарға сипаттама беру;
- Мемлекеттің құрылуы және басқарылуы;
- Шығыс деспотиясының мәні.

I курс студенттерінің тарих жөніндегі білімдерінің әліде болса тайыздығын және тілдерінің жаттығын жетілмегендігін еске ала отырып, СӨЖ сабағына дайындалуды жеңілдету мақсатымен, тапсырма есебінде оларға жазбаша түрде мынадай нақтылы жоспар ұсынылады:

- Ертедегі Египеттің табиғаты және халқы (карта бойынша даярлау);
 - Құлдар қалай пайда болды және олардың шаруалардан айырмашылығы неде?
 - Ертедегі Египетте мемлекет неліктен шықты және қалай басқарылды?
 - Шаруалар мен құлдар көтерілісінің себептері;
 - Ертедегі Египеттің діні мен мәдениеті;
 - Ертедегі египеттің жүргізген соғыстары неліктен басқыншылық, тонаушылық соғыстар деп аталды?
- Сабақ үстінде алдын ала даярланған сұраулар бойынша өткізілді, олар мыналар:

Негізгі сұраулар:

- Ертедегі Египеттің территориясы (картадан көрсету) және халықтың кәсібі қандай болды?
- Құлдар қалай шықты және құлдар табудың көздері қандай болды?
- Ертедегі Египетте мемлекет қалай шыққан және қалай басқарылған?
- Құлдар мен кедейлердің көтерілісі неліктен шықты, қандай нәтижемен аяқталды?
- Ертедегі Египеттің жазу-сызу туралы айт.
- Ертедегі Египетте діннің шығу себебі не?
- Картадан Ертедегі Египеттің жаулап алған жерлерін көрсет.

Қосымша сұраулар:

- Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде неліктен мемлекет болмайды.

Ертедегі Египетте білімнің қандай салалары шықты қандай қоғамдық құрылысты алғашқы қауымдық құрылыс деп айтамыз?

Сабақ мынадай көрнекті құралдармен жабдықталады.

- Карта: «Ертедегі Шығыс».
- Осы тақырыптың хронологиялық кестесі.

Сабактың ақырында оқытушы мынадай қорытынды жасады: Ертедегі адамдар аңшылықтан егіншілікке және мал шаруашылығына көшкенде, еңбектен түсетін өнім әлдеқайда арта түседі. Бұл – рулық қауымға қажетті азық-түлік қорын жинауға мүмкіншілік берді. Енді ру ақсақалдары соғыс тұтқындарын өлтірмей, құл етіп пайдалатын болды. Құл еңбегін алғаш тайпа көсемдері мен ақсақалдар пайдаланды. Енді оларды құл иелері деп атаймыз. Құлдың шығуы нәтижесінде бұрын бір-бірімен тең, ерікті адамдар екіге бөлінді, бірі – бағындырушылар, яғни құл иелері, ал екіншісі бағынушылар, яғни құлдар болды. Құл еңбегі пайдаланып байыған құл иеленушілер тек құлдарды ғана емес, бірден-бірге өз тайпаларындағы кедей шаруаларды да езе бастады, тайпа ішіндегі қарыз төлей алмаған адамдарды олар құлға айналдырып

отырды. Құлдар мен кедейлер өздерін езіп-жанышып отырған құл иелерін жек көрді, оларға бағынғысы келмеді. Құлдар мен кедейлерді күштеп бағындыратын құрал, өздерін айтқандай мемлекет еді. Осы мақсатпен Елипетте алғаш рет мемлекеттер – номдар – пайда болды. Кейін номдар өздерінің күш-қуатын нығайту үшін бір тұтас, үлкен мемлекетке бірікті, оны фараон биледі. Бірақ ауыр езгіге төзе алмаған құлдар мен кедейлердің көтерілісі, сондай-ақ фараондардың жүргізген тонаушылық соғыстары бұл мемлекеттердің күшін әлсіретеді. Осыны пайдаланып шетел шапқыншыларының қол астына өткендігін көреміз.

Студенттердің өзіндік жұмыстар сабақтары басқа да тақырып бойынша осылайша тұрақты түрде өткізіліп отырылады.

1 «Егемен Қазақстан». – 2007, 2 наурыз.

ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕРДІ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫНА АЙНАЛДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ («ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҒЫ», 10 СЫНЫП)

Е.Т. Калиева – Әлем тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.

В статье сообщается о ходе разработки нового издания учебника по истории Казахстана для 10 классов общественно-гуманитарного направления общеобразовательных школ с изменениями и дополнениями. Показано как достижения национальной историографии воплощаются в учебный материал. Особенно, новые исследования касательно Сакских конфедераций (по Геродоту), Уйсунских, Хунских государственных, Туркских каганатов несут в себе новую концептуальную точку зрения.

The article reports on the progress of a new edition of a textbook on the history of Kazakhstan for 10th grade social and humanitarian direction of secondary schools with changes and additions. Shows how achievements of the national historiography have embodied in the learning material. Especially, new research regarding Saxon Confederation (according to Herodotus) Uysun, Hunnic statehood, Turkic khanate bear in themselves new conceptual point of view.

Қазақстан тарихын жаңа ғылыми-методологиялық, әдістемелік көзқарас тұрғысынан беру, оны жаңа зерттеу нәтижелерімен толықтыру қазір күн тәртібінде тарихшылардың алдында көкейтесті мәселе қатарында тұр.

Бүгінгі тарих өзінің тар пәндік шеңберінен шығып, пәнаралық ғылымға айналғаны анық. Ғалымның да рөлі өзгерді. Тарих ғылымына басқа ғылымдардың әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатын да едәуір өзгертіп жіберді. Ендігі жерде тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес, тарихшы «пайымдаушыға» – зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғалымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөн-жосықтарын, моралін «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуға тиіс [1].

Қазіргі кезеңдегі ұлттық тарихтың даму барысын көрсетіп, мектептегі тарихи білім беру мазмұнына үлкен өзгерістер енгізуді қажет етуде. Қазір оның мақсаты, негізгі бағыттары мен міндеттері қайта қаралу үстінде.

Тарих – көптеген факторлардан тұратын күрделі ғылым. Сол себепті де тарихты жаңа ұстанымдар тұрғысынан оқытуда оқушыларға ел тарихын дүниежүзілік өркениет шеңберінде қарастыру, деректерді өз беттерінше таңдау және бағалау мүмкіндіктерін дамыту талаптары қойылып отыр. Осылармен қатар оқушыларға, әсіресе жоғары сынып оқушыларына қойылар талаптар да жоғарылай түсері сөзсіз.

Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын, Мемлекет басшысы 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабында көрсетіп берді. Ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыруда 2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасының маңызы зор болды. Бағдарлама жүзеге асырылған жеті жылда – 2004-2011 жылдар аралығында Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша іргелі арнаулы зерттеулер жүргізілгендігі белгілі. Ендігі мақсат осы ғылыми зерттеулердің нәтижесін оқу материалдарына айналдыру, басқаша айтқанда оқулықтарға енгізу.

Сондықтан мектептің жоғары сыныптарына арналаған оқулық авторы [2] ретінде осы мәселелерге қатысты ойларымды білдіріп, нақты істелініп жатқан жұмыстар жөнінде ой бөлісуді жөн көрдім.

2013 жылы Қазақстан тарихынан жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағытының 10-11 сыныбына арналған жаңа оқу бағдарламасы [3] Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тарапынан жарық көрді (Авторлары: К.С. Ускембаева, З.Г. Сақтағанова, Т.Т. Турлыгул, Л.И. Зуева, Г.К. Смагулова, А.Т. Жанисов. Астана: 25 б.). Оқу пәнінің базалық мазмұны 10-11 сыныптарда барлығы аптасына екі рет 68 сағатқа есептелген. Бұл осыған дейінгі 51 сағаттық мөлшерден 68 сағатқа, демек 17 сағатқа көбейгендігін көрсетеді. Бұл қуантарлық жайт. Осы бағдарламаның негізінде «Мектеп» баспасы жоғарыда айтылған оқулық авторларымен оқулықты өңдеп, толықтырып, жаңарту бағытында жұмыс жүргізуде.

Жалпы оқулықта Қазақстан тарихының ежелгі дәуірі, ортағасырлар кезеңдері, Қазақстан Ресей империясының құрамында, демек ХІХ ғасырдың соңына дейінгі тарихи дәуір қамтылған. Ондағы біраз тақырыптар төменгі сыныптардағы “Қазақстан тарихы” оқулықтарынан таныс. Ал бірқатар тақырыптар мүлде жаңа, бұрынғы оқулықтарда қамтылмаған мәселелерге арналған.

Оқулықтағы тараулар Қазақстан тарихының өзекті және ғылыми мәселелеріне арналғандықтан, проблемалық жүйе бойынша орналастырылған. Мысалы, оқушылар 5-6-сыныптарда өтіп кеткен тас, қола, темір дәуірлері бұл оқулықта тереңірек қарастырылып, «Қазақстан тас дәуірінде», «Қазақстан қола дәуірінде», «Сақ тайпалары Қазақстан тарихында» деген жеке-жеке үш тарауды қамтып, теориялық мәселелермен толықтырылды.

«Ежелгі қазақстан тарихы жазба деректерде», «Қазақстан территориясындағы ежелгі мемлекеттер», «VI-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер: этникалық және саяси тарихы», «Көшпелілер өркеніеті», «Қазақ халқы мен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы» деген тараулар ежелгі және ортағасырлық тарихымыздың өзекті мәселелерін сөз етеді, өйткені бұл тараулар қазақ халқы тарихының аса маңызды, шешуші кезеңіне арналған.

Соңғы көптеген дерек көздеріне сүйене отырып, негізгі бөлігі қазіргі қазақ даласында қоныс тепкен Сақ конфедерациясы, Ғұн, Үйсін, Қаңлыдан Түрік қағанатына дейінгі дәуірді «Қазақ даласында құрылған ежелгі мемлекеттері кезеңі» деп тану үрдісі қалыптасу үстінде. Сөйтіп қазақ даласында салтанат құрған мемлекеттердің территориялық және этномәдени сабақтастығын ескеріп, Қазақ мемлекеттілігі тарихын төмендегі алты кезеңге бөліп қарастыру орын алып отыр.

1) Ежелгі мемлекеттер кезеңі: Сақ конфедерациясы (Страбон бойынша), Үйсін, Қаңлы, Ғұндар мемлекеті кезеңі.

2) Протоқазақтық Түрік, Түрек, Қимақ, Қарлұқ, Қыпшақ мемлекеті кезеңдері. Олай дейтініміз Қазақ мемлекетінің басты белгілері осы кезеңде жинақталып толысқан еді.

3) Моңғол ұлыстары билігі дәуіріндегі Қазақ мемлекеті.

4) Жошы-Қыпшақ державасы, Ақ орда мемлекеті. Қазақ хандығы кезеңі.

5) Патшалық Ресей, Кеңестер Одағы кезеңіндегі Қазақ мемлекеті.

6) Тәуелсіз Қазақстан Республикасы мемлекеттік өркендеудің жаңа белесі.

Қазақ тарихына қатысты қытай деректері өте көп. Бұл деректер бойынша Қазақ мемлекеттілігінде мұндай қайнар көздері. Олар: Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы. Бұл туралы ежелгі қытай деректерінде айтылады. Әйгілі Жоунаманың Түрік шежіресінде «Түркілер Ғұндардың бір тармағы... Арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты. Олардың ұлыс бабасы Адам Бек... Күмбез пішінді киіз үйде тұрады» делінген. Көшпенді сақтар, олардың шаруашылығы, өмір салты туралы Геродотта да жақсы айтылған.

Дегенмен бұл жерде «Еуропацентризммен әбден уланған шетелдік көпестердің, барлаушылардың, әскери адамдардың немесе географтардың қазақ тарихы туралы куәгерліктерін сыни талдаусыз сөзсіз ақиқат деп қарауға бола ма?» деген сұрақ туады. Біз ол дереккөздердің бәрін байыпты түрде қайта пайымдауға, бүгінгі ғылымның биігінен қарағанда олардың көбіне-көп қазіргі үлгі-қалыптар бойынша ешқандай сын көтермейтіндіген де ескеруге тиіспіз [1].

Мысалы, Ғұндар адамзат тарихында бүкіл түркі халықтарының ата-бабасы ретінде қалды. Қанша түркі халқы болатын болса, барлығы өзінің этникалық-саяси тарихын ғұндардан бастайды. Ендеше төмендегі деректерге назар аударайық. «ШиЦзи»-дің 123, «Цяньханшудың» 95-тарауында үйсін, қаңлылардың территориясы, жан саны, әскери күш қуаты туралы біршама мәлімет бар. Бұл материалдарды Н.Я. Бичурин орыс тіліне, ал ҚХР-дағы қазақ ғалымдары қазақ тіліне аударды. 1956 жылы шыққан «ҚХР-дағы ұлттар энциклопедиясында»: «Біздің заманымызға дейінгі 119 жылдары белгіленген Усунь (Үйсін), Сақ, Юу вэй шилер қазақтардың (хассак) ата-бабалары болып табылады. Біздің эрамыздың VI ғасырынан бастап Алтай түріктері, Кидан, Моңғол этнотобының бөлімдерімен араласу барысында толысып қалыптасты» делінген [5].

Оқулыққа осы зерттеулердегі тың пікірлер оқу материалы ретінде енгізілу үстінде. Бұрынғы зерттеулер түп нұсқа деректер емес, көбінесе орыс тіліне аударылған күйінде қолданылатын. Енді моңғол, қытай тілдерінен тікелей қазақ тіліне аудару мүмкіндігі туғандықтан, «Мәдени мұра» бағдарламасы арқасында көп деректердің табылуы ұлттық тарихымызды түгендеу барысында көп жайттардың басын ашып беріп отырды. Соған назар аудару қажет. Мысалы, осындай жаңа іргелі зерттеулерден Үйсіндердің астанасы бұрынғыдай Чигу, Чигучен емес, Черкук қаласы [4] екендігі анықталып отыр. Әрине, бұл ежелгі қытай иероглифтерінің әртүрлі дыбысталуынан болды. Бірақ тарих нақтылықты сүйетін ғылым, сондықтан осы түзетуді оқулыққа енгізіп отырмыз.

Былайша айтқанда, отандық тарихнамада бұл қаланың орнын анықтау, атауын көрсетуде біржақты

пікір жоқ. Қытайдың ерте кездегі тарихи жазба деректерінде Үйсін елі ордасы – Чекук қаласы деп көрсетіліп, Ұлы күнби осы қалада тұрады делінеді. Қытай тарихнамасында да Үйсін елінің астанасының орнын анықтау аса маңызды мәселе саналады. Қытайда жарық көрген «Ежелгі Үйсін елі» (Құрастырған Ш. Ахметұлы) деген көлемді жинақта Үйсін елінің астанасы Чекук қаласы деп бірнеше автор шегелеп көрсеткен. Олар Чекук қаласының орнын Ілеге құятын Текес деп аталатын өзеннің оңтүстігінде (Оңсу, Үштүрпан ауданы) тұрақтандырдыруға болады дейді. ҚХР жеріндегі үйсін ескерткіштері Қазақстанның Жетісу өлкесінен табылған ежелгі үйсіндердің археологиялық мәдениетімен біртұтас, біртектес екендігін көрсетті. Мысалы, осындағы Шаты өңірінде 200-ге тарта топырақтан үйілген күмбез пішінді обалар (үлкендерінің орамы 260 м шамасында) жөніндегі материалдар үйсіндердің кезінде тұрақты елді мекені болғандығын бейнелейді.

Іле өзенінің бір сағасы Текес ауданынан табылған қола бұйымдар «көшпелілер тарихи мәдениет жәдігерлерінен жүрдай» дейтін көзқарастың теріс түсінік екендігін растайды.

Тарихи жазба деректемелер бойынша Іле өзенінің жоғарғы аңғарын (ҚХР Іле қазақ автономиялы облысының аумағы) ежелгі Үйсін мемлекетінің орталық аймағы болған деп топшылауға болады. Іле аңғарында қытайлық ғалымдар 1988 жылы жүргізген археологиялық жаппай барлау кезінде есепке алынған байырғы үйсін обаларының ұзын саны 10 мыңнан асады. Олардың арасынан диаметрі 100-150 м. жететін үлкен обалар да жиі кездеседі. Ал 1990 ж. бері ҚХР-нің Іле өңіріндегі үйсін қорымдарынан тағы да мыңға тарта оба ашылды.

VI ғасырдан бастап Сак, Ғұн, Үйсіндерді Түркі дәуірі жалғастырды. Түркілер өздері өмір сүрген заманның тарихын тасқа қашап жазып қалдырды. Қытай әулеттерімен тығыз елшілік байланыстар орнатты. Мысалы, Түрік қағанаты Қытай патшалығына 370 рет елші аттандырған екен. Үйсін Елжаубидің елшілері Қытаймен тұрақты қарым-қатынаста болды. Мұның бәрі де қытай деректерінде көрініс тапқан.

Қазақстанның тарихын ғылыми дәуірлерге бөлуде әлемдік тарихта қолданылатын үрдістерге көңіл аудару және ондағы Қазақстанның орнын белгілеу міндеті тұр. Тарих ғылымында әмбебап өркениеттік және формациялық теорияларынан, ескі тәсілдемелер мен міндеттерден мүлдем жаңа талап қою және соған көшу орын алды. Түркі дәуірінен бастап, Жошы ұлысына дейінгі аралықта Қазақ даласында көптеген аса мемлекеттік құрылым салтанат құрды. Қай тайпа басым күшке айналуына байланысты ұлыс, елдердің аты өзгеріп отырғаны болмаса, олардың территориялық, этно-мәдени дамуы үзілмей жалғаса берді.

Егер біз ұлттық тарихты формациялық көзқарас түсініктерімен қарап, түркі қағанаттарының бірегей өркениетін, мысалы, ерте феодализм терминдерімен пайымдайтын болсақ, онда біз ештеңені де түсіне алмаймыз және қарадүрсін сұлбаны қайталаймыз. Егер қазақтар этногенезін марксистік структурализм терминдерімен қарастырсақ, онда біз кезекті бір тығырыққа тірелеміз. Өйткені, ескірген ғылыми тілдің көмегімен болмысты бүгінгі ғылым биігінен көруге болмайды. Қазақ этногенезін терең зерттеу үшін салааралық ғылыми жұмыстарды нығайту керек [1].

Ал Қазақ мемлекеті, қазақ ұлты Жошы ұлысының әскери сол қанаты, Ақ Орда дәуірінде «Алаш Елі», билеушісі Орыс хан – «Алаш хан» атанды. «Алаш» атауы қазақ атауының тікелей баламасы. Оны Қадырғали Жалайыр, Ш.Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтер әлдеқашан жазып кеткен. Бұл туралы парсы, моңғол, орыс деректерінде жеткілікті материалдар бар. Қазақ хандығы 1465-1466 жылдарда құрылды. Бірақ Қазақ хандығы қазақ мемлекеттілігінің бастауы да, соңғысы да емес. Сак, Үйсін дәуірінен бастап, бүгінге дейін өсіп-өніп келген дамып отырған құбылыс. Тәуелсіз Қазақстан бұл үрдістің жаңаша баспалдағы болды.

Соңғы жылдары тарихшы, жазушы, журналистердің арасында Шыңғыс хан тақырыбы шынайы тарихилықтан ауытқып, керіғар пікірлер орын алуда. Шын мәнінде Моңғол тарихы біршама зерттеліп, моңғолтану ғылымы әлемдік деңгейге көтерілген. Тек Қазақстанда ғана кенже қалып келді. Осы олқылықтардың орнын «Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар» («Елорда», 2001), Қазақ мемлекеті және Жошы хан» («Елорда», 2004), Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті» (екі томдық, «Тарих тағылымы», 2010) зерттеулері толтырар деген ойдамыз. Соңғы екі томдықтың бірінші томы «Шыңғыс хан», екіншісі «Қазақстан Моңғол ұлыстары билігі дәуірінде» деп аталады. Оған тарих ғылымдарының докторы Зардыхан Қинаятұлы өзіндік тұжырымдары арқылы тарихқа жаңаша көзқарас қалыптастыруға жол ашып отыр.

Сонымен қатар, «Түрік қағанаты-қазақ мемлекеттілігі тарихының бастау көзі» деген параграфтар жаңа оқу материалдармен толықтырылды. Бұл кезеңнің маңыздылығын ескере отырып, Қытайда әр дәуірде жазылған «Жиырма төрт тарих» деп аталатын ресми жылнамалардағы көне түріктерге қатысты тарихи деректер сұрыпталып, көне қытай тілінен қазіргі қазақ тіліне аударылды[6], оған ғылыми түсініктемелер жасалған. Бұл түркі тарихына тікелей қатысты қайталанбас түп деректер қатарына жатады. Қытай

иероглифтерінің көмескі сырларын ашуда түркітанушы-қытайтанушы ғалымдармен қатар салыстыра отырып зерттеу тарихшыларға да зор міндет жүктейді. Қолда бар материалдарға сүйене отырып, Түркі қағанаттары дәуірі былайша берілді. Тарихшылар көне түркі ескерткіштерін зерттей келе, Түркі қағанатының саяси тарихын төмендегідей кезеңдерге [7] бөледі:

1 кезең - Түркі қағанатының өрлеу кезеңі (552-630). Бұл 552 ж. Түркі қағанаты құрылғаннан 657 жылы Батыс Түркі қағанаты Таң империясының қол астына өткенге дейінгі аралықты қамтиды.

2 кезең - Түріктердің Таң империясының қоластында болған кезі (657-683). Бұл кезең ішкі билік үшін талас кесірінен Таң әулетінің қол астына қараған кезең.

3 кезең – Екінші Түркі қағанаты кезеңі (683-745) бұл кезеңде түркі халқы өз бостандығы үшін күресіп, мемлекеттілігін қайта қалпына келтірді.

4 кезең - Біріккен Түркі (Ұйғыр) қағанаты (745-840). Біріккен түркі қағанатын құрған тоғыз-оғыз тайпалық одақтың билік жүргізуші – хан руы Иоллуғ тайпасы болғанын сол дәуірде жазылып сақталған тарихи-деректер арқылы дәлелденді.

Қазақстан мемлекеттілігі тарихында Қимақ, Қыпшақ, Моғолстан, Қазақ хандығы тарихы біршама зерттелген тақырыптарға жатады. Ал Қазақстан тарихының Моңғол ұлыстары билігі дәуірі тарихын зерттеуде олқылықтар болды. Бұрын «Моңғол ұлыстары билігі дәуіріндегі Қазақстан» дегенде «ол кезде қазақ деген жеке халық, жеке ел болмаған» деген сөзді айтылатын. Қазір де «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген және әзірге жарық көре қоймаған басқадай деректемелердің негізінде дәуір тарихы жаңа ғылыми-әдістемелік көзқараста жазылуда.

Нәтижесінде Отандық тарих ғылымында «Ақ Орда» қазақтың алғашқы мемлекеті, «Қазақ хандығы Ақ Орда – қазақ мемлекетінің қайта шаңырақ көтеруі» деген концептуалдық жаңа бағыт қалыптасып келеді.

Сондай-ақ жаңа парсы тіліндегі дереккөздердің ашылуына байланысты Қасым ханның өмір тарихына қатысты жаңа деректемелер шығып жатыр. Мұндай жаңалықтар келешекте тарихымызды толықтыра түсері сөзсіз.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақ тарихына қатысты қытай деректерінің бес томдығы, Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелерінің үш томдығы, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты «Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы» он томдық (3 томы ортағасыр тарихына арналған), «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (Б.з. бұрынғы 177 жылдан б.з. 840 жылына дейінгі) екі томдығы жарық көрді.

Сондай-ақ – Қазақстан жерін мекендеген ежелгі түркі тайпалары туралы деректерді зерттеуде Қытай тілін білетін қазақ тарихшыларының еңбектерін ерекше атауға болады. Олардың зерттеулері ұлттық тарихнаманың тың көзқарастармен толықтырып байытты. Бұрын әсіресе ежелгі және ортағасыр дәуірлеріне қатысты ежелгі грек-рим авторларының, қытай деректерінің орыс тіліне аударған нұсқасын пайдаланып келсек. Енді әсіресе, қытай тілінен тікелей қазақ тіліне аударылған деректерді, зерттеулерді оқуға мүмкіндік алдық. Ең бастысы өз тарихымызға «басқаның», «өзгенің» көзқарасымен емес, өз көзқарасымен, қазақтың көзқарасымен қарап, қорытуға қол жеткіздік. Бұл қол жеткен үлкен жетістік. Оны мойындау қажет. Сонымен қатар, постмодернистік сөз саптау немесе лингвистикалық философияның концептілері қатты кешіксе де қазақ тіліне енгізіліп жатқанын тек қолдау керек.

Осылай қараған кезде әрбір ұлттық тарих формациялар мен өркениеттердің абстрактілі хронологиялық жылнамасы ретінде емес, халықтың бүкіл күрделілігі мен бөлек бітімін бойына сыйғызған жанды тарих ретінде бой көрсетеді. Тарихшының міндеті – ұлттық тарихты қайдағы бір әмбебап заңдылықтардың қасаң қалыптарына салып жібермей, ұлттық тарихтың жанды, бөлекше ағзасының қалай дамитынын түсіну болып табылады [1].

Дегенмен, мұның бәрі – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстың бастамасы ғана. Қазір, мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде біз өз тарихымызды осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз. Сөз жоқ, ұлттық тарихнамамыз қалыптасып үстінде. Олқылықтар мен кемшіліктер де жоқ емес. Дегенмен, бір жайдың басы ашық: біздің тарихнамамыз өзінің концептуалды-әдістемелік және тілдік құралын жетілдіре отырып даму бағытына бет түзеуде.

1 Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы барысында мемлекеттік хатшы Марат Тәжин жасаған баяндамадан//Тарих толқынындағы халық. Егеменді Қазақстан. 6 маусым 2013 жыл, - 3 б.

2 Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев, Е.Калиева, Т.Далаева. - Өңд., толықт.,--бас. - Алматы: Мектеп, 2010. - 240 б., сур.

3 Қазақстан тарихы. Оқу бағдарламасы. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық және

жаратылыстану-математика бағытының 10-11 сыныбына арналған. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2013 - 25 б. Авторлары: К.С. Ускембаева, З.Г. Сақтағанова, Т.Т. Турлыгул, Л.И. Зуева, Г.К. Смагулова, А.Т. Жанисов.

4 Ежелгі Үйсін елі. Құрастырушы Шадыман Ахметұлы. ҚХР Шыңжаң Халық баспасы. - 310 б.: Ирмуханов Б.Б. Этническая история древнего Казахстана.-Алматы:ИД «МИР», 2010.-320 стр.; Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках. V-XV в.н.э. (извлечения из источников) – Алматы: «Өлке», 1997, - 370 с.; Великая Степь в античных и византийских источниках. Сборник материалов. Составление и редакция А.Н. Гаркавца. - Алматы, 2005.

5 Зардыхан Қинаятұлы. Тамыры терең тарихымыз бар // «Түркістан» апталығынан.; Қинаятұлы Зардыхан. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар. - «Елорда», 2001; Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан». - «Елорда», 2004; Қинаятұлы Зардыхан. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті». екі томдық, Бірінші том «Шыңғыс хан», екіншісі том «Қазақстан Моңғол ұлыстары билігі дәуірінде». «Тарих тағылымы», 2010.

6 Ұлы түрік қағанаты. Қытай деректері мен түсініктер. Құрастырушы және түсінік жазған Шадыман Ахметұлы. ҚХР Шыңжаң жастар – өрендер баспасы. - Үрімжі, 2006.

7 Қайыркен Тұрсынхан Законұлы, Қаржаубай Сартқожаұлы зерттеулерінен алынды.; Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы, - Астана: Күлтегін, 2005. - 360 б.; Қазақстан тарихы туралы қытай деректері / Б.Еженхан, Ж.Ошан ауд. - IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. - Алматы: Дайк-Пресс, 2006. (Мәдени мұра). - 480 б.; Дәулетхан Ә. Түркеш қағанаты (саяси және мәдени тарихын зерттеу 692-766 жылдар). Бірінші кітап. - Алматы, 2005.; Дәулетхан Ә. Хүн-түрік-қазақ тарихын зерттеу мәселелері. (Ерте орта ғасыр-орта ғасыр). Екінші кітап. - Алматы, 2005.

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Г.М. Көккөзова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Инновациялық технологиялар және толеранттылық білім беру орталығының» магистрі, оқытушы

В статье рассматриваются вопросы инновационных методов обучения и проблемы подготовки научно-педагогических кадров

In it to article the metodovobucheniya and to problems of preparation of scientific and pedagogical shots rises questions about innovative

Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықты қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық, басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Ол бүгінгі өскелең өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға – әрбір ұстаз міндетті. Еліміздегі жоғары оқу орындарында білім мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Оқытудың кредиттік жүйесін, қашықтан оқыту формасын енгізуді, маман даярлаудың көпсатылы құрылымына көшуді, оқу үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен сабақ берудің озық әдістерін қолдануды атап айтуға болады. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы инновациялық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен: – дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады. Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген инновациялық технологияның негізіне жататындар: әрбір білім алушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру; студенттердің қабілеттері мен шығармашылығын арттыру; балалардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру. Инновациялық технология түрлеріне: ынтымақтық педагогикасы; білім беруді ізгілендіру технологиясы; проблемалы оқыту технологиясы; тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы; түсіндіру басқарып оза оқыту технологиясы; деңгей-

лік саралап оқыту технологиясы; міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; жобалап оқыту технологиясы.

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;
- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;
- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Инновация-жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс. Инновациялық құрал және үрдіс әлде бір жаңалықты енгізу деген сөз. Педагогикалық үрдісте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсатымен мазмұнын, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Қазақ тілін оқытуда сөйлесім іскерлігін кейбір интербелсенді әдістерді қолдану арқылы үйретеді. Инновациялық үрдіссіз мектептің дамуы мүмкін емес. Инновациялық іс-әрекет-қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір мұғалім өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс-әрекетін саналы түрде өзгертеді.

Инновациялық үрдістің кезендері:

- инновацияның себептері;
- жаңалықты жобалау;
- жаңалықты жүзеге асыру.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтай біз болашақта инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Тарихты оқыта отыра дәріс, семинар сабақтарының барысында әр түрлі жаңа технологиялық тәсілдерді пайдаланып түрлендіріп, шығармашылыққа, ізденушілікке жол сілтейді. «Тарихты оқыту сабағында студенттердің білімін» тиімді пайдалана отырып, күнделікті сабақты ыңғайына қарай әдіс-тәсілдерімен түрлендіріп өткізілген кезде, студенттердің сабаққа деген қызығушылығы да арта түседі. Сабақ мазмұнын теориялық, практикалық құндылығы жоғары болған сайын, құрылымы көп түрлі оқыту әдістерімен оқытушының дайындығымен жоғары деңгейде өтеді. Студент пәнге деген қызығушылығын арттыру – оқытушының өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып, жаңа сабақ үлгілерімен студенттермен шығармашылық ізденуін қалыптастыру, студенттарға сұрақ қою, жұмбақ жасыру, шешу, танымдық ойындар ұйымдастыру арқылы іске асады. Оқу жүйесін тиімділендіру үшін жаңа білімді меңгеру кезінде компьютерлік презентацияны оқу ақпаратының қайнар көзі және көрнекі құрал ретінде қолдануға және жаттықтыру бағдарламаларын қолдану арқылы студенттердің зерттеу әрекетінің негізінде өз бетімен білім алуға мүмкіндік беретін зерттеу сабақтарын өткізуге болады.

Тарихты оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде оқытушымамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интеллектін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білім де, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын. Технология мен әдістеменің мақсаты бір – “қалай оқыту мәселелерін қарастырады”. “Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер деп Ж.Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар студенттердің жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, терендетуге жағдай жасайды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа инновациялық технологиялар студенттердің жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияларды меңгеру оқытушының зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

«Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады», – деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал студент тыңдайды, қабылдайды, ойлайды т.б. таным әрекеттерін жасайды.

“Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық” деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ студенттердің ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- Студенттің пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- патриоттық тәрбие береді;
- студентті шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Мультимедиялық проекторды пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:

- барлық баланы оқыту;
- оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- студенттің жеке қабілетін айқындау, іздену.

Яғни, әр тарих сабақтарында слайдтар қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде студенттердің тарихына және отанына деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз сөзсіз.

- Студент материалды қалай меңгергендігі байқалады;
- Студент білімін тұрақтандыруға көмектеседі;
- ізденуге жетелейді, қызықтырады;
- талдау нәтижесінде оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті артады;
- өзіндік пікірі қалыптасады.

Біз ұстаздар қауымы қандай да болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал, соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда балаларға ойланып-толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек.

“Қызығушылығын ояту” кезеңінде алдыңғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында тест, кесте, сұрақ арқылы жұмыстарын өткізу арқылы студенттің білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында “Топтастыру” стратегиясы арқылы студенттермен бірлесе отырып, жай сөздермен емес, тақырыппен байланыстыра жаңа сабақтың атауын шығарамыз.

Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой-толғаныс. Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек деп ойлаймын.

Жаһандану дәуірі – әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде маман кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Жаңашылдық – білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. Ол оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі

мен өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Білім беру саласына жаңалықтар енгізбестен бұрын, қоғамдық еңбектің басқа салаларына сәтті түрде жаңалықтар енгізу қиынға соғады. Өзгерістер өмірдің диалектикасы ретінде тек қана біздің заманға, біздің қоғамға және біздің өмірге тән құбылыс емес. Олар мәңгі адами қозғалыстың, яғни адамның жақсы өмір сүруіне, жаңа заман талабына сай шарттарға қол жеткізуіне деген күресі мен талпынысының көрінісіне айнала отырып, жалпы өмірдің диалектикасын бейнелейді. Жуырда ғана мұндай өзгерістер өте баяу жүзеге асатын, алайда соңғы жылдардағы ғылым мен техниканың өзара тығыз байланысты дамуының нәтижесінде олар да қарқындылығын күшейте бастады.

Бүгінгі күні әртүрлі елдер үшін білім беру мен тәлім-тәрбиені дамыту бағытында ортақ қиыншылықтардың туындағанына қарамастан, олар бір-бірінен білім беру мәселелерін шешу жолдары, әдістері және мақсаттары тұрғысынан елеулі дәрежеде ерекшеленіп отырғандығы байқалады. Мұндай айырмашылықтар адамның ролі мен оны жетілдірудің маңызын (мінез-құлқының маңызын, жеке тұлғаны дамытудағы тәрбиенің ролін), осыдан барып қоғамның жекелеген мәселелерін шешудегі, оның қажеттіліктерін қанағаттандырудағы және жалпы қоғамды дамытудағы білім беру жүйесінің міндеттерін әртүрлі түсінуден келіп шығады. Осыған байланысты, әртүрлі қоғамдық-саяси жүйелерімен ерекшеленетін елдерде білім беру саласына жаңалықтар әртүрлі мақсаттармен, әртүрлі тәсілдермен және әртүрлі атаулармен енгізіледі де, олардан әртүрлі нәтижелер күтіледі. Әртүрлі елдердегі бірдей жаңалықтар әртүрлі қызметтерге ие болып, оларды қолдану нәтижелері де түрліше бағаланады.

«Білекке сенер заманда ешкімге есе бермедік, Білімге сенер заманда, қапы қалып жүрмейік» – деп Абылай хан айтқандай әр мұғалім жаңа технологияның идеяларын іздене оқып, педагогика саласында өз жолын, өз тың еңбегін, өз сүрлеуін салуға үлес қосуға тиісті.

1 Крутецкой В.А. О проблемной обучении. Вып.,1, - М.: Высшая школа, 1967.

2 Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. - Алматы, 2000.

3 Выготский Л.С. Мышление и речь. – М., 1999.

4 Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – // Қазақстан мектебі, - №4, 2006.

5 Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.

6 Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, - №4, 2008.

7 Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.

АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

ҚАЗАҚТАРДАҒЫ НЕКЕ ҚИЮ РӘСІМІ

Т.Е. Картаева – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Обряд венчания имеет особую роль в этнической культуре казахов. В статье рассматриваются обряды и порядок венчания по норму адата. Мулла за совершение венчания получает от жениха подарок, смотря по его состоянию. Венчание совершилось несколько лет позже после сватовства, то есть после полной уплаты калыма. Венчание совершается в ауле невесты при свидетелях. Вступление в брак в степенях родства, до 7 поколений не допускались, мулла венчавшейся незаконный брак и бывшие свидетели незаконного брака подвергались наказанию по адату. В статье рассматривается сведение от первоисточников и материалы собранные во время полевых экспедиции касающихся по обряду венчание.

Wedding ceremony has a special role in the culture of the ethnic Kazakhs. The article discusses the procedure for wedding ceremonies and at the rate of adat. Mullah for the commission receives wedding gift from the groom, depending on its condition. The wedding has taken place a few years later after a courtship that is, after full payment of the bride price. The article deals with the reduction of the primary sources and materials collected during field expeditions on the custom of wedding.

Неке қию шарты. Отау тігетін екі жастың одағын бекіту дәстүрі - *неке қию* деп аталады. Қазақтар арасында неке қию рәсімі ислам дінін қабылдағаннан бері белгілі, некелескенге дейін күйеу қалыңдық ауылына бірнеше рет барады (құда түсер, ұрын келу т.б.). Неке қию құда түскеннен бірнеше жылдан кейін де болуы мүмкін, неке қию қыздың қалыңмалы толық төленіп болған соң қыз ұзату тойы барысында қыз әкесінің ауылында орындалады. Жастардан отау құруға деген келісімі неке қию кезінде сұралады. Келісім беруші қалыңдық кәмелетке жеткен болуы тиіс, егер қыз ұялып үндемесе, келісім бергені деп саналады, шарифат үшін ата-анасы разы болса жетеді. Байырғы қазақ қоғамында неке қиюға молданы қыздың әке-шешесі шақырған. Қазақтарда неке қию «болыс» үйде, кей өңірде «қызқашар» ұйымдастырған үйде, яғни ойын-той өткізетін ағайындарының үйінде орындалған. Неке қиылғаннан кейін жас жұбайлар отау үйге барған, алғашқы түнді өткізу де қыз әкесі ауылында орындалған.

Қазақтар арасында ертеден келе жатқан некелесудің шарттары болды. Қазақтың әдеттік құқығы, дәстүрі бойынша жеті атаға дейін қыз алыспайды. Мұның өзі, біріншіден, некеге тұрудағы қан тазалығын, тектілікті сақтау қажеттілігінен туындаса, екіншіден, екі рулы елдің бір-бірімен құдандалы-жекжат болуы қазақ арасындағы тыныштықтың бұзылмай, татулықтың орнауына септігін тигізген. Қыз алыспайтын рулар арасынан некелесеміз дегендерге 72 ден 90-ға дейін дүре соғылып, бүкіл халық беттеріне түкірген, халықтың теріс айналуы жазаның ауыры саналған [3, с. 172]. Заңсыз некеге куә болғандарға 30 дан 70-ке дейін, заңсыз некені қиған молданы лауазымынан айырып, 75 тен 90-ға дейін дүре соққан [3, с. 178]. Қазақта өгей шешеге, асыранды қызға, келінге, енеге үйленуге болмайды. Сондай-ақ еркек әйелінің көзі тірісінде балдызына, қайынбикесіне, қайнағасының қызына үйлене алмайды.

Некелесу жасы. Әдеттік құқықта некеге тұру жасы ерлер үшін 15 жас, әйелдер үшін 16 жас деп белгіленді [3, с. 151; 4, с. 2]. Дегенмен қазақтар арасында сирек болса 13-тен отау тіккен жағдайлар кездескен. Қазақтар қыздың ерте тұрмысқа шығуын «*тұзды көп сақтама су бұзар, қызды көп сақтама сөз бұзар*» деп түсіндірген. Қазақтар арасында некелесу жасындағы айырмашылық әлеуметтік жағдаймен байланысты болды. Байлар ұлдарын 12-15, кедейлер кешірек үйлендірген. Н.Гродеков Қазалы уезінде байлар арасында балаларын 9-12 жаста үйлендірген жайттың кездесетіндігін айтқан [2, с. 55]. Бала күнінен айттырып, 12-15 арасында үйлендірген жайттардың жиі кездескенін Құдабай Қостанаев та өз еңбегіне арқау еткен [7, с. 22]. 12-13-ге үйлендіру белгілі бір жағдайға байланысты туындаған (жаугершілік, ата-ананың көзіміздің тірісінде міндетімізден құтылайық деуі т.б.), қызды енесі қасына алып, өзіне баулып тәрбиелеген, тек есейді дегенде ғана ұлымен қосқан. Ертеде Сыр бойындағы қазақ отбасының бәрінде дерлік қызбаланы бесікте жатқан кезінде-ақ айттырылып қойылатынын, – дейді қариялар, әрі бұл әдет-ғұрыптың орын алуын Сыр өңірінде қокандықтар билігінің орнығуымен байланыстырады. Ерте некелесу жаппай емес, сирек болған жайт, көбіне қыздар 15-17 жаста тұрмыс құрған [АЭМ].

Неке қию ақысы. Н.Гродековтың жазып алуы бойынша, Ташкент өңіріндегі қазақтар неке қиғаны үшін имамға 40 тиын, биге 2 рубль төлеген. Перовск уезінің төресі Дәулет Бушаевтың айтуы бойынша неке қидыруға шақырған отбасы әлеуметтік жағдайына шама-шарқы жеткенінше 1 қой және 40 тиын, кейбірі ақшалай 4 рубль 40 тиын төлеген немесе сыйлықтар берген. Перовск уезінде де неке қиюға молдамен қатар би де шақырылған. Биге еш сыйақы берілмеген, ал молдаға неке қиғаны үшін «*екі баулы шапан*»,

яғни шапан немесе қошқар, ол болмаса 4 рубль ақша берген. Ал жесір әйелмен неке қидырғанда осы сыйлықтың жартысы төленеді [2, с. 68-69]. Ал, П.Е. Маковецкий бойынша молдаға некеқиярға 40 тиын төлейді, ал ауыл биі некеқиярға қатыспаса да «некеқияр» дәстүрінің ақысын алады [4]. Р.Карутц бойынша, Маңғыстау өңірінде неке қию ақысын күйеу жігіттен куәлар арқылы сұраған, неке қию ақысы 5-10 рубль болған [6, с. 106]

Неке қию тәртібі. Некеқияр қалыңдықты аттандырар күннің алдында «*қыз қашар*» және «*тартыс*» дәстүрлерінен кейін кешкісін жасалады [4]. Неке қиюшы молда мен некелесушілер арасында «*куәгерлер*» жүреді. Қазақтар арасында куәгерлер неке қиюшы мен некелесушілер арасында келіссөз жүргізушілер есебі десе де болады. Некеқияр кезде екі арада жүретін екі куәнің, күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтатын сөздерін «*неке қияр сөз*» немесе «*куәлік сөз*» деп айтады. Бұл әнмен айтылмайды, бірақ өлеңше ұйқасқан, бір қалыпты айтылады:

*Куә, куә, куәдірміз,
Куәлікке жүредіріміз.
Мұнда халық қасында,
Таңда Хақ алдына*

Ақ куәлігін бередүрміз, – деп қыз әкесінен, күйеу жігіттен, қалыңдықтан келісім сұрап, жауабын молдаға жеткізіп отырады [АЭМ].

Қазақтар арасында неке қию дәстүрінің аймақтық ерекшеліктері байқалады. Орынбор өлкесі қазақтарында күйеужігіт шымылдықпен бөлінген, қонақтар оны көре алмайтын киіз үйдің бір бөлігінде отырады, қалыңдық әке-шешесімен бірге басқа үйде орналасады. Молда екі епті жігітті таңдап алып, қалыңдықтың әкесіне: «*қызын пәленше деген адамға беруге келіседі ме?*», – деп сұрауға жібереді. Жіберілгендер қайтып келіп, бәрі естигіндей етіп жауапты жеткізеді. Молда осындай сұрақпен куәлерді қыз әкесіне үш рет жібереді. Одан кейін молда куәлерді қыз әкесіне «*қалыңмалды толық алды ма, неке қиюға кедергі жоқ па?*» – деген сұрақпен жібереді. Одан кейін күйеужігіттен «*түгеншеменің ниетімен некеге тұрғысы келеді ме?*» – деп сұрайды. Содан кейін сол сұрақпен қалыңдыққа жібереді. Қалыңдық жылап жауап бермеуі мүмкін, әке-шешесі «*айналайын келісе ғой, өмір бойыбірге тұрмақ жоқ қой*», – деп оны жұбатып, келісімін алып береді. Содан кейін барып молда күйеу жігіт пен қалыңдықты, жиналғандарды киіз үйге кіргізіп, неке қиюға кіріседі. Неке суын құятын ыдыс молда алдына қойылып, жерге ұшына матаның қиындысы байланған садақ шаншылады. Садақ шаншу некенің берік болуына меңзейді. Ыдысқа таза суды молданың өзі құйып, бетін мата кесіндісімен жабады. Неке қидырушы жұбайларға бата сұрап барып некеқияр дұғасын оқиды. Дұға оқып болған соң ол қалыңдықтың жүзігін алып суға батырып, өзіне қайтарып береді. Содан соң күйеу жігітке қарап, өмірлік жарына қорған болуына өсиеттер айтады. Соңында күйеужігітке, қалыңдыққа, қатысып отырғандарға бөліп ішкізеді [9].

Қазалы уезінде неке ыдысына су құйылып, қалыңдық ыдысқа күміс сырға немесе сақина тастайды да, ыдысты ақ орамалмен жабады. Күйеу жігіт сол орамалдың шетіне ағаш байлайды. Неке қиылып болғасын неке ыдысындағы әшекейді қайта алып, оны некелерінің белгісі ретінде сақтайды. Неке суын алдымен күйеу, содан соң қалыңдық, одан қалғандарын қатысып отырған куәлар ішіп шығады. Ақ орамалды куәлар алады. Некесі қиылған жастар арнайы тігілген отау үйге кіргізіліп, оңаша қалдырылады [2, с. 68-69]. Н.Калмаков бойынша неке ыдысына сақина немесе сырғаны қалыңдықтың өзі тастайды, содан соң беті орамалмен жабылады, дұға оқылып біткен соң тостақандағы заттар шығарылып барып, күйеу мен қалыңдық неке суынан ұрттайды [5, с. 228]. Ал, П.Е. Маковецкий бойынша неке қию қалыңдықты аттандырар алдында «*отаусалар*» дәстүрі алдында өтіледі [4]. Маңғыстау өңірінде неке қию кешқұрым орындалған. Бірінші куәларды қалыңдыққа жіберген, қалыңдық жауабын құрбылары арқылы берген, дауыстап келісім беру қалыңдыққа ұятқа саналған. Неке суын орамалмен жауып қойған, дұға оқылған соң бірінші молданың өзі ішкен, сосын қалыңдыққа, одан кейін күйеуге, содан кейін неке қию рәсімі қатысып отырғандар жасы үлкенінен бастап ішіп шыққан [6, с. 106].

Қ.Қостанаев бойынша, молда неке қиюды «*аумин, аулакбар*» деп бата айтудан бастайды. Қалыңдық құрбыларымен шымылдық артында отырады, ал күйеу жігіт екі куә, өкілдермен киіз үйдің ортасында отырады. Молда күйеу жігіттен қалыңдықтың және оның әке-шешесінің атын айтып, (бәленше қызы түгеншені) «*өзіңе жұп қылып алуға келіссіз бе*» деп сұрайды. Күйеу жігіт «*қабыл қылдым, қабыл тұттым*» деп жауап береді. Осы сұрақты қалыңдыққа да қойып, осындай жауап алады. Әр сұраққа жауап алғаннан кейін олар міндетті түрде «*куә жырын*» айтып отырады. Содан кейін молда «*хұтба*» дұғасын оқиды. Содан кейін су ішіне тиын, сақина, жүзіктер салынған ағаш аяқ әкелініп, оған молда дем салып, «үшкіргеннен» соң, куәлар күйеу жігіт пен қалыңдыққа, одан кейін қатысып отырғанда ұсынады, әрқайсысына бір жұтымнан су ішкіздіріп шығады [7, с. 31-32].

Н.Жетпісбаев дерегіне сүйенсек, неке қиярда күйеу жігіт пен қалыңдықты шымылдық бөліп тұрған.

Неке суын қатысушылардың бәрі ішіп болған соң, қалыңдық түбіндегі қалғанын ішіп барып, ыдыс ішіндегі күйеу жігіт әдейі салып қойған сақинаны алады [10].

Қиылған некені «неке суын» ішкізу арқылы бекітеді. Қазақтар неке суына әдетте аздап, тұз, қант қосқан екен. Су – екі жастың пәктігіне, тұз – егер екі жастың бірі келешекте опасыздық етіп, некені бұзса, дәм атуына, қант – екеуінің тату-тәтті өмір сүруіне деп ырымдалған, ал сақина неке ескерткіші, некені мәңгілік еске түсіріп тұратын белгі ретінде саналған. Күйеу мен қалыңдық ыдыстың бір жерінен ішу керек. Бұл олардың ендігі жерде бірге болатындықтарын білдіреді. Некеқияр аяқталған соң қыз ата-анасы күйеу жігітке «құлыңызға бір сүйек бердік, мұны жақсылап күтіп бағыңыз, азар беріп, ұрма, бимаз жаман сөйлемейіз» – дейді, қыздарына «балам жаман болма, атаңа нәлет келтірерсің» - деп, ақыл-кеңес береді [2, с. 70]. Некесі қиылған жастар арнайы тігілген отау үйге, алғашқы түнді өткізуге кіреді. Ертеңіне қалыңдық шешесімен, күйеу жақтан келушілермен күйеу ауылына аттанады.

Әдеттік құқық бойынша, неке қию үшін кемі екі куә қатысуы тиіс және молда неке қию ақысын күйеу жігіттің әлеуметтік жағдайына қарай алуы керек [3, с. 157].

Арал өңірінде молда неке қиғанда екеуінен де «ырзасың ба», – деп сұрап, келісімдерін қағазға жаздырып алған. Содан кейін неке суын ішкізген. Молданы үйге оңаша шақырып, жасырын түрде неке қиғызу кеңес үкіметі тұсында да, жалғасқан, молдаға неке қиғаны үшін ата-ана шама-шарқына қарай сый-сиапат көрсеткен, бар болса 1 қой берген не болмаса шапан, көйлек, тақия салып түйіншек дайындаған, кеңестік дәуірде неке қию жігіт үйінде орындалған [АЭМ].

Қазақ жерінің Сыр өңірінде билер молдамен қатар, неке қиюға қатысса, кейін билердің бұл құзырына шектеу қойылған, бұл қазақ жеріндегі Ресей патшалығы билігінің XIX ғасырдың аяғында билер лауазымын шектеуімен байланысты. Ә.Бөкейханов тіпті орыс билігі кей ауылда молданың да неке қиюын шектеп, бұл қызметті ауылнай атқарып жүргенін жазған [8].

Неке қию дәстүрі қазақ қоғамында Кеңес үкіметі билік құрғанға дейін берік сақталды, кеңестік билік исламша неке қидыруға қарсы болғанымен, ішінара жалғасып келді, қазіргі кезеңде заңды некені ислам жолымен, яғни неке қию арқылы бекіту дәстүрлері қайта жаңғырып, бұл мешітте орындалуда.

Қазақ халқының неке қию рәсіміндегі ұлттық, этникалық ерекшеліктер әдеттік құқықтық нормалардың неке-отбасылық талаптарынан, некелесу жасынан, неке қию шарттарынан көрінді. Неке қию рәсімінің атқарылуының қазақ жерінің әр өңірінде орын алған аймақтық ерекшеліктерінің болғандығын алғашқы авторлардың жазба деректері айғақтайды. Қазақ халқының неке қию дәстүрінің кейбір шарттары XX ғасырдың бас кезінен бастап өзгерген, мысалы, неке қию рәсімінің қыз ауылында өтуі, неке қию рәсімінде «куәлер жырының» айтылуы қолданыстан шығып қалған. Неке қию рәсімі атқарылатын ғұрыптық рәсімдер жүйесі наным-сенімдер жүйесімен астасып жатыр.

1 Авторлық экспедициялық материалдар - АЭМ.

2 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1. - Ташкент: Типо-литография С.И. Лахтина, 1889. - 205 с.

3 Загряжский Г.С. Юридический обычай киргиз о различных родах состояний и о правах им присвоенных. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву. Ежегодник. МСТК. Под ред. Н.А. Маева. Вып IV. - СПб.: 1876. - С. 151-203. (210 с.)

4 Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. 1. Материальное право. - Омск: Типография Окружного штаба, 1886. - 83 с.

5 Калмаков Н. Некоторые семейные обычаи киргизов северных уездов Сыр-Дарьинской области. Кауфманский сборник, изданный в память 25-ти лет истекших со дня смерти покорителя и устроителя Туркестанского края генерал-адъютанта К.П. фон-Кауфмана 1-го». - М.: Типо-литография И.Н. Кушнерева и К. 1910. - С. 221-228.

6 Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. Пер с нем. Е.Петри. - СПб.: Издание А.Ф. Девриева, 1910. - 188 с.

7 Кустанаев Худабай. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. Сочинения воспитанника IV класса Туркестанской Учительской семинарии. Под редакцией Н.А. Воскресенского. - Ташкент: Типо-Литография Бр. Перцевых, 1894. - 52 с.

8 Қыр баласы. Тағы да ғәм билік туралы. Қазақ газеті, 1914, - №50, 14 ақпан.

9 Ф.Л-ий. Свадебные обычаи у киргизов Оренбургского ведомства. Московские ведомости, 1862 №151, 154, 158.

10 Н.-Дж-баев. Свадебные обычаи киргизов. Степной листок, 1893, №36-37.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

ИСТОРИЯ АКМОЛИНСКОГО ВНЕШНЕГО ОКРУГА И СТАРШИЙ СУЛТАН КОНУРКУЛДЖА КУДАЙМЕНДИН

А.Т. Бексентова – *Кокшетауский государственный университет им. Ш.Ш. Уалиханова*

Мақалада Ақмола сыртқы округінің құрылуы және оған қарасты рулардың орналасуы қарастырылады. Жаңадан құрылған округтер шекаралық басқармамен тығыз байланыста болып, көшпелі қазақ ауылдарын нақты бір жерге орнықтырып, қазақ жерінің Ресей империясының құрамына қосылуын аяқтауға жағдай жасауға тиісті болатын. Алайда, қазақ даласына ендірілген жаңа әкімшілік тәртіп бірқатар сұлтандармен ірі шонжарлар арасында қарсылық тудырды. Құрамындағы болыстарының саны жағынан Ақмола округі ең ірі округ болды. Округті құрғанда көптеген рулар әдейі бөлішектеніп, басқа рулармен біріктірілді. Нәтижесінде, дәстүрлі басқару жүйесі мен көші-қон маршруттары бұзылды. Осының бәрі XIX ғасырдың I жартысында қазақ қоғамында орын алған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс пен руаралық қақтығыстарға әкелді. Қазақ даласын патша үкіметінің мүддесіне сәйкес келетіндей әкімшілік-территориялық бөліктерге бөліп билейтіндей басқарудың жаңа моделін іздестіру, өлкені басқарудың жаңа жүйесін енгізуге әкелді. Бұның өзі Қазақстанның Ресей империясының құрамында дамуының жаңа кезеңінің басталуына әкелді. Сонымен бірге мақалада аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендиннің округтің қоғамдық-саяси тарихындағы қызметі қарастырылады.

This article considers the reasons of education and moving of tribes in the Akmola district. Formation of districts closely connected with bodies of border management, had to strengthen the Kazakh nomad auls in a certain territory, create conditions for completion of accession Kazakhstan to Russia. And meanwhile introduced new administrative order of the steppe, that is "The charter about the Siberian Kyrgyz", caused sharp counteraction among some aggrieved khan successors and overlords, who did everything to restore former way and even to tear away Kazakhstan from Russia. By number of volosts the Akmola external district became soon the largest in Kazakhstan. At their formation many tribal unities underwent an artificial partition and mixing. Traditional routes of nomadships and usual executive system for Kazakhs were broken. All this became one of the reasons of the subsequent intergeneric conflicts, the social and economic crisis, which has captured the Kazakh society in the first half of the XIX century. Searches of an accepted for the Russian authorities model management and administrative-territorial division led, as we know, to development and the consolidation of new transformations that began absolutely new stage of development Kazakhstan as a part of the Russian Empire.

Also this article considers the role of the senior sultans including Konurkuldzhi Kudaymendin's activity in political history of the district.

В первой половине XIX века обрела свои окончательные контуры политика царской России по отношению к Казахстану. Усилия самодержавия, направленные ранее на склонение казахской знати к добровольному принятию российского подданства при сохранении института ханской власти, не дали желаемых результатов. Процесс включения казахских земель в состав Российской империи принял затяжной и сложный характер, для изменения ситуации царизм переходит к силовым методам присоединения Казахстана к России. После упразднения ханской власти в Среднем жузе царское правительство, опираясь на Устав о сибирских киргизах (казахах) 1822 года, начало вводить в обширном степном регионе Казахстана новую систему управления, разработанную М.Сперанским. По Уставу 1822 г. земли Среднего жуза должны были составить так называемые внешние округа Омской области Западно-Сибирского генерал-губернаторства. Каждый из открываемых округов формировался из 15-20 волостей, объединявших 10-12 аулов. Аул рассматривался в качестве административной единицы, если насчитывал не менее 50 хозяйств [1]. Во всех внешних округах для управления ими учреждались окружные приказы (диваны) во главе со старшими султанами, избиравшимися на три года из числа наиболее влиятельных родоначальников, пользовавшихся доверием российских властей. Каждый округ получал собственное название «по имени знатнейшего урочища на занимаемых оным землях» [2]. Окружные приказы обязаны были следить за соблюдением установленного порядка, иметь точные сведения о дислокации аулов и волостей в любое время года, вести учет населения по числу хозяйств, один раз в год, в летнее время, собирать ясак скотом, заботиться о просвещении населения, содействовать распространению хлебопашества и местной промышленности. Приказы наделялись полномочиями уездных судов.

Следует сразу отметить, что многие положения Устава 1822 года были оторваны от жизни, носили, по сути дела, характер благих пожеланий и остались нереализованными. Кардинальное же изменение политической структуры традиционного кочевого общества, не опиравшееся на соответствующее изменение экономики и психологии народа, уже в скором времени привело к глубокому и затяжному кризису всей системы социально-экономических отношений, одним из самых тяжелых последствий которого стала существенная деформация общественного сознания.

Вскоре после утверждения Устава о сибирских казахах, 29 апреля 1824 года, состоялось открытие Кокчетавского окружного приказа. 24 июня этого же года был принят указ об образовании Каркаралинского округа. В 1831 году состоялось открытие Аягузского округа, а 9 января 1832 года Николай I санкционировал открытие четвертого внешнего округа – Акмолинского. Этому предшествовали следующие события.

В 1829 году султан Губайдулла Валиев, возглавлявший ранее Кокчетавский приказ, обращается в администрацию Западной Сибири с ходатайством об открытии внешнего округа на базе подвластной ему Куандыкской волости. С такой же просьбой к российскому правительству обратился потомок хана Семеке Конуркульджа Кудаймендин. Кудаймендин ходатайствовал об открытии окружного приказа при урочище Акмола и о включении в состав нового округа подвластных ему Карпыкской и Алтайской волостей [3]. По данным Е.Н. Евсеева и М.А. Плетневой подобные просьбы поступали и от других султанов, что побудило генерал-губернатора Западной Сибири Вельяминова принять решение о командировании в казахскую степь пяти отрядов [4]. В конечном счете выбор был сделан в пользу Акмолы. При этом, надо полагать, было учтено выгодное в стратегическом отношении ее расположение и большое влияние на местную знать К.Кудаймендина. Забегая вперед, сошлемся на свидетельства известного исследователя Казахстана, полковника А.К. Гейнса. Будучи членом комиссии министерства внутренних дел и военного генерал-губернаторства Западной Сибири, Гейнс летом 1865 года проездом наведаясь в Акмолинск, провозглашенный к тому времени окружным городом. Любопытна запись, сделанная им в дневнике 23 августа, в связи с кончиной бывшего султана округа Конуркульджи Кудаймендина: «Покойный Конуркульджа принадлежал к одним из самых влиятельных лиц в степи. Он с Алтаевскими волостями (кочуют в юго-восточной части Акмолинского округа), которых он был старейшиною, первым просил о введении положения Сперанского. Конур был очень богат; одних лошадей было у него до 12000. Он был ханского рода и, кажется, утвержден нашим потомственным дворянином» [5]. Таким образом из вышеприведенных свидетельств можно заключить что царское правительство выгодно использовало влиятельных султанов при проведении административных реформ в казахской степи. А Конуркульджа Кудаймендин был одним из верных Российскому правительству султанов. Согласно предписанию генерала Вельяминова от 3 мая 1830 года открытие Акмолинского внешнего округа было возложено на коменданта крепости Святого Петра (Петропавловской) подполковника Шубина Ф.И. Он был назначен начальником военного отряда, сформированного из казаков и офицеров 2,3, 4-го полков Отдельного сибирского корпуса, а также солдат и офицеров 3-го линейного сибирского батальона 27-й пехотной дивизии и конно-артиллерийской казачьей бригады [6]. 17 мая 1830 года подполковник Шубин получил официальное распоряжение Омского областного начальника генерал-лейтенанта де Сент-Лорана В.И. о командировке в Карпыковскую и Алтайскую волости для подготовки открытия Акмолинского внешнего округа. Помогать ему в этом должны были сотники Лобанов А., Чириков Г., хорунжий Ваганов В. и Шахматов А., хорошо знавшие казахский язык и обычаи местного населения. Отряд подполковника Шубина выступил из Петропавловска 28 мая 1830 года. Направление с самого начала было взято на урочище Акмола, где предположительно со своим аулом располагался султан К.Кудаймендин. Признали новый порядок управления в основном аулы родов карпык и алтай, подчиненные К.Кудаймендину и ближайшим его родственникам. Старшим султаном во вновь открывшемся округе был избран влиятельный султан К.Кудаймендин. Был оформлен акт об избрании старшего султана. В нем сказано: «1832 года августа 22 дня мы, нижеподписавшиеся, в присутствии господина полковника и кавалера Шубина 2-го, дали сию подписку в том, что, в сходность высочайше утвержденного Устава о Сибирских киргизах, во вновь открывшийся в Алтай-Карпыковских родах Акмолинский окружной приказ, согласно прежде данной нами таковой прошлого 1830 года июня 18 дня, из доброй нашей воли избрали старшим султаном Конуркульджу Кудаймендина, как наследника и большего сына управлявшего с давних лет сими волостями (а ныне уже покойного) султана Кудайменды Ишимханова (Есимханова), в чем прилагаем именные свои печати и своеручные тамги» [7]. После Конуркульджи Кудаймендина старшим султаном Акмолинского округа стал Ибрагим Джанкпаев. Забегая вперед приведем формулярный список о службе старшего султана Акмолинского внешнего окружного приказа полковника султана Конуркульджи Худаймендина от 1848 г. под №40. Конуркульджа Худаймендин, султан, 54 лет. Остроумен, скромн. Весьма богат. Таминской волости, рода Ишим-хана. В 1832 г., сентября 3-го дня г. омским областным начальником генерал-лейтенантом де Сент-Лораном с выбора народа утвержден старшим султаном в Акмолинском округе; 1842 г., ноября 18-го по выбору народом другого старшего султана уволен от этой должности, а в 1845 г., 27 августа по 1849 г. по выбору народа определен в другой раз старшим султаном, а с 18 ноября уволен от этой должности. 1833 г., апреля 2-го в воздаяние ревностной службы и преданности России всемилоостивейше пожалован

чином подполковника; 1834 г., апреля 18-го дня в бытность с депутацией при высочайшем дворе, по представлению министра внутренних дел, за приверженность и непоколебимую верность к российскому престолу всемилостивейше пожалован золотой медалью, украшенной алмазами, на аннинской ленте, почетным кафтаном и деньгами 5 000 руб. на обратный путь; 1836 г., мая 16-го всемилостивейше возведен за усердие и ревность к службе в вечное потомственное дворянство Российской империи; 1840 г., февраля 5-го всемилостивейше пожалован чином полковника. Летние кочевки по рекам Козукочу, по Ишиму, Нуре, Кокбектам, Кундуздам, озеру Майбалык, речке Актасты, на север за 130 верст; зимние – на горах Бугулах, Тама-тау, Космурун и Теке-Турмас, в 300 верстах на восток от приказа. Женат, детей имеет: сыновей Бегалу, 29 лет, Джаналу, 27 лет, Чингиса, 27 лет, Адила, 26 лет, Абдулу, 23 лет, Тюку, 22 лет, Мамбеталы, 20 лет, Аблая, 17 лет, Абдулгазу, 15 лет, Абдусаляма, 7 лет, дочерей Шаке, 13 лет, Ханафию, 7 лет, Хадишу, 5 лет, Халифу, 3 лет, находятся прием, магометанского вероисповедания [8]. За председателя советник Климовский. За советника 1. советник Чигиринцов. За столоначальника Зудилов.

Формулярный список старшего султана отражает степень его участия во всех событиях, происходивших в казахской степи в XIX веке и был верным проводником политики России в крае. Не случайно все восемь его сыновей и четыре брата, принадлежавшие по своему происхождению к сословию султанов, а также другие султаны и бии, породненные с семейством Кудаймендиных, были представлены позднее к правительственным наградам. По существу «Устав» закреплял колониальное положение Казахстана, создав послушный аппарат управления из казахских феодалов, приравняв их (старших султанов, заседателей и волостных управителей) к российским чиновникам, служившим за вознаграждения и чины. Вместе с тем Шубину не удалось склонить к принятию российского подданства многочисленные аулы родов кыпчак и шубыртпалы, а часть других, например, тараклы и тама, вошла в состав учреждаемого Акмолинского внешнего округа, стараясь избежать грабежей и насилия казачьих экзекуционных отрядов и не желая терять свои богатые летние пастбища. Незадолго до описываемых событий побывавший в Кокчетавском внешнем округе, полковник Г.Броневский пришел к выводу, что «состояние умов у киргиз и понятия нового управления не одинаковы» [6]. Шубин убедился в этом уже в самом начале организации Акмолинского внешнего округа. До ноября 1831 года в состав учреждаемого Акмолинского округа вошло 3576 аулов с населением в 131 262 человека. [7] За этими аулами числилось 332 452 лошади, 670 775 овец, 31 666 верблюдов и 31 316 голов рогатого скота, или примерно 58 условных голов скота за каждой юртой. [8] «Киргизы Карпыковской и Алтаевской волостей, – писал тот же Шубин, – можно сказать в полном смысле, что богаты скотоводством, а более всего лошадьми. В виде нашем пространные здесь поля везде совершенно бывают покрыты и усеяны разным скотом и главное их богатство состоит в оном. В пример можно поставить хотя (бы) из них двух биев – Сапака и Джумана. Они имеют по восьми тысяч лошадей и очень многие от одной до пяти тысяч и более» [9]. По мнению А. Янушкевича, сосланного в Западный Сибирь за участие в польском восстании, затем как определенного на службу в канцелярию «Области Сибирских киргизов» султан Бексултан и старший султан Акмолинского округа Конуркулджа Кудаймендин были «самыми богатыми в степи и самыми скупыми» [10].

В состав окружного приказа, кроме старшего султана Коныркульджи Кудаймендина и двух заседателей, избранных из числа наиболее известных местных биев – Котраша Кабанбаева и Матакбая Бекташева, вошли российские заседатели Таранов и Чирики». Секретарем приказа был назначен письмоводитель Д.Решетинский, переводчиком и столоначальником – В.Пирожков [11]. Управителями волостей были избраны: Токинской – Бек Кудаймендии, Тналинской – Арыстан Кудаймендин, Каракесекской – Бегалы Коныркульджин, Тортуульской – Байгара Даиров, Ораз-Темешевской и Бурчинской – Тюбит Бультиев, Темешевской – Кокай Есенгельдин, Сарымуратовской – Чингиз Коныркульджин, Сайдалинской – Тамен Булемов, Таминской – Итемген Сенгирбеков, Айткожинской – Сапак Танырбергенов, Алтын-Жагабайлинской – Кабанбай Байгулов, Алтаевской – Джуман Сармантаев, Тараклинской – Чика Абитаев, Карпыковской – Кулубек Ескенин [12].

Образование округов, тесно связанных с органами пограничного управления, должно было закрепить казахские кочевые аулы на определенной территории, создать условия для завершения присоединения Казахстана к России. А между тем внедряемый новый административный порядок в степи, то есть «Устав о Сибирских киргизах», вызвал резкое противодействие среди некоторых ущемленных ханских наследников и крупных феодалов, которые в свою очередь делали все, чтобы восстановить прежний уклад и даже отторгнуть Казахстан от России. По числу волостей Акмолинский внешний округ уже вскоре стал самым крупным в Казахстане. При их образовании многие родовые объединения подверглись искусственному расчленению и смешению. Были нарушены традиционные маршруты кочевий и обычная для казахов система управления. Все это стало одной из причин последующих межродовых распрей и социально-

экономического кризиса, охватившего казахское общество в первой половине XIX века. Поиски приемлемой для российских властей модели управления и административно-территориального деления страны привели, как известно, к разработке и утверждению новых преобразований, что положило начало совершенно новому этапу развития Казахстана в составе Российской империи.

1 *Материалы по истории политического строя Казахстана. - Алма-Ата, 1960. Т.1. - С. 93.*

2 *Там же.*

3 *Азубаев Н.Ж. Основание Акмолинского внешнего округа (1830-1862 гг.) // Вестник науки Акмолинского аграрно-го университета им. Сейфуллина. 1996, - №7. - С. 41.*

4 *Евсеев Е.Н., Плетнева Т.А. Как был основан Целиноград // История СССР. 1967, - №2. - С. 209.*

5 *Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Сиб., 1897. Т.1. - С. 293.*

6 *Азубаев Н.Ж. Основание Акмолинского внешнего округа (1830-1832 гг.). - С. 41.*

7 *Материалы по истории политического строя Казахстана. - Алма-Ата, 1960. Т.1. - С. 93.*

8 *ЩНПК. Ф. И-374. Оп. 1. Д. 2154. Л. 18-21.*

9 *Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. Сборник документов и материалов. - Алма-Ата: Наука, 1964. - С. 223.*

10 *Касымбаев Ж., Азубаев Н.Ж. История Акмолы: (XIX-начало XX века): исследования, источники, комментарии. - Алматы: «Жеті жарғы» 1998. - С. 15.*

11 *Азубаев Н.Ж. Основание Акмолинского внешнего округа (1830-1832 гг.). - С. 45.*

12 *Евсеев Е.Н., Плетнева Т.А. Как был основан Целиноград // История СССР. 1967, - №2. - С. 216-238.*

ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Ғ.Қ. Кенжебаев – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің проректоры, тарих ғылымдарының докторы*

Данная статья посвящена видному ученому, академику НАН РК, доктору исторических наук, профессору Х.М. Абжанову. В статье излагаются педагогическая деятельность и научные достижения ученого-историка.

This article devoted to reveal work of well-known scientist, academic of Kazakhstan, history sciences doctor, professor H.M. Abzhanov. Article reveals pedagogical and scientific achievements of this scientist.

Ғылым жолын таңдағаннан бастап, тағдыр маған талай қызықты да, өнегелі, өзінің бүкіл ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған ұлы адамдармен кездесуді нәсіп етті. Халқымызда «Қой асығы деменіз, қолыңа жақса, сақа тұт, жасы кіші деменіз, ақылы асса, аға тұт» демей ме? Сол айтқандай әріптес болғандардың ішінде ақылы асқан іні де, арқа сүйеген аға да, замандастар да көп болды. Әсіресе, мен үшін жас айырмашылығы бір мүшелдей болса да әріптес ағадан үлгі тұтар ұстаздай болып кеткен Ханкелді Махмұтұлы Әбжановтың орны бір бөлек.

Ізденіс жолдары

Ол кісі – болмысынан ұстаз-ғалым. Әсіресе, Қазақ елінің тарихын зерттеуге Ханкелді Махмұтұлының қосқан үлесі ұшан-теңіз. Бірақ, ол зерттеген, зерделеген еңбектерін көпшілікке мақтаныш еткен емес, қай уақытта да сабырлы қалпынан аумай, ғылымда өзінің сара жолмен самғап келе жатқан азамат.

Х.М. Әбжанов 1953 жылы 11 қазанда Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу елді мекенінде қызметкер отбасында дүниеге келген. 1971 жылы осы аудандағы Ақтау қазақ орта метебін бітірген соң Қазақ университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1976 жылы үздік дипломмен аяқтап шығады. Ханкеңнің ғылыми жолы осы кезеңнен бастау алды десек қателеспеспіз. Себебі, бірге оқыған жолдастары өздері сессияларын тапсырып, мәре-сәре болып, каникулға ауылдарына кеткен кезде Ханкеңнің Алматыда қалып кітапхананың түпсіз терең білім тұңғиығына түсіп, тынымсыз ізденетіндігін әлі күнге дейін сүйсініп айтып отырады.

Еңбек жолын Целиноград инженерлік-құрылыс институтында философия және ғылыми коммунизм кафедрасының оқытушысы қызметінен бастайды. Көп оқитын, көп білетін, өзінің ойын көптің алдында сабырлы да салиқалы жеткізе білетін жас ғалымның алдында осы кезден бастап ғылымның тарау-тарау жолдары күтіп тұрған еді.

1977-1979 жж. Қазақ университетінде КСРО тарихы кафедрасының оқытушысы қызметін атқарып, 1979-1993 жж. ҚР ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында қызмет етіп, аға лаборанттан бөлім меңгерушісіне дейінгі жолдардан өтеді.

Менің де Ханкеңмен алғашқы таныстығым осы кезде болды. Ғылым жолына түсіп, үлкен ғалымдардан кеңес алайын деген оймен тарих ғылымының игі-жақсылары жиналған осы институтқа келейін. Сол кездегі институт директоры Рамазан Бимашұлына кіріп, болашақ жұмыстарым туралы ақылдастым. Байқаймын дәліздегі терезенің алдында бір серігімен әңгімелесіп тұрған бұйра шашты жас жігітке әрлі-

берлі өткен үлкендер де, жастар да ерекше ықылас-ілттипатпен амандасып, тұра қалып әңгімелесіп жатыр. Реті келіп, сол жерде жүрген бір ағаларымыз арқылы менің де осы жігітпен танысуымның сәті түсті. Міне, осы алғашқы таныстықтан-ақ Ханкелді Махмұтұлының ерекше бітімі, кез келген мәселеде айтар өзіндік ой-пікірінің бар екендігін аңғардым. Осы таныстығым кейіннен тағдырдың сыйымен әріптес, аға-інілік қатынасқа ұласты.

1992 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих факультетінің жанынан «Шығыстану» және «Архивтану» мамандықтары ашылды. Архивтану мамандығының ашылуы «Тарихнама және деректану» кафедрасын ұйымдастыруға негіз болды. Бұған 1993-1999 жылдары Ханкелді Махмұтұлы басшылық жасап, республикада тұңғыш рет жоғары білімді архивтанушы мамандарды даярлау ісі қолға алынды. 1997 жылы қазақ жоғары мектебінің қара шаңырағы саналатын университеттің 70 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтіп, бұл шараға ел президенті Н.Ә. Назарбаев келіп қатысты. Міне, осы мерейтой қарсаңында ұжымда қызмет жасап жүрген Ханкең университеттің алдына 70 түп шырша отырғызып, олар бүгінде тек университет емес бүкіл қаламыздың бір бөлігінің сәнін келтіріп тұрғанын айтсақ та артық болмас.

1999-2009 жж. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, кафедра меңгерушісі, университет құрамындағы «Еуразия» гуманитарлық университет ғылыми орталығы директорының орынбасары қызметтерін атқарды. 2009-2011 жж. Мемлекет тарихы институты директорының бірінші орынбасары, 2011 жылдың мамыр айынан Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, 2013 ж. 28 ақпанда ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі болды.

70-жылдардың ортасында Р.Б. Сүлейменовтың жетекшілігімен ұлт мәдениеті мен зиялыларының тарихын зерттеуге ден қойды. Ғалым ретінде қалыптасуы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қабырғасында өтті. Мұнда кандидаттық («Рост кадров сельской интеллигенции Казахстана и ее роль в условиях развитого социализма (1961-1980), (1983 ж.) және докторлық («Сельская интеллигенция Казахстана: исторический опыт формирования и социальной практики (1946-1985 годы)» (1992 ж.) диссертацияларын сәтті қорғады, академиктер М.Асылбеков, К.Нұрпейіс, О.Ысмағұлмен бірлесіп жазған мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрді.

Сондай-ақ, «Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней» (1992), «Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. Очерк» (1994) кітаптарын, «Наука и техника СССР. Хроника» (1987, 1988 жж. Москвада жарық көрген), «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)». Бес томдық. (2010), «История Казахстана (с древнейших времен до наших дней)». В пяти томах) (1996, 2010), «Қазіргі Қазақстан тарихы» (2010), «История современного Казахстана» (2010), «Қазақстандағы президенттік билік институты: тарих, тағылым, тәжірибе» (2010), «Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы» (2011), «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» (2012) ұжымдық зерттеулерді жазуға атсалысты.

Шынайы тәуелсіздікке қол жеткізген егеменді ел болу үдерісі барысында жаңарған жариялылық пен демократия, тарих ғылымына өміріміздің бүгінгі мен келешегінің заңдылықтарын зерттеп, қоғам дамуының басты үрдістерінің болжамын жасаумен айналысуына ғылыми негіз берді. Тарихшылар қауымы зерттеулердің жаңа методологиялық негіздерін іздестіріп, оның теориялық негізін жасауға кірісті. «...Қара нар керек біздің бұл іске» деп Махамбет жырлағандай, тарихшылар үшін күрделі де күрмеуі көп осы шаруаны Ханкелді Махмұтұлы батыл қолға алды. Қазақстан тарихындағы теориялық ойдың соңғы табыстарын қолдану арқылы Ханкең тарих философиясы мен методологиясын биікке шығарып, тарихи зерттеулердің теориясы мен методологиясы негіздерінің жаңа іргетасын қалады. Нәтижесінде, зерттеулердің методологиялық базасы айтарлықтай кеңейіп, тарихи ой-сана, жаңаша ойлау мәдениетінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасалды.

Зерделі еңбектің жемістері

Ғылым тазалыққа негізделгенде ғана ол өз мұратына жетеді. Осы уақытқа дейін Ханкелді Махмұтұлының алдын көрген жас ғалымдар оның шынайы тазалығын, ғылым үшін жаратылған ұстаз-қайраткер екендігін сүйсіне айтады. Данышпан әл-Фараби игіліктерінің классификациясын жасай келе қайырымдылықтың екі түрі: этикалық және интеллектуалды болып бөлінетінін ашып беріпті. Интеллектуалдылар – бұл жанның зерделі бөлігінің қайырымдылықтары, олар: данышпандық, зерде, ойдың ұшқырлығы, түсінгіштік. Этикалықтар – бұлар жанның талпынысқа байланысты бөлігінің қайырымдылықтары, олар: ержүректілік, жомарттық, әділеттілік...» – деп жазады. Осының соңғы ұштағанында қайнап жанған ғалымның ұлтқа, жерге, руға бөлінудегі ойы мен талабы бір басқа.

Қазақтың батыры қазақ баласына жат болмауы тиіс. Соңғы кезде бізде жерге бөліну тенденциясы етек алып барады. Осыған байланысты Ханкелді Махмұтұлының ойы көпшілікті ойландыра түссе керек.

«Бізде әр облыс өзінің ғана перзентін ұлықтайтын жаман ауру пайда болды. Мысалы, бокстан Олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановты тек шымкенттіктер, самбодан әлем чемпионы Болат Шайхиевті тек оралдықтар ғана ұлықтау керек дейді. Мұндай бассыздықты қою керек. Бұл батырларымыз ұлтқа, мемлекетке ортақ». Әрбір қазақ, әрбір ғалым осылай ойласа келешегіміздің кемел болатындығына күмән болмас еді.

Х.М. Әбжанов 600-ге жуық ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулердің, оның ішінде 10-нан астам монографиялық еңбектің және оқу құралдары мен оқулықтардың авторы. Бұларда ел мен жердің мәдениеті мен интеллигенциясының тарихи тағдыры, мәселені зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері және ұстанымдары жан-жақты ашылып көрсетілген. Отан тарихын дәуірлеудің, ұлттық идея мен тұлғатанудың өзекті мәселелері зерттелген. Байырғы түркі қоғамының тарихи ой-санасы, әлеуметтік-мәдени құндылықтары, қазақ зиялылары тарихының бастапқы кезені, кеңестік Қазақстан мәдениетінің эвфемистік болмысы, мәдени мұра және тәуелсіздік тағылымы мен тәжірибесіне қатысты зерттеулері, ой-түйіндегі, тұжырымдары тарих «ақтандақтарын» жоюға қосылған баға жетпес үлес болды. Еңбектері қазақ, орыс, ағылшын, араб, қытай, ұйғыр, түрік т.б. тілдерінде жарық көрді.

Х.М. Әбжановтың жетекшілігімен 15 ғылым докторы, 40 ғылым кандидаты даярланған. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы «Ғылым мен техника, мәдениет және өнер» мамандықтары бойынша диссертация қорғататын диссертациялық кеңес төрағасы болды. Осы диссертациялық кеңесте еліміздің кейінгі жас буындары өздерінің кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғап, ғылымның үлкен жолына түсті. Әр жылдары докторлық диссертация қорғататын диссертациялық кеңестің мүшесі, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде тарих ғылымдары бойынша сараптау кеңесінің төрағасы болды. ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастикалық комиссия мүшесі, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері бойынша Қазақстандағы Ұлттық комиссия мүшесі, «Отан тарихы» ғылыми журналының бас редакторы, Қазақстан тарихшылары Ұлттық Конгресі төрағасының орынбасары сияқты аса жауапкершілікті жүктейтін қызметтерді атқарды.

Аса білімдар азамат, ұлт тарихын зерттеген бірегей ғалым, Қазақ еліне танымал ұстаз, жаратылысынан жақсылық жасауға ғана ұмтылған кішіпейіл әріптес Ханкелді Махмұтұлының ұзақ жылғы еңбегі де елеусіз қалған емес.

Ол «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен (2007); «Қазақ тілінің жанашыры» Құрмет белгісімен (2008); «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атағымен (2008); «10 жыл Астана» медалімен (2008); «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011); «Халық революциясына – 90» (Моңғолия) мерекелік медальдарымен марапатталған.

Конфуций «Ақылсыз адам жұрт мені білмейді деп ызаланады, ақылды мен жұртты білмеймін деп қиналады» деген екен. Сол айтқандай, қанша құрмет пен марапатқа ие болса да, Ханкең халқым үшін жасағанымнан жасамағаным көп деп алаңдайды. Бәлкім, өз елінің патриоты, баға жетпейтін азамат ағаның ұлылығы да осында болса керек.

Әрине, санамалай берсе, бүгінде асқаралы алпысқа толып отырған ғалымның алған асулары да, тарихқа қосқан үлесі де қомақты. Бүгінгі таңда Қазақ елінің тарихына қайта көңіл бөліне бастауы Ханкеңнің екінші тынысын ашқан секілді. Ол уақыт сұранысына сай қазақ халқының сан қырлы тарихына жаңаша көзқараспен қайта үңіле бастады. Ендеше, Ханкелді Махмұтұлының болашақта талай жаңалықты ашып, тарихымызға тың жол саларына сенеміз.

АБЫЛАЙ ХАН ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕСКЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Ә.Н. Құдайбергенов – Абай атындағы ҚазҰПУ, т.ғ.д., профессор

В статье дана оценка Президентом Н.А. Назарбаевым эпохе и личности Абылай хана и его соратников – бесстрашных батыров в борьбе за независимость казахского народа. Автор подчеркивает, что историю жизни Абылай-хана следует ставить в пример всей нации, особенно новому поколению.

In the article has given the evaluation by N.A. Nazarbayev the era and personality of Abylay khan and his associates - fearless warriors in the struggle for the independence of the Kazakh people. Author stresses that the history and life Abylay khan should put an example for the whole nation, especially for the young generation.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сөйлеген сөздерінде, жариялаған мақалаларында, жарық көрген еңбектерінде егемендігіміз бен тәуелсіздігіміздің арқасында ғана тарихымызды түгелдеудің мүмкіндігі туғанын, хандарымыз бен батырларымызды, билерімізді бірлік пен топтасушылықтың қадыр-қасиеті арта түскенін әр қашан еске салады.

Шын мәнінде, Алатау мен Арқа, Атырау мен Алтай арасын мұрагер ұрпақтарына мирасты мекен етіп,

көз алартқан дұшпандардан қызғаныштай қорғап өткен қаһарман ата-бабаларымыздың аруағы алдындағы перзенттік парызымызды кеңес кезінде ұмытқанымыз да белгілі. Өлілердің ішінде иісі қазақ үшін елдің басын құраған хандар мен билерден, батырларымыздан асқан кім бар еді? Солақай саясаттың салдарынан ұзақ жылдар олардың мерей тойларын тойлап, ас бермек түгіл, аттарын елге естіртіп атаудан қорқып, бүгіп келгеніміз аян. Тек заман желі оңынан ескенде ғана олардың заңғар тұлғаларын бүркемелеп келген бұлыңғыр бұлттар ыдырап, ақиқат сәулесі кімнің кім екендігін көрсете бастады.

Ал Абылай болса, ерекше тұлға еді. Шын мәнінде, XVIII ғасыр қазақ халқының тарихына Абылай заманы болып енетіні хақ. Абылай ханның даңқы асқан батырдың, ақылды да айбарлы қолбасшының, жоғарғы дәрежедегі мемлекет қайраткерінің, көреген дипломатиялық өмірі бір ғасырға жуық қазақ халқының тағдырымен, оның ата тарихымен сабақтас. Олай болса, тәуелсіздік ұғымы ел тарихына Абылай хан заманымен де кірегені.

Абылай есімі Көкше топырағында тек 1991 жылдың басында ғана алты алашқа жаңғыртылып айта басталды. Хан атын алғашқы боп ауызға алған Көкшетау облыстық «Қазақ тілі» қоғамының газеті «Оқжетпес», жазушы Естай Мырзахмет еді. Оның көлемді мақаласы «Абылай ханның 280 жылдығына орай» деген айдармен жарияланды. Осы жылы Көкшетауда Абылайға байланысты ас беру туралы бастама көтерген кезде әр түрлі таластар бой көтерді. Осы орайда «Егеменді Қазақстан» газеті өз көзқарасын білдіріп, Абылай бастаған батырлардың мерей тойларын лайықты атап өтуге шақырған болатын. Алайда, хан тойын өткізуге қарсылық білдірушілер де табылды. 1991 жылы ақпанда облыстық партия комитетінде қазақ зиялыларымен кездесуде бұрынғы кейбір «идеолог» ақсақалдар «хан тойын өткізгенді қай елде көрдіңдер? Мұндай той ұлт араздығына ұрындырады деген тұрғыда дау айтып, қарсыласып баққан. «Қазіргі тапшылық кез - той тойлайтын уақыт па?» дегендер де болған еді.

Ал бұл кезде тарихшыларымыз Абылай хан туралы ақиқат сөзін әлі айта қойған жоқ-ты. Соған арай жергіліктік басшы партия, кеңес қызметкерлері тұрақты шешім қабылдай алмай, тығырыққа тірелгендей болды.

Бұл туралы «Егеменді Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Кәрібай Мұсұрман былай деп жазды: «... енді «Алматы не айтар екен» деген пікірде болған облыс басшылары сәуірдің басында өз редакциямыз қызметкерлерінің Н.Ә. Назарбаевпен болған кездесуінде Президентімізден Абылай хан тойын өткізуге қалай қарайтындығын әдейілеп сұрадық. Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің қарсылығы жоқтығын, қазақ хандарының тарихына жаңаша қарау, олардың елге сіңірген еңбегін бұрмалаусыз әділ бағалау қажеттігін айтты. Республика басшысының сол сөздеріне сүйініп, көңіліміз көкке көтерілген».

Көп ұзамай облыс басшылығының Абылай хан тойын өткізу жөніндегі ұсынысы республика Президенті тарапынан қолдау тапқандығын естідік. Тойға әзірлік жөнінде құрылған облыстық комиссияға басшылық жасау міндетін Ч.М. Әбутәліпов өз мойнына алды» [1].

1991 жылы 1-4 тамыз аралығында өткен хан тойына республиканың барлық өңірінен, сондай-ақ Ресейден, шалғайдағы Қытай, Монғолия, Түркия елдерінен ағайындар және Қазақстанның әр түкпірінен шашылып жатқан Абылайдың бүгінгі ұрпақтары ағылып келді.

Міне, көріп отырсыздар, Қазақстан егемендігін енді ғана алып, тәуелсіздікке әлі жетпей тұрғанда кеңестік идеология әлі басым кезінде Президентіміз батыл шешім қабылдап, тәуелсіздік үшін күрескен Абылай сияқты хандарымызға әділ баға беріп, жас ұрпақтардың бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыру керектігін көрсетті.

Әруақ қолдап бабаларымыздың желеп-жебеген болар, ойдай әлемге «Тәуелсіз ел болдық!» – деп жар салдық. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап Елбасының ұлттық тарихқа ерекше мән беріп келеді.

1995 жылы Президенттің тапсырысымен Президент жанындағы Ұлттық кеңестің «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы қабылданды. Мұнда: тарихтың, әсіресе, қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінде ерекше маңызы көрсетілген, тарихи білімнің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының проблемалары, тарихи білім беру мен ағарту ісінің келешегі белгіленген.

Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен 3 жыл қатарынан тарихи танымға айрықша назар аударылды. Олар: 1997 жыл – Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу; 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жыл – «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» еді.

Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын Мемлекет басшысы 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабында баян еткен болатын.

Ал енді негізгі тақырыбымызға оралатын болсақ, 1992 жылы қыркүйекте өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан кейін, Қауымдастықтың төрағасы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев тілшілерге берген сұхбатында бірінші рет XVIII ғасырдың басында Жоңғар хандығы тарапынан болған шапқыншылық соғыста ерлік көрсеткен қазақ батырлары туралы. «Орталық Азия

тарихындағы осы бір сүзектей созылмалы қиын-қыстау кезеңде қазақ халқы қасқырдай қанды ауыз басқыншыларға қарсы екі жүз жылдық күрестің бар ауыртпалығы мен қаһарлы қан кешулерін жеке өз мойнымен көтерді. Сол бір «Мына заман қай заман – қысқан заман, қаңтардағы қақаған қыстан жаман» дейтін жорықты күндері елім деп еңіреген ерлер мен ержүрек қолбасшыларды өмір сахнасына шығарды. Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Тайлак, Саңырақ, Малайсары, Есет, Жәнібек сияқты батырлар сондай ерен тұлғалар болды. Олардың қазақ жерін басқыншы жаудан қорғап қалудағы ерлігін халық жырға қосып, атын аңызға айналдырды. Өткен тарихымыздың ұмытылмас шежіреге толы беттерін қайталап оқып, еске түсіріп отырсақ көптік етпейді» [2:12] – деген еді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің бес жылдығына арналып, 1996 жылы желтоқсанның 11-інде өткен салтанатты жиналыста жасаған баяндамасында Н.Ә. Назарбаев ХУІІІ ғасырдың 20-жылдарындағы жоңғар шапқыншылығының Қазақстан мен Орта Азия халықтары үшін қасіретті зардап әкелгендігіне, патша өкіметінің халықтарды бір-біріне айдап салу саясатын шебер жүргізгендігіне тоқталып, атап айтқанда, мындай әдістер екі халықты да қирату мақсатымен қазақтар мен ойраттар арасында соғыс өртін тұтату үшін пайдаланылды. ХУІІІ ғасырда мұнан кейін болған аса күрделі оқиғалардың алғы шарттары осылай болғандығына тоқталды. Президентіміз баяндамасында ел басына ауыр күн туған ХУІІІ ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз Абылайдың керемет қолбасы ретінде де ақылы терең дипломат ретінде танылғанын, Пекинмен елшілік және сауда байланыстарын үдете дамыта отырып, Ресеймен немесе Қытаймен бірлескен, яки қапталдасқан түрде олардың бірде-біріне қарсы әрекет етудің қай-қайсынан да бойын аулақ сала алғанын баса көрсетті.

Президент Н.Ә. Назарбаев 1998 жылы наурыздың 17-де Республиканың өнер, мәдениет және ғылым саласындағы шығармашылық зиялы қауымның танымал өкілдерімен кездескенде сөйлеген сөзінде қазақ елінің тарихы, ғылымы, мәдениеті өзінің жер асты байлықтарындай танымал еместігін айта келіп, былай дейді: «Алдыңғы жылы ерекше бір кітап жарық көрді. «Хроника человечества» деп аталады. Ағылшын тілінен аударылған. Тамаша безендірілген кітапта алғашқы қауымдық құрылыстан бері қарай күні кешегі Ресейдегі тамыз бүлігіне дейінгі оқиғалар рет-ретімен баяндалып шыққан. Әлем тарихындағы айтулы тұлғалар түгелге дерлік қамтылған. Алайда, 1200 беттік сол кітапта қазақ даласы атымен ауызға алынбайды. Бұл өңірде өткен бірде-бір оқиға айтылмайды. Біздің төл тарихымыздан екі-ақ адам туралы жазылған: Әбілхаир хан мен Назарбаев.

Ал осы әділдік пе? Әрине, әділдік емес.

Сонау палеолит дәуірінен бері адам мекендеп келе жатқан ұлан-байтақ қазақ даласында небір ғаламат тарихи оқиғалар өткен, бұл жерде небір ұлы тұлғалар ғұмыр кешкен. Әріге бармай-ақ қояйық. Жоңғар армиясы мен қазақ жасағының 1727 жылғы Буланты өзені бойындағы алғашқы ірі шайқасын айталық. Еуразияның жаңа тарихында өзінің ауқымы жөнінен сол қанқасап қырғынға тең келетін шайқас сирек. Немесе екі жүз жылдық жоңғар-қазақ соғысының тағдырын шешкен алапат Аңырақай шайқасын алыңыз. Отан қорғаудағы мәні жағынан ол әйгілі Нева шайқасынан кем еді деп кім айта алады?

Айбынды Абылайдың басқа еңбегін былай қойғанда, аю мен айдаһардың арасында жанталаса жүріп, елін, жерін ондаған жылдар бойы, бүгінгі тілмен айтсақ, де-факто тәуелсіз ұстап тұра алған, ақыр аяғында өз дұшпанын оның дұшпанының қолымен қырғызып салған саясаткерлігінің өзі-ақ дүниежүзілік дипломатия тарихындағы қайталанбас құбылыстардың бірі емес пе? Әлемнің зиялы қаумы, өкінішке орай, бұларды білмейді.

Ал енді осы үшін кімге өкпелеуге болады?

Америкалық тарихшыларға ма? Тек өзімізге өзіміз өкпелеуіміз керек [3:282].

Елбасы Қазақстанның зиялы қауымымен осы кездесуінде монументті насихаттың міндет-мақсатын қайта қарау қажеттілігіне тоқталып, мынандай міндеттер қойды: министрлік тиісті концепция ұсынып, облыс әкімдерімен бірлесе отырып, таяудағы жеті-сегіз, әрі кетсе он жылға арнаулы жоспар жасалсын. Кімге ескерткіш қойылады, қашан қойылады, қандай қаражаттың есебінен қойылады, бәрі де сол жоспарда белгіленсін, үкімет қаулысымен бекітілсін.

Осыған орай, Елбасы Абылай ескерткіші туралы да сөз қозғады: «Сіздермен осыдан төрт жылдай бұрын кездескенде: «Коммунистік проспектіні Абылай хан даңғылы деп атадық. Енді вокзал басындағы Калинин атамизды басқа жерге ауыстырып, оның орнына Абылай ханның аттылы ескерткішін орнату керек» дегенім естеріңде шығар. Сонан бері не істелді? Конкурс жарияланды ма?

Соны бақылап отырған біреу бар ма өзі? Бұл істі бетімен жіберуге болмайды» [4: 289] – деп Алматы басшыларына тапсырма берді.

Ақыры, тәуелсіздіктің 9 жылдық мерекесі күні (2000 жыл) оңтүстік Астанада Абылай хан ескерткіші бой көтерді [5: 180]. Ескерткіш ашылғанда халық ақыны, марқұм Тұманбай Молдағалиев «Ұрпағыңа өзіңнің өмірі ұлға» деген арнауында:

*Ұрпағыңа өзіңнің өмірі үлгі,
Кең жеріңе жеңістің желі кірді
Тәңір өзі жарылқап қазағыңды,
Нұрсұлтаньң көк туды көгіме ілді.
Елбасымды қолдасын сені ң киең,
Алдиярлап алдыңа басымды ием.
Алматыңды аңсап бір келгендерді,
Өзің қарсы ал алдымен, о,хан ием [6].*

Президент 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» кітабында XVII-XVIII ғасырларда қазақ халқының жауынгерлік рухы ауыр сынға тап болғанын көрсетеді. Сонау қатал заманда қазақ рухын қайта түлетудің бір алтын дінгегіне айналғанын, Абылай ханмен бірлесіп, ұлтты тұтастырып бірткіру жолында еңбек еткен қазақтың рухани көсемдері – Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қасиетті істерін ерекше атады [7:225].

1993жылы мамырдың 28-інде Ордабасында дана билерімізді еске алу салтанатында сөйлеген сөзінде Президент Н.Ә. Назарбаев оларға жан-жақты баға беріп былай деген еді: «Үш ұлы бабамыз сонау бір қилы кезеңде осы Ордабасының биігіне шығып, терістіктегі Арыс пен Бөгенге, күншығыстағы Қазығұртқа, Арқа жақтан мұнартқан Қаратауға қарап тұрып, ел бірлігі, халық ынтымағы туралы кезек-кезек ой толғаған екен. Осы Ордабасы биігінде киіз туырлықты қазақ атаулы ауызбірлікшіл болуға сертескен екен. Әбілхайырдай бас сардарын сайлап, ата жауға аттандырып салған екен. Кейін айбынды Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай, Райымбек, Есет, Бөкенбайлардай талай-талай мықты білек, түкті жүрек батырлар сонда айтылған армандарға түгел жетіп, қазақ даласының төрт тарабын да басқыншы жаудан түгел арылтып алғанын білеміз» [8:221].

Сөзін аяқтай келе Елбасы, толық тәуелсіздікке жетудің ұлы жолында бізді халықымыздың үш данасы, үш көсемі қасиетті бабаларымыз – Толе бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің аруағы колдап жүрсін деген тілегін білдірді.

2001 жылдың 27-тамызында Алматы-Шымкент тас жолының бойына Алматыдан 35 шақырым жердегі шоқыға Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте елін, жерін қорғаған батыр бабаларымызға ескерткіш белгі қойылды. Ескерткішті президент Нұрсұлтан Назарбаев қысқа сөз сөйлеп ашты.

Президент өз сөзінде әйгілі «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұласқан үш ғасырлық соғысқа Ұлы Отан соғысы деген баға берді. Жұртшылық бұл тұжырымды ризашылықпен қабылдады [10].

2004 жылы 8-ші шілдеде Бурабайдағы Абылай хан алаңындағы ескерткіштің ашылуына да Президент қатысып сөз сөйлеп, Абылайдың қазақ халқына сіңірген еңбегіне жан-жақты тоқталды. Абылай заманын қазақ халқының басынан бағы ұшып, мемлекет ретінде қалып-қалмауы тарих таразысына түсіп, « ұрпақ үшін, ел үшін» жан алысып жан беріскеп кезең деп сипаттады. Шоқан Уалихановтың: «Абылай дәуірі, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы көптеген жыр-дастандардың арқауына айналған» – деген сөздері Абылай дәуіріне берілген бірден – бір әділ баға деп есептеді.

Өз сөзінде Президент «Мен үшін Абылай заманы ғана емес, бүкіл қазақ тарихы ұлт азаттығы, мемлекет тәуелсіздігі үшін толассыз күрес сияқты көрінеді. Ел бостандығы, ұлт тәуелсіздігі біздің халық үшін ешуақытта да төбеден түскен сый болмаған. Ол әрдайым ел қамын жеген ерлердің жанқиярлық, жанпидалық еңбегінің, күресінің нәтижесінде ғана келген ешқашан ұмытпауымыз керек» - деп тәуелсіздіктің оңай келмегенін тағы да еске салды. Осы жиында Елбасы тарихшылар, әдебиетшілер тарапына көптеген сын айтты. 2003 жылы Қазақстанның Ресейдегі жылын пайдаланып Мәскеудегі әйгілі «ЖЗЛ» сериясынан «Абылай, Абай, Ауэзов атты өмірбаяндық зерттеулер сериясын шығаруды тапсырғанын, әлемдік деңгейдегі талғамы биік оқырманға ұсынар толымды туындылар жоқтығын, ескерткіш басында сөйлейтін сөзіне дайындалу барысында Абылайға қатысты біраз еңбектерді шолып шыққанын, өкінішке қарай, жазылған дүниелердің саны көп, сапасы аздығын айта келе, Президент: «Біз үшін Абылай тақырыбы ол туралы аңызды өршіту үшін емес, тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғаның өмірінен тағылым өрбіту үшін қажет» – деп Абылайтану мәселесінің мақсатын белгілеп берді [11].

Осыған орай, соңғы жылдары Абылай туралы тарихи зерттеулер, мақалалар жарық көрді, диссертация қорғалды. «Мәдени мұрасы» сериясымен Абылайдың екі томдығы жарық көрді. Абылай туралы Әбіш Кекілбаев жазған драмалық шығарма, Еркеғали Рахмадиевтың «Абылай хан операсы дүниеге келді.

Абылай хан бабамыздың рухы мен беделі ішкі ауқымнан шығып халықаралық деңгейде салтанат құрды. Бауырлас түрік үкіметінің арнайы қаулысымен осы елдің Нигде қаласының кіре берісіне Абылайдың 4 метрлік қола ескерткіші орнатылды [12].

Астананың он жылдығына орай елордамыздың бас алаңында зәулім биік «Қазақ елі» монументі тұрғы-

зылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев осы монументтің ашылуында сөйлеген сөзінде бүгінгі Тәуелсіздікке дейінгі аралықта халықымыздың сан ғасырлық аумалы-төкпелі тағдыры, арманы мен аңсары, арпалысқа толы күресі жатқанын атап өтті. Арман қарай Елбасы өз ойын былай жалғастырды: «Абылайдан кейін бодандық қамытын киген қазақ халқын бір тудың астында біріктіруді көксіп, тәуелсіздігі үшін тәуекелге бас тіккен Кеңесары хан да осы өңірде күресіп өткенін білесіздер. Жалпы сол заманда қазақ сахарасында 350-дей ұлт-азаттық көтерілісі болды. Одан кейін де бостандыққа бұлқынған, еркіндік аңсаған елдердің күресі толастамады. Өткен ғасырдың басында тарих сахнасына «Оян, қазақ!» деп жар салған зиялылардың жаңа шоғыры шықты. Дербес мемлекет құруды аңсап, азаттық жолында бастарын бәйгеге тіккен Алаш қайраткерлерінің бәрі де тоталитарлық өктемдіктің құрбаны болды. Отаршы жүйенің озбырлығын көрген қазақ халқы отызыншы жылдардағы зобалаң тұсында орасан нәубетке ұшырап, қынадай қырылды. Сол кезде саны 5 миллионға жетіп қалған қазақ халқы бірер жылдың ішінде тең жарымынан айрылды. Көпшілігі аштықтан өлді, қалған қазақ айдалып кетті, атылды, жер аударылды.

Міне, «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың әлеуметтік, демографиялық, рухани өсіміне балта шапқан зұлматтардың бір парасы осы. Мұның бәрі – ұмытуға болмайтын төл тарихымыздың қастерлі беттері, халқымыздың қасыретті тағдыры. Бүгінгі ұрпақ бұларды жақсы білуі тиіс» [13].

Сонымен, Елбасы ұлт рухына неге ерекше мән береді десек, оған оның мына пікірі дәлел бола алады. «Тарих дегеніміз тек өткеннің ғана сабағы емес, өткен өмірдің мәнін, сарынын айқындайтын әрі сараптап беретін компас-құрал» – деп жазады «Тарих толқынында» кітабында [14:153].

Ал Президенттік Абылай заманына терең үңілуі қазақ тарихында XVIII ғасыр тәуелсіздік үшін күрес кезеңінің басталуы еді. Бірегей тарихи әділеттілікті айтар болсақ, қазақ даласы алғаш аумақтық тұтастыққа Абылай хан тұсында қол жеткізді.

Ақылды хан, дулығалы батыр-бағландарымыз бен дауылпас би-жырауларымыздың елдік-жерлік тұтастық жолындағы жанқиярлық күресін біз бүгінгі дербестіктің тарихи тұғыры деп білеміз. Сондықтан, Елбасы еркіндік алған елдің бүгінгі ұрпақтары өздерінің батыр бабаларына тағзым етіп, әзіз аттарын қадір тұтып, олардың өмірінен тағылым алу парыз деп есептейді.

Он сегізінші ғасырдың жасыны жарқылдаған қазақ сахарасында Абылай армандап өткен, мұң-шерге толы он тоғызыншы ғасырда Кеңесарыны мерт еткен, жаппай қырып-жоюдың қарсаңында Бөкейханов межелеп кеткен асыл мұраттар Тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында өлген жоқ. Қайта жандануда.

Қазақстанның халық жазушысы Тұрсынхан Абдрахманова «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы поэмасында:

*Айтпаң әсте бос дәріптеп бекерді,
Күткен үміт Нұрсұлтаннан өтелді.
Ұлы Одақ күйреп түскен шағында,
Құлатпай қазақ шаңырағын көтерді.*

*Қазақ жамырап жүрген шақта тарыдай,
Елім дейтін ел басына жарымай,
Орда бұзып ұйытпақ боп үш жүзді
Шығып еді ел туы – хан Абылай.*

*Терең барлап жақынменен алысты,
Абылай көрші екі елмен табысты.
Ал Нұрсұлтан екі құрылық –*

Еуропа мен Азия Елдерімен жақындаса жарысты – деп, Абылай мен Елбасы

Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіздік жолындағы саясатта сабақтастық бар екенін паш етті [15].

Президенттің тікелей тапсырысымен 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасының екі кезеңі аяқталып, одан әрі жалғасуда.

Биылғы жылғы маусым басында Астанада Мемлекеттік хатшы Марат Тажиннің төрағалығымен өткен ведомстваралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында «Халық тарих толқынында» деген бағдарлама қабылдау туралы шешім ұлттың рухани оянуына мемлекет өзі тікелей мұрындық болғанын көрсетті.

Қорыта айтсақ, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарих мәселесіне қатысты еңбектері жас ұрпақты отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелеуге, тарихи тұлғалардың өмірінен тағылым алуға, отанымыздың прогрестік жолмен дамуына кеселдік жасап отырған күштермен күресуге шақырады.

Жаһандану жағдайында барлығы да әлемдік бәсекелестік арқылы шешілетіндіктен, тәуелсіздігіміз баянды болуы үшін әлеуетті рух қажет. Халықтың рухани дамуы үшін тарихын дұрыс зерделеп, ата салтын, тілін, ділін, дінін сақтап, ұрпақ тәрбиесін, білім мен ғылымды жолға қойып, әрбір тарихи кезеңге

лайық нақты бағытын айқындауы керек. Ол үшін, ең алдымен, жалаң сөз, даурықпа ұрандар мен жалған немесе дүдәмал бағыттарға пәрменді тосқауыл қажет. Рухани тәуелсіздік қана нағыз шынайы тәуелсіздік.

- 1 Егеменді Қазақстан, 1991, 10 тамыз.
- 2 Нұрсұлтан Назарбаев. Қалың елім, қазағым. Өнер. 1998.
- 3 Нұрсұлтан Назарбаев. Қалың елім, қазағым. Өнер. 1998.
- 4 Нұрсұлтан Назарбаев. Қалың елім, қазағым. Өнер. 1998.
- 5 Алматының тарихы және мәдени ескерткіштері. – Алматы: Өнер. 2003.
- 6 Егемен Қазақстан. 2000, 19 желтоқсан.
- 7 Нұрсұлтан Назарбаев. Тарих толқынында. – Алматы: «Жібек жолы». 2010.
- 8 Нұрсұлтан Назарбаев. Қалың елім, қазағым. Өнер. 1998.
- 9 Нұрсұлтан Назарбаев. Қалың елім, қазағым. Өнер. 1998.
- 10 Қазақ әдебиеті, 2001, 31 тамыз.
- 11 Сарарқа самалы, 2004, 10 шілде.
- 12 Алматы ақшамы, 2006, 26 қыркүйек.
- 13 Алматы ақшамы, 2008, 10 шілде.
- 14 Нұрсұлтан Назарбаев. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
- 15 Қазақ әдебиеті, 2003, 7 наурыз.

БАЙСЕЙІТ БАТЫР: ӨСКЕН ОРТАСЫ МЕН ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ

А.Ш. Махаева – Абай атындағы ҚазҰПУ академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д.

Одной из главных проблем современной исторической науки является исследование деятельности политической элиты стремившейся сохранить казахскую государственность в период колонизации Казахстана царской Россией. Данная статья посвящена жизни и деятельности видного батыра Семиречья Байсеита Тойшыбекұлы.

One of the main problems of the modern historical science is the study of the political elite sought to preserve the Kazakh state during colonization of Kazakhstan by Tsarist Russia. This article is dedicated to the life and work of a prominent hero of Semirechye Baiseitov Toyshybekuly.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында халықтың тарихи санасын қалыптастыра түсудегі іс-шараларды қарқынды түрде жүргізу қажеттігін баса көрсеткен-ді. Сондықтан да еліміздің өткен дәуірлерінде орын алған оқиғалар мен құбылыстарды жан-жақты терең зерттей түскеніміз абзал. Бұл ретте жеке тұлғалардың өмір жолы мен атқарған қызметіне, сіңірген еңбегіне де көңіл бөлуіміз қажет. Мұндай бағыттағы зерттеу жұмысы сол қайраткер өмір сүрген дәуірдің қыр-сырын терең түсінуге игі ықпал жасайтынын ескерген жөн. Осыған орай Жетісу өңірінің ХІХ ғасырдағы тарихында өзіндік терең із қалдырған Байсейіт батырдың келбетін ашып көрсету патшалық Ресейдің әскери экспансиясы кезінде орын алған оқиғалардың өрбу ерекшелігін дұрыс бағамдауға игі ықпал жасайды деп санауға болады.

Байсейіт Тойшыбекұлы – ХІХ ғасырда қазақ халқының азаттығы жолында күрескен батыр. Ол 1831 жылы қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданының Балғабек Қыдырбекұлы атындағы ауылдың маңында дүниеге келген. Батырлар әулетінде дүние есігін ашқан Байсейіттің батыр атағы ерте шыққан. Оның батырлығын Сыпатай би де жоғары бағалаған. Ел арасында Сыпатай батырдың: «Жауға шапқанда, Байсейіттің найзасының ұшы менікінен бұрын тиюші еді, менен гөрі сол Байсейіт батыр» дейтін сөзі сақталып қалған [1, 171 б.].

Байсейіт батыр Кенесары батырларының арасындағы ең жасы болған. Байсейіт батыр Кенесары хан Жетісуға келгенде, аса жас бала батыр екен. Жамбылдың естелігінде Кенесары хан мен Байсейіт батырдың алғашқы кездесуі туралы мынадай бір жайт айтылады. 15 жасар Байсейіт ханның есігінің алдына дейін шауып келіп, дәл табалдырығының алдына келіп ат басын тартады. Сонда әкесі Тойшыбек «бұл не бейбастық, сен ханды басынамысың?» деп ұрысқанда, Байсейіт: «Мен хан деп келгенім жоқ, батыр деп келдім, батырдан батыр қорықпайды» деп іле жауап қатқан екен. Оның бұл жауабына көңілі толған хан Байсейіт батырға оң қанатынан орын берген екен [2, 147 б.]. Жас болса да Байсейіттің ақылдылығы мен өжеттілігіне сай ержүректілігі қоса барын байқаған хан Кене оған әбден разы болады. Бұл жөнінде «Кенесары-Наурызбай» атты дастанында ақын Саяділ Керімбеков:

Тұлғасын Кене сынаған.

Сынағанда ерлікке

Бар болмысы ұнаған, – деп жырға қосады [3, 14 п.].

Байсейіт батыр әкесі Тойшыбекпен және бауыры Керімбекпен бірге 1847-1862 жылдары Жетісуды

патшалық Ресейдің жаулап алуына қарсы табанды күрес жүргізеді. 1850 жылы Үшалматы өңірін жаулап алуға келген капитан Гутковскийдің экспедициясына қарсы Тойшыбек би Қасаболатұлы бастаған көтеріліске қатысады.

1851 жылы Карбышев экспедициясы көтерілісшілерді қатаң жазалайды. Тойшыбек би баласы Байсейітпен бірге өзіне қараған рулармен Шу өзенінің арғы бетіне қоныстануға мәжбүр болады. Бекініс салу үшін ең шұрайлы жерлердің тартып алынуы Байсейіт батыр сияқты қазақтардың наразылығын тудырмай қоймады. Бұны пристав Перемышльскийдің мына сөздерінен де аңғаруға болады: «Үшалматы бойын қарап шыққаннан кейін біз бұл өзендердің бойындағы шатқалдың ағаш кесуге ыңғайлылығын, арықтар тартылып, егін егуге де даяр тұрғандығын және шөп оруға да таптырмас жер екенін байқап, әрі бұл жердің есік пен Талғар өзендері бойындағы жерден анағұрлым асып түсетінін көріп, Дулаттардың егін егетін және мал бағатын жері біздің қол астымызда болсын деп ойлап, бекіністі Алматыға салайық деп шештік. ...Қазақтар 110 қап тары әкелді. Дулаттар мен албандарды түйені өз еріктермен бермегендері үшін кінәлауға болмайды. Себебі, өлкедегі саяси ахуал қазақтардың күн көріс көзі – мал мен жердің тартып алынуына байланысты шиеленісе түскен еді» [470-83 п.].

Байсейіт батыр әкесі Тойшыбекпен бірге 1851-1855 жылдары Үшалматы өңіріне бекініс сала бастаған патша әскерлеріне қарсы жиі-жиі шабуылдар ұйымдастырып, көп шығынға ұшыратады. 1854 жылы пристав Перемышльский Байсейіттің әкесі Тойшыбек биді қолға түсіру мақсатында оның ауылына әскери шабуыл ұйымдастырады. Бірақ бұл Байсейіттің ағасы Жанқожаның ауылы болып шығады. Қазақтар жақтан 40 адам қаза тауып, бірнеше адам жараланады. Перемышльский отряды Жанқожаны тұтқынға алып, сонымен бірге 800-дей жылқы мен 200 түйені, 66 ірі қара малды тартып әкетеді [5, с. 176 Бұған жауап ретінде Байсейіт әкесі Тойшыбекпен және бауыры Керімбекпен бірге Алматы маңындағы казактарға тұтқиылдан шабуыл жасауды барынша жиілетіп, жаулаушылыққа қарсы жан аямай күреседі.

Байсейіт сенімді жігіттерімен 1856 жылы Қапалдан Верныйға келе жатқан әскери жүк көлігіне шабуылдап, 6 солдатты тұтқындап әкетеді және қомақты астықты олжалап кетеді.

Патша өкіметінің жаулап алу саясатына қарсы күресе жүріп, Байсейіт батыр елдің тұрмысының жақсаруына да қамқор бола біледі. Оның басшылығымен Ақсеңгір өзенінің жоғарғы жағынан тоған салынып, егін егіледі. «Байсейіт тоғаны» деп аталған тоғанды жағалай қонған жұрт салған егін көктемнен күзге дейін көгеріп, жайқалып тұрғандықтан, ел сол өңірді «Көкдала» деп атап кетеді [6, 130 б.].

Бекіністердің көбеюінен Жетісудағы халықтың жайылымы күн өткен сайын тарылып, әлеуметтік жағдайы нашарлай түседі. Байсейіт батыр әкесі Тойшыбекпен бірге қырғыздарды да көтеруге тырысады. Пішпек бекінісі төңірегінде қоныс тепкен қырғыздың солто руының жігіттерімен біріге отырып, отаршылдыққа қарсы әрекеттерін тоқтатпайды. Қырғыз жігіттерімен бірге қоқандықтар жағында Пішпекті қорғауға да белсене қатысады. Сол қызметі үшін Пішпектің бегі Атабек Байсейіт батыр мен қырғыздың Шабдан манабы екеуін Қоқандағы Мәлләбек ханның ордасына қазақ-қырғыз атынан өкіл етіп жібереді. Хан оларды жылы қарсы алып, алтын жалатқан қылыш сыйлап, иықтарына жібек шапан жауып, үлкен құрмет көрсетеді [7, с. 65-64]. Кері қайтар жолда хан оларға Қанағатшаһ бастаған қолбасшысымен бірге әскер қосып беріп, Алматыны патша әскерлерінен азат етуге аттандырады.

Қанағатшаһ бастаған түркі-мұсылман әскері құрамында Байсейіт Тойшыбекұлы да 1860 жылы Ұзынағаш шайқасына қатысады. Шайқас 1860 жылы 18-21 қазанда Ұзынағаш түбінде, Қарақастек өзені бойында өтті. Сыздық төре, Сұраншы батыр, Арыстан батыр, Ақмолда батырмен қатар Байсейіт батыр да шайқаста қол бастап шығады. Ұзынағаш шайқасының тарихына қалам тартқан П. Пичугин «қырғыздардың атты әскері 3000-дай адам болды, солто руын Іледен қуылған біздің дұшпанымыз – Тойшыбектің баласы Байсейіт бастап келді» [8, с. 14] деп көрсетеді. Бұл мәлімет Байсейіт батырдың қырғыз жігіттеріне де қолбасшылық жасағанын аңғартады. Соғыс барысында патшалық Ресей әскерлері жасырынып жатып, ал қоқандықтар аттың үстінде жүріп соғысады. Сондықтан да орыс артиллериясы ұрыста шешуші рөл атқарып, қоқандықтар жеңіліске ұшырайды.

Ұзынағаш шайқасында қоқандықтар жағында соғысып, туған жерін қорғаған қазақ батырлары қудалауға ұшырады. Патша өкіметі тарапынан жекелеген адамдар ғана емес, орыстарға қырын қарады деген түгел бір руларды жазалау үшін әскери экспедициялар жіберілді. Әскери министрге 1861 жылы 31 қаңтарда Омбыдан генерал-губернатор Дюгемаль: «Сіздің бұйыруыңызбен жыртқыш сарыбағыштар мен Ұлы жүздің сатқын қасқарау, жаныс руы жазасын тартты. Сотник Жеребьятов пен Ростовцевтің біз жақтан еш шығынсыз жеткен жетістіктері толық әділетті, мен тек осындай жолмен ғана Шу жақтағы бізден бөлініп кеткен қазақ, қырғыз руларын қайтаруға болады деп үміттенемін [9, 3 п.], – деп жазды. Мұнымен қоса Дюгемаль Іле бекеті мен Қордайдағыдай Шу өңірінде бас көтерген ауылдар болса, қарудың күшімен жазалауға тиым салмаймын, қарулы қолмен жыртқыш топтарға қарсы тез, әрі талмай қимылдандар деп нұсқау берді [10, 6 п.].

Шу өңірінде, Пішпек түбінде мұндай қазақ-қырғыз қолын бастап, бас көтерген топтарды басқарғандардың бірі Байсейіт Тойшыбекұлы болды.

Шу, Талас өңіріндегі беделді қазақ, қырғыз билеушілерінің әскери жаулаушылыққа қарсы әрекеттерін басып, орыс ықпалына тарту үшін патша өкіметінің шенеуніктері түрлі әдіс-айланы қолданды. Шу экспедициясының бастығы Тойшыбек бидің ықпалды ұлдары – Байсейіт батыр мен Керімбек биге қатты назар аударып, қолдарындағы бар сыйлықтың ең қымбатын сыйлап, хат жолдап, өздері жаққа өтуге үгіттеп бағады.

Осы тұста қоқан-орыс текетіресі бұрынғыдан бетер шиеленісе түсіп, ақыры 1862 жылы 19 наурызда Дюгемаль Колпаковскийге арнайы отрядпен Қордай асуы арқылы өтіп, Пішпекке, одан әрі Ақсу мен Меркеге қарай жол тартуды бұйырады. Ондағы мақсаты Сырдария желісінде соғысып жатқан қоқандық күштерді алаңдатып, бөлінуге мәжбүрлеу және барлау жүргізу болатын. Сонымен бірге Жетісудағы бекіністерді әскери әзірлікке келтіруді бұйырды. Сол себепті 1862 жылы Іле өңіріндегі әскер саны 1861 жылмен салыстырғанда 2 есе өсті. 1862 жылы 13-24 қазан аралығында 10 күн бойы Пішпекті қоршауға алып, ақыры подполковник Колпаковский әскері Пішпекті алды. Пішпек бекінісі үшін күресте Байсейіт батыр қоқандықтар жағында болды.

1863 жылы 4 мамырда Колпаковский отряды Пішпекті біржола талқандады. Шу бойындағы қоқандық бекіністер алынған соң, орыс әскерлері Қазақстанның оңтүстігіне қарай жаулаушылық жорықтарын бастады. Талас өңіріне баратын жеңіл отрядты басқарған подполковник Лерхе 22 мамыр күні Әулиеатадан 5 шақырым жерде Талас өзені бойына орналасады.

Пішпектің құлауымен Шу бойында қоқандықтар мықты тірегін де жоғалтты. Ендігі бір қоқандық тірек Әулиеата болатын. Байсейіт батырдың ауылы да Талас өзені бойына қарай көшеді.

Орыс әскерлерінің барлаушы отрядтарының келуі қарсаңында Қоқан ханы ордасындағы тақталасқа байланысты қазақ, қырғыз билеушілерінің өз арасында жікке бөлінушілік байқалды. Біреулер Бұхар әмірі Мұзаффардың ықпалындағы Құдияр ханды, екіншілері қырғыз, қыпшақтар қолдаған Әлімқұл тобын жақтады. Соған байланысты қазақ, қырғыз билеушілерінің қыпшақтар жағын қолдаушы топтарының Әулиеата, Нарын жаққа орыс отряды келіп жатқанда қоқандық бекіністерге шабуыл жасауы орын алды. Қоқандық бекіністерге шабуыл жасаушылар, кейбір тарихшылар шатасып жазып жүргендей, орыс отрядын қолдаушылар емес, Құдияр ханды қолдамағандар болатын.

Құдияр хан болса, елді алдымен қыпшақтар мен қырғыздарға қарсы соғысуды, содан кейін патшалық Ресейге қарсы соғысуды жөн көрді. Әлімқұл молда хандықтың сыртқы саясатын реттеуге де бірқатар қадамдар жасады. Әлімқұлдың елшілері Түркияға, Англияға, Қытай мен Ауғанстанға аттанды. Қоқан елшілеріне Ресей империясына қарсы күресте әскери көмек беруге Түркия уәде берді [11, 35 б.] Әлімқұл молданың тың бастамалары қазақтар мен қырғыздар арасында ханның беделін өсіре түсті. 1863 жылы Шымкент, Әулиеата төңірегіндегі қазақтар мен қырғыздар қыпшақтарды жақтап, бірқатар қалаларды қоршауға алады. Соның бірі қырғыздың бағыш руының Сарымсақ биі бастаған қолдың 1862 жылдың қарашасы мен 1863 жылдың наурызы аралығында Әулиеатаны қоршауға алуы еді. Байсейіт батырдың жігіттері Байзақ датқа жігіттерімен бірге Сарымсақ бастаған қырғыздарға белсенді көмек көрсетеді. Бұл кезде Әулиеата бегі Атабек датқа Бұхар әмірі көмегіне сүйеніп, хандыққа ие болған Құдияр ханды жақтады. Оны Ұлы жүздің бір топ билері мен датқалары – Құдайберген датқа, Шыныбек, Әшекей, Бекназар, Едіге, Шынасыл билер, Атай батыр, Құлан сұлтан т.б. және қырғыздың Тоғолақ молда (Ишан Тоғолақ кожа) сияқты бас кісілері қостады [12, 89 п.].

Патша әскерлерінің жаулаушылық жорықтарына қарамай, қазақ-қырғыздың бірі Атабек датқа, екіншілері Сарымсақ би жағына бөлініп, жақ-жақ болып соғысып кету қаупі төнеді. Байсейіт батыр мұндай қантөгіске жол бермеу мақсатында екі жақты бітімгершілікке шақырып, бейбіт келістіру жағын ойластырады. Сол үшін Байсейіт батыр Әулиеатаны қоршау кезінде қырғыз манаптарымен бірге бекініс ішіндегі қоқандықтармен келіссөздер жүргізуге барып, сол келіссөздердің бірінде оны қоқандықтар тұтқынға алады, тұтқыннан қашып шыққан батырдың арқасына ту сыртынан атылған оқ тиіп, жараланады. Мұрағаттық құжаттардың бірінде Ботбай Байсейіт батырдың 1863 жылы көктемде арқасына оқ тиіп, жараланғаны көрсетілсе [13, 2 п.], қазақ-қырғызға танымал Шөже ақын Байсейіт батырдың күйеу баласы Ноғайбай биге айтқан жырында:

Байсейіттің батырлығы жаннан асқан,

Ондай кісі шықпаған бір қатардан.

Сарттың жалғыз оғынан өліп кетті,

Сондай гой опасы жоқ дүние жалған [14], – деп жырлаған. Шөже ақынның келтірген бұл мәліметі қазақтың Саяділ ақынының да «Сұраншы мен Тезек төре» атты жырында [15, 149-150 б.] сабақтала түседі. Арқасына қадалған оқпен 4 айдай жүрген Байсейіт батыр қазақ пен қырғыз көп жиналған Балпық батырдың әкесі Қапсалаңға берілген асқа қатысып:

Бұл жұрттың жан-жағынан жау қамап тұр,

Өртенер бірікпесең оң мен солың.

Біріксең қырғыз-қазақ бөрі жемес,

Бөліне жырылма да бүтін болғын [15, 151 б.], – деп ақыл айтып, қырғыз-қазақты татулыққа үгіттеген.

Байсейіт батырдың екі жақты бейбіт келістіру жолындағы қызметі еш кетпей, ақыры, Талас өңіріндегі Байзақ датқа бастаған Ұлы жүз қазақтары мен Сарымсақ би бастаған қырғыздар және қыпшақтар қолы Әулиеатаны қорғаушылармен өзара ымыраға келіп, қаланы соғыссыз алады. Әулиеатаның бұрынғы бегі Атабек ақсақал ретінде қалып, қала бегі болып Сарымсақтың ұлы Пұсырманқұл тағайындалады. Әулиеатаның ішінде қоршауда қалған қазақтардың бәрі босатылады.

Туған жерін қорғау жолындағы Байсейіт батырдың табандылығы мен көзсіз ерліктерін патшалық Ресейдің әскерилері де жоғары бағалады. 1864 жылы 24 мамырда генерал Дюгемальдің тарапынан Байсейіт батыр мен Керімбек би Тойшыбекұлдарына кешірім жасалатыны жарияланады [16, 2 п.]. Көп ұзамай, Байсейіт Тойшыбекұлы да дүниеден өтеді. Бірақ батырдың ерлігі ел есінде қалды.

Сүйінбай ақын Байсейіттің Жетісуды қорғаудағы ерлігін:

Дұшпанды бері бастырмай,

Ат жаратып баптаған.

Барлық батыр жігіттер

Байсейітті жақтаған [17, 152 б.], – деп дәріптеді.

«Байсейіт батыр» деген дастанды Жамбылдың замандасы Тәжібай Байбағысұлы жазды [18, 2 п.]. Жамбылдың шәкірті Саяділ Керімбеков те батырға «Байсейіт батыр» дастанын арнады [19, 16 п.]. Байсейіт ауылының киелі топырағында өсіп, ержеткен белгілі жазушы Балғабек Қыдырбекұлы өзінің «Алатау» романында Байсейіт батырды кейіпкерінің бірі ретінде сомдаған.

Бүгінгі таңда Алматы қаласында Байсейіт Тойшыбекұлы атындағы көше бар. Байсейіт батырдың сүйегі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Таран елді мекені тұсында (қазіргі Балғабек Қыдырбекұлы атындағы ауыл) қойылған. Ағайын-туыстары батырдың бейітінің басына белгі тас қою шарасын ұйымдастыруда. Ендігі жерде Байсейіт батыр есімін ұлықтай түсіп, оның ел қорғаудағы ерлік істерін кеңінен насихаттай түскен абзал.

1 Ысқақбай М. Асу-асу бел Қордай. – Алматы: Маатай, 2007. - 252 б.

2 Жабаев Ж. Есте қалған әңгімелерден // Хан кене (Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен хан-батырлар туралы тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар). – Алматы: Жалын, 1993. – 247 б.

3 Керімбеков С. Кенесары-Наурызбай // ҚР БҒМ ОҒКҚҚ. 1337-қ., - 111 б.

4 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 7-іс.

5 Аристов Н.А. Усуни и кыргызы или кара кыргызы: Очерки истории быта населения Западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. – Бишкек: Илим, 2001. – 776 с.

6 Бүркімбаева Ү. Жетісуым – жеті құтым, ырысым. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. - 360 б.

7 Шабдан батыр. Эпоха и личность. Документы и личность. – Бишкек: Шам, 1999. – 346 с.

8 Пичугин П. Вторжение коканцев в Алатавский округ в 1860 году / Военный сборник. – 1872. – №5-6. – с. 14-45.

9 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 34-іс.

10 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 35-іс.

11 Saray M. Russianin Turk Illerinde Yayılması. – Istanbul: Bogasici Basim ve Yayınevi, 1975. – 430 b.

12 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 222-іс.

13 ӨР ОММ. 715-іс, 1-т., 7-іс.

14 Ысқақбай М. Аңыздан ақиқатты аршып алайық (Ноғайбай шешен туралы мақалаға орай) // Әдебиет айдыны. – 2005. – 2 тамыз.

15 Тезек төре: Айтыстар мен жыр-өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1996. – 182 б.

16 ӨР ОММ. II-366-қ., 1-т., 7-іс.

17 Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары. Өлеңдер, айтыстар, толғаулар. – Алматы: Білім, 1996. – 252 б.

19 Байбағышев Т. Байсейіт батыр // ҚР БҒМ ОҒКҚҚ. – 408 б

20 Керімбеков С. Байсейіт батыр // ҚР БҒМ ОҒКҚҚ. – 725 б.

СӘЛІМГЕРЕЙ ТЕВКЕЛЕВ – ОРЫНБОР МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МУФТИИ

С.К. Рүстемов – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к.

Данная статья посвящена исследованию деятельности муфтия Оренбургского мусульманского духовного собрания в конце XIX века Салимгерей Тевкелева.

This article is devoted to the research activities of the Mufti of Orenburg Muslim Spiritual Assembly at the end of the nineteenth century Salimgereya Tevkeleva.

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты тұсында діни қайраткер ретінде тарих сахнасына көтерілгендердің бірі ретінде Сәлімгерей Тевкелевтің есімін атауға болады. Оның есімін Орынбор мұсылмандары діни басқармасының мүфти болуы да әйгілей түседі. Оның өмір жолын, шыққан тегін зерттеу отаршылдық саясат жағдайында орын алған құбылыстар мен оқиғалардың астарын аңғаруға өз септігін тигізеді.

Мүфти Сәлімгерей Тевкелевтің шыққан тегіне қатысты соңғы уақыттарға дейін біржақты қарастырылып, оны татар халқының өкілі ретінде есептеліп келді. Мұндай пікірдің туындауы шежірелік мәліметтерге мән берілмеуден туындаған-ды.

Сәлімгерей Тевкелевтің шыққан тегі туралы нақтылы мәлімет беретін зерттеушілердің бірегейі ретінде XIX ғасырда өмір сүрген татар халқының көрнекті ағартушы-ғалымы Ш.Маржани есімін ерекше атау қажет. Ол ұсынған шежірелік мәлімет Сәлімгерей Тевкелевтен алынғандығымен ерекшеленеді. Аталмыш ғалым өзінің «Мөстәфәдел-әхбар фи әхвали Казан вә Болгар» атты еңбегіндегі Орынбор қаласының салыну тарихына арналған тарауында бұл қаланың негізін қалауға Қ.Тевкелевтің тікелей қатысы барлығын айтып, оның Шыңғыс хан әулетінен екенін атап көрсетіп, Сәлімгерейдің өзіне дейінгі тегін мынандай ретпен береді: Орыс хан (Ырыс хан)-Құйыршық-Барақ-Жәнібек-Жәдік-Шығай-Ондан-Оразмұхаммед-Дәулетмұхаммед-Мамаш-Тәукел (Тәукел)-Құтлығмұхаммед-Шаһингерей [1, 205, 216-б.].

Ш.Маржанидің көрсетуінше, С.Тевкелев қазақтың Оразмұхаммед сұлтанының тікелей ұрпағы табылады. Бұл мәліметтің шындыққа жанасатындығын И.А. Гилязов та өзінің Тевкелевтер әулетінен XVII ғасыр мен XIX ғасырдың басында шыққан помещиктер туралы еңбегінде қуаттайды [2, с. 77]. Алайда, И.А. Гилязов Тевкелевтер әулетін Оразмұхаммедтен өрбитіндігін мойындағанымен бұл әулет өкілдерін татар помещиктері ретінде сипаттайды. Бұл бәлкім, С.Тевкелевтің Оразмұхаммед, Дәулетмұхаммед, Мамаш секілді аталары мен әкесі – Тәукелдің (Тәукел) және ағайын-туыстарының Керман хандығында ғұмыр кешкендігіне де байланысты шығар. Өйткені, Керман хандығы тұрғындары орыс деректерінде «қасымдық татарлар» («касимовские татары», «качим татарлары») деп аталған және бұл тұрғындар кейіннен осындай атпен субэтностық топ құраған. «Қасымдық татарлардың» жалпы саны небір аласапыранды бастан кешкеннен кейін, 1897 жылғы санақ бойынша 4,7 мың адамды құраған. Санақ өткен кезде «қасымдық татарлардың» басым көпшілігі мұсылман дінінің суннит тармағымын ұстанатындығын танытқан.

Осылайша, қазақтың әйгілі ханы Тәукелдің інісі – Ондан сұлтан мен оның ұлы – Оразмұхаммед С.Тевкелевтің арғы аталары болатындығы аңғарылады. Сібір хандығындағы билеушісі Сейдектің иелігінде жүрген кезінде 1588 жылы Тобыл воеводасы Д.Чулковтың айалы әрекеті нәтижесінде тұтқынға түсіп, Мәскеуге аттандырылғаны, онда алдымен орыс патшасы Федор Ивановичтің, кейіннен Борис Годуновтың қызметіне тартылғаны, орыстардың 1590 жылғы шведтерге қарсы жорығына және басқа да соғыс қимылдарына қатысқаны, сондай-ақ 1600 жылы Б.Годуновтың «қамқорлығы» нәтижесінде Керман хандығының билеушісі болғаны аян [3, с. 338-385]. Сол кезде Мәскеу патшалары Сібірді және оған іргелес өңірлерді иелену мақсатында ондағы халықтардың ашық қарсылығын туғызбайтын тәсілді таңдап, жергілікті билеуші топтардың өкілдерін өзіне тарту, сөйтіп оларды өз мүдделеріне сай пайдалануға басымдық берген еді. Соған байланысты орыс патшалығында өз тарапына өткендерге шен-шекпендермен қатар иеліктер тарту ету және жұртта қалған отбасы мүшелерін алдырып беру, оларды қызметшілермен қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылды. Мұндай шаралар Оразмұхаммедке де байланысты іске асырылмай қалмады. Бұған Оразмұхаммедтің алдымен поместье алғанын, Мәскеуден кейіннен Керманда жалғыз емес, үлкен отбасымен және ел жұртынан келген жақын би-бектерімен бірге тұрғандығын мысал ретінде келтіруге болады [4, 16-20-б.].

Оразмұхаммед 1605 жылы Б.Годуновтың өлімінен кейін орын алған алауыздық кезінде Лжедмитрий II-ші жағына шықты. 1609 жылы В.Шуйскидің әскері Касимов қаласын алғаннан кейін поляк королі Сигизмундты қолдаған Оразмұхаммед 1510 жылы қараша айында Лжедмитрий II-нің бұйрығымен қастандықпен өлтірілді.

Романовтар билігі кезінде Оразмұхаммедтің ұрпақтары, яғни С.Тевкелевтің арғы аталары қоныстанған Керман хандығында патша өкіметінің қолдауымен халықты шоқындыру саясаты жүзеге асырыла бастады. Хандықтың кейбір билеушілері шоқынып, орыс есімдерін алуға мәжбүр болды. Мәселен, Сейіт-Борхан хан шоқынып, Василий деген есімді иеленді. Шоқындыру саясатының екпін алуымен 1656 жылы Керман хандығының тұрғындары көтеріліске де шықты. Бірақ мұндай әрекеттен нәтиже бола қоймаған саяси ахуал жағдайында Оразмұхаммедтің ұрпақтары да шоқындыру, орыстандыру саясатының құрбанына айналып, болашақ Ресей империясына қызмет етушілер ретінде қалыптастырыла бастады. Соның бірі Құтлығмұхаммед Тевкелев еді. Ол шоқынып, Алексей Иванович атанды. Ол патшалық Ресейдің отарлық саясатының қарқынды жүруіне елеулі үлес қосумен танылғаны мәлім.

Қ.Тевкелевтің көзі тірісінде-ақ Тевкелевтер отбасы ірі помещиктер қатарынан саналды. Қ.Тевкелевке қарасты иелік оның «адал қызметі үшін» жылдан-жылға кеңейіп отырған. Бұл әулеттің қарамағындағы крепостнойлардың саны 2110 адамға дейін жетті. Оның 897-сі Орынбор губерниясында, 1130-ы Вятка губерниясында, 85-сі Рязань губерниясында болған. Вятка губерниясындағы Тевкелевтердің иелігі 42915 десятина жерді құраған, оның 5685 десятинасы егістік алқап, 33 959 десятинасы орман, 4498 десятинасы шабындық болған. Сонымен қатар Тевкелевтер бірнеше кен орындарды да иеленген.

Осыншама кең алқапты алып жатқан Тевкелевтер иелігіндегі қожалықтар 1773-1775 жылдардағы Е.Пугачев бастаған көтеріліс тұсында зор шығынға ұшырады. Сол кездегі Тевкелевтердің шығыны 29864 сомды құраған. Пугачевшылдар көтерілісін басуға Қ.Тевкелевтің секунд-майор шеніндегі жалғыз ұлы – Жүсіп (христиандық аты-жөні – Осип Алексеевич) те қатысқан. Ол көтерілісшілерді жазалау отрядын басқарып жүрген шағында, 1773 жылы 6 желтоқсанда Уфа уезіне қарасты Ақбаш деревнясының маңында пугачевшылар қолынан қаза тапты.

Жүсіптің өлімінен кейін Тевкелевтердің иелігіндегі шаруашылыққа Қ.Тевкелевтің келіні – Дария Тевкелева бас-көз болды. Жүсіптің артында Шаһингерей атты баласы қалған, одан Сәлімгерей, Сейітгерей және Бақтыгерей атты үш немересі болған. Ресми құжаттарда олардың аттары орысша (Шаһингерей – Петр, Сәлімгерей – Александр, Сейітгерей – Павел, Бақтыгерей – Алексей) аталады [2, с. 79]. Қазіргі Башқортостан Республикасының Буздяк ауданына қарасты Климово ауылындағы Тевкелевтер сарайы Қ.Тевкелевтің шөберелерінің тұсында, 1852 жылы салынды.

Қ.Тевкелевтің шөберелері де өзі мен баласы секілді әскери жолды таңдады. Мәселен, 1805 жылы туылған үлкен шөбересі – Сәлімгерей гусарлар полкінде штаб-ротмистр лауазымына дейін көтеріліп, 1829 жылы орыс-түрік соғысына, 1830 жылы поляктар көтерілісін басуға қатысып, 1848 жылы отставкаға шықты.

Тевкелевтер әулетінің өкілдері арасында тілмаштықпен қатар зерттеушілік жұмыстар жүргізгендері де болды. Мәселен, Қ.Тевкелевтің бауырларының бірі Рамазан Тевкелевтің ұлы – Мұртаза коллеж ассессоры ретінде Сыртқы істер коллегиясында тілмаш болып қызмет етіп, Әбілғазы ханның «Түрік шежіресіне» түсініктеме (комментарий) жазған. Осы жерде Қ.Тевкелевтің ұлы – Жүсіп те білімге құштарлық танытып, өз үйінде бай кітапхана жинақтағанын айта кеткен жөн. Ол 1754 жылы қазандық Өтеген Оразметов деген адамға құны 199 сом болатын жеті кітапты тарту еткен [2, с. 80].

Тевкелевтер әулетінен шыққандардың ішінде XIX ғасырда барынша танымал болғаны – мұсылмандыққа толығымен бет бұрған Сәлімгерей Тевкелев еді. Ол 1865 жылы Орынбор мұсылмандары діни басқармасының мүфтиі болып сайланды. Оның осындай лауазымға ие болуымен Тевкелевтер әулеті ендігі жерде шоқынған әулет емес, мұсылмандық әулет ретінде танылды. Оның үстіне сол тұста Еділ-Жайық өңірінде христиандықты қабылдаған түркі халықтарының өкілдері арасында миссионерлердің қарсылығына қарамастан мұсылмандыққа өту жаппай етек алып жатты. Осындай сәтте патша өкіметі шеткері аймақтарда тұрақтылықты сақтау мақсатында мұсылмандық элитамен ымыраға келу бағытына бет бұра бастаған еді [5, с. 130]. Соған орай патша өкіметі мұсылмандық элита өкілдерін де өзіне тарту ниетінде оларды марапаттай бастады. Мәселен, С.Тевкелев I дәрежелі Анна және Станислав ордендерімен марапатталды [6, с. 33].

Орынбор мүфтилігі С.Тевкелев дүниеге келмей тұрып құрылған-ды. Оны құру туралы мәселені алғаш Уфа және Симбирск наместнигі барон О.А. Игельстром көтеріп, бұл жөнінде 1787 жылы басқарушы Сенатқа ұсыныс түсірген еді. Оның ұсынысы Сенаттың ғана емес, патшайым II Екатерина тарапынан да қолдау тапты. 1788 жылы 22 қыркүйекте II Екатерина мүфтиліктегі құру туралы жарлыққа қол қойды. II Екатерина мүфтилікті құру туралы жарлыққа қол қойды.

II Екатеринаның жарлығына сәйкес Уфа қаласында ашылған бұл діни басқармаға Сенаттың ұйғарымымен қазандық татар Мұхамеджан Хұсейинов мүфти етіліп тағайындалды. Патша үкіметі мүфтиліктің қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында оған кететін шығынды көтеруді өз мойнына алып,

мүфтиге жылына 1500 сом көлемінде жалақы белгіледі, ал оның қол астында істейтін 3 қазы мен мүфтилік кеңсесінің 8 қызметкеріне жылына 900 сом бөлетін болды.

Бұл мүфтилікке дейін Ресей империясында Қырымда Таврия мүфтилігі, оның артынша Кавказда шииттер мен суниттердінекі мүфтилігі құрылған болатын. Отаршылдық саясатты қарқынды түрде жүргізуді көздеген, орыс емес халықтарды шоқындыру бағытындағы шараларды жүзеге асыруға ұмтылған патша өкіметінің империядағы мұсылмандарға арнап өз қолымен діни басқармалар – мүфтиліктер құруның өзіндік себептері бар еді. Ол себептердің өзі сыртқы және ішкі жағдайлардан туындады.

Сыртқы жағдай қатарында XVIII ғасырдың соңына қарай Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың шиеленісіп, соғысқа ұласуын жатқызуға болады. Қалыптасқан осындай жағдайда II Екатерина Ресей мұсылмандарына Түркияның ықпал ету мүмкіндіктерін барынша шектеуді көздеп, қауіпсіздік шараларын ұйымдастырды. Өйткені, 1788 жылы Түркияның Бұхар әмірлігіндегі елшісі Ресеймен соғыстың астарында «мұсылмандарды орыс үстемдігінен қорғау жатыр» деп мәлімдеген еді. Өз кезегінде түрік сұлтанын қолдаған Бұхар әмірі қазақ ақсүйектеріне, «қаны мен діні бір» түріктерге көмек көрсету үшін орыстарға қарсы күресуге шақырған үндеу таратып жатты. Осыған орай патша үкіметі империядағы мұсылмандардың дініне ізгі ниетте екендігін танытуға тырысып, мұсылмандық діни басқармаларды құруды қолға алды.

Мүфтиліктер ашуға әсер еткен ішкі жағдай мұсылмандардың отаршылдық саясатқа деген қарсылықтарын бәсеңсітумен байланысты еді. Мұны қазақ даласындағы Ислам дінінің жалпы жағдайымен арнайы шұғылданған орыс шенеуніктерінің отарлық билік орындарына беріп отырған мәлімдемелерінен де аңғаруға болады. Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті директорының атына жіберілген осындай мәліметтердің бірінде былай делінген: «Біздің даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қырғыздардың (қазақтардың) және Орта Азиядағы өзге де мұсылман халықтардың діни істеріне қол сұғылмайтындығы жөнінде сенім қалыптастыруды талап етті. Мұндай жағдай өз жағымызға хандар мен сұлтандарды және даладағы ықпалды адамдарды тартуға байланысты туындады. Соған орай үкімет орындары алғашқыда Исламға төзімділік танытып ғана қойған жоқ, оған қамқорлық та көрсетті» [7, 101-п.].

Мұсылмандық діни жоралғылардың сақталуын қадағалау, мешіттер мен медреселерді салуға басшылық ету және оларға имамдар мен мүдәрістерді тағайындау, сондай-ақ неке қию істерін жүзеге асырып отыру т.б. бірқатар міндеттер жүктелген мүфтиліктерді патша үкіметі қатаң бақылауға ұстап, олардың қызметі империя мүддесімен үндесіп жатуына ерекше назар аударды. Сөйтіп мүфтиліктерді билік орындары отаршылдық саясат жолында барынша пайдалануға тырысып бақты. Отарлық билік орындарының уысында болуына байланысты мүфтиліктерге патша өкіметінің дегеніне көнуден басқа жол қалмады. Сондықтан да 1789 жылы 4 желтоқсанда Уфадағы мұсылмандық діни басқарманың ашылуы кезінде мүфти М. Хұсейінов мұсылмандарды патшайым II Екатеринаға адал болуға шақырды.

Уфада құрылған мұсылмандық діни басқарма 1797 жылдан бастап Орынбор мүфтилігі деп аталды. Оның бұлайша аталуы жаңадан Орынбор губерниясының құрылуына байланысты еді. Бұл губернияның орталығы Орынбор қаласы болғандықтан, 1798 жылы діни басқарма кеңсесі де осы қалаға көшті. Басқарма кеңсесі онда 1802 жылдың соңына дейін болып, Уфа қаласына қайта көшірілді. Бірақ бұған қарамастан, мүфтилік сол кезден бастап 1918 жылдың соңына дейін, яғни кеңестер билігі орнағанға дейінгі аралықта Орынбор мүфтилігі деген атын сақтап қалды.

Орынбор мүфтилігінің қарамағында XVIII ғасырдың соңына қарай 28 ахун, 969 молда, 114 мешітпен оның жанындағы медреселерде қызмет ететін 1921 мүдәріс болды.

Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату шараларын патша өкіметі 1789 жылдың көктемінде қолға алған еді. Осы мақсатта О.А. Игельстром Кіші жүз қазақтарына татар молдалары арқылы хат жолдап, құрылған мүфтилікке қазақтардың діни істері қарағанын қалайтындығын танытқан еді. Алайда, қазақ ақсүйектерінің бір тобы патша өкіметі қолымен құрылған мүфтилікке өздерінің діни істерін қаратқысы келмейтіндіктерін білдіріп, бұл жөнінде Бұхар әмірімен кеңесуді жөн санады. Қалыптасқан осындай жағдайда, 1789 жылы желтоқсанда мүфти М.Хұсейінов Оралға келіп, қазақ ақсүйектерімен келіссөздер жүргізіп, бұл өңір қазақтарының діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратуға қол жеткізді.

Бұл қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратудың алғашқы қадамы еді. Мұнан кейін патша өкіметінің үстемдігі орнаған қазақ даласының өзге де аймақтарына Орынбор мүфтилігінің ықпалы біртіндеп тарай бастады. Ондай өңірлерде қазылар мен молдаларды бекіту мүфтидің құзырында болды. Мәселен, 1797 жылы Орал өңіріндегі Кіші жүз қазақтарына қазы болып Қазан губерниясының татары Мұхамеджан Қазиев, 1802 жылы Бөкей Ордасында қазылыққа Жүсіп Махмұтов бекітілді. Арынғазы сұлтанның сол тұста көсетуіне қарағанда, М.Қазиев қазақ руларын аралап, халықты тыныштық сақтауға, патша жарлықтарына бағынуға үндеп отырған. Патша өкіметінің билік орындарына мойынұсынуды

насихаттауда мүфти М.Хүсейінов ерекше белсенділік танытып, қазақтар арасындағы бұхарлық және хиуалық дінбасылардың ықпалын әлсіретуге айрықша мән берді.

Патша әкімшілігі Сырым Датұлы бастаған азаттық қозғалысты басуда мүфти М.Хүсейіновтің қазақтар арасындағы беделін пайдалануды көздеп, оны Сырым батырмен келіссөздер жүргізуге де аттандырған еді. Ол осы мақсатта 1790 жылы Сырым батырмен үш рет жолығып, оны Нұралы ханмен келісімге келуге үгіттеді. М.Хүсейінов 1797 жылы О.А. Игельстромның ұсынысымен Кіші жүзде құрылған Айшуақ сұлтан басқарған хан кеңесінің құрамына да енді.

Орынбор мүфтилігі қазақ балаларын Уфада, Қазанда, Троицкіде, Орынборда және Омбыда ашылған медреселерге тартуда да бірқатар іс-шараларды ұйымдастырды. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде мүфтиліктің араласуымен Ішкі Ордада медресе ашылды. Онда сабақ беруге Еділ-Орал өңірінен татар мүдәрістері жіберілді. Орталық билік орындарына Орынбор мүфтилігі тарапынан мұсылмандық әдебиеттер шығару жөнінде ұсыныстар да түсіріліп жатты. Осындай ұсыныстарды ескерген патша өкіметі 1797 жылы 3600 дана, 1806 жылы 1500 дана, 1853 жылы 82 мың «Құран Кәрімді» баспадан шығарды [8, с.10]. Олардың біраз бөлігі Орынбор мүфтилігінің атсалысуымен қазақтар арасына таратылды.

Қазақтар арасында Орынбор мүфтилігінің белгілі дәрежеде беделге ие бола бастауынан патша өкіметі секем алмай қоймады. Сондықтан да бұл мекеменің қазақтарға ықпалын болдырмаудың жолын қарастыра бастады. Мұндай амал ретінде патша өкіметіне адал берілген Тевкелевтер әулетінің өкілін Орынбор мұсылмандары діни басқармасына мүфти етіп қоюды жөн санады. Бірақ отарлық биліктің бұл үмітін С.Тевкелев ақтай қоймады.

Орынбор мұсылмандары діни басқармасындағы қызметі барысында С.Тевкелев 1868 жылғы әкімшілік реформаға сәйкес Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары қазақтарының діни істері аталмыш мүфтиліктің қарауынан шығарылып, жергілікті билік орындары қарамағына берілуіне наразылық танытқандардың бірі болды. Сонымен қатар ол билік орындарының бұл облыстардағы қазақтардың діни істеріне байланысты шешім қабылданады деген уәдесіне сенім артты. Ол мұсылмандар арасындағы ахуалды жіті қадағалауға алып, 1866 жылы мұсылмандарға мұсылмандық парыздарын тиесілі орындау жөнінде үндеу таратты. Оның бұл үндеуіне сол кезде генерал-губернатор Н.А. Крыжановский де құлақ асып, оны барлық уез басшыларына қарамағындағы мұсылмандарға насихаттау жөнінде арнайы тапсырма берді. Бұл өз кезегінде Орынбор мұсылман діни басқармасының халық арасындағы беделінің өсуіне түрткі болды.

1867 жылы Орынбор өңірінде қуаңшылық орын алып, тұрғындар арасында аштық жайлай бастаған шақта С.Тевкелев Ресей мұсылмандарына үндеу жолдады. Ол үндеуде аштыққа ұрынған башқұрттар мен өзге де мұсылмандар пайдасына қаражат жинастыру қажеттігі айтылған-ды. Бұл үндеуге орай мұсылмандар арасынан аштардың пайдасына деп 2431 сом жиналды. Жиналған қаржы аштыққа ұшырағандар арасында имамдар арқылы таратылып берілді [9, с. 165-166].

Қазақтардың діни істерін патша өкіметінің Орынбор мүфтилігі қарамағынан шығарып, жергілікті отарлық әкімшілікке тапсыруының астарында қазақтарды болашақта шоқындыру, православиеге көшіру пиғылы жатқан еді. Қазақтардың діни істерін қадағалаудың әскери шенділерден тұратын әкімшілік қолына тапсырылуын С.Тевкелев мұсылмандардың діни істерін аяқ асты етушілік деп бағалаған пікірінен тая қоймады. Осыған орай Уфа губернаторы Ушаков миссионерлердің кеңес беруімен Ішкі істер министрлігіне тез арада Орынбор мүфтилігін жабу жөнінде ұсыныс түсірді. Оның пайымдауынша, Еділ-Орал өңіріндегі татар-башқұрттардың, қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың діндес және туыстас екендігіне Орынбор мүфтилігі дем беріп, оларды отаршылдық саясатқа қарсы бірлесіп қарсылық көрсетуге шақыратын.

Губернатор Ушаковтың ұсынысы мұсылмандықпен күресуде аса белсенділігімен танылған Қасиетті Синодтың обер-прокуроры К.П. Победоносцевтің тарапынан қызу қолдау тапты. Бірақ патша өкіметі С.Тевкелев басқарып отырған Орынбор мүфтилігін тарату империядағы барлық мұсылмандардың отарлық саясатқа қарсылығын өршіте түседі деп сескеніп, ондай қадамға барудан бас тартты.

Қазақтар арасында діни істерінің Орынбор мүфтилігінен шығарылып тастау толқу туғызбай қоймады. Жергілікті жерлерде қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жөнінде үгіт-насихат жұмысын жүргізушілер бой көрсете бастады. 1872 жылы Ішкі Ордада бұрын имамның көмекшісі қызметін атқарған, Түркияда білім алып қайтқан Әбсаттар Жәбіров қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жайлы үгіт жүргізген. Ол осы әрекеті үшін билік орындарының қыспағына ілігіп, Осман империясы аумағына өтіп кетуге мәжбүр болған [10, 2-п.].

С.Тевкелевтің мүфтилік қызметі кезінде өріс алған діни толқуларда қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату басты талап етіліп қойылды. Осындай толқулар жайында татар тіліндегі «Вақыт» газеті былай деп жазады: «Мұсылмандар үкіметтің ұйғарымын орынсыз, әрі зорлық ретінде санап, оған

мойынұсынудан бас тартты. Қазан губернаторы Скарятин әскери күшпен губерниядағы мұсылман елдімекендерін аралап, жүздеген мұсылмандарды тұтқындалды. Олардың біразы жер аударылып, каторгалық жұмысқа жіберілді, Ақмолада болса, губернатор жергілікті архиереймен бірге Көкшетау қаласындағы шіркеу алаңына өңірдегі қазақтар мен татарлардың бір тобын жинады. Ол жиналған топқа православиені қабылдауды ұсынып, енді шариятпен емес, орыс заңымен өмір сүресіндер деп мәлімдеді. Сухотин бұл үкімге бағынбаған Көкшетау молдасының куәлігін алып, Сібірге жер аударды» [11].

Орынбор мүфтилігінен діни істерінің шығарылып тасталуына орай қазақтар арасында орын алған толқуларды жергілікті билік орындары тәрпынан татар діндарларының зиянды ықпалының нәтижесі деп бағаланды. Мұны Дала генерал-губернаторының Ішкі істер министрлігіне жолдаған мәлімдемесінің мынандай мазмұнынан аңғаруға болады: «1868 жылғы жаңа заң татарларды Орынбор мүфтилігіне қалдырып, қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолына тапсырып, бұл мәселеде ол екі халықтың жігін айырып, бөліп тастаған-ды. Бұл шара өз кезегінде қазақтардың көз алдында татарларды ерекше қамқорлықтағы халық ретінде көрсетіп, өлкеде мерейлерін үстем еткендей болды. Айталы татарлар қазақтарға «үкіметтің сендерді діни ұйымға біріктірмеуі – жалпы мұсылман ретінде біздердің бас қосуымызға бөгет болуы» дегенді мойындатты. ... Өлкені басқаруға келген алғашқы жылдарда татарлардың мешіттерді қапталу арқылы қазақтарды татарға және кәнігі мұсылмандарға тезірек айналдыру үшін не өз алдына діни орталық жасауға, не болмаса Орынбор мүфтилігіне бағындыруға үгіттеуі сияқты зиянды істеріне көз жеткізуіме тура келді» [12, 28-п.].

Патша өкіметінің Ислам дініне байланысты ұстанымының астарын С.Тевкелев дұрыс аңғара білді. Сондықтан да ол билік орындарының мұсылмандарға қойып отырған шектеуліктеріне бірден ашық қарсылық көрсетудің ауыр зардаптарға соқтыратынын ескерусіз қалдырмады. Осыған орай мұсылмандардың діни істеріне қатысты мәселелерді билік орындарымен ымыраға келе отырып шешуге басымдық берді. Оның мұндай әрекеті нәтижесіз қалмады. Оны билік орындарының рұқсатымен Уфа, Қазан, Орынбор губернияларында ғана емес, Семейде, Қостанайда, Петропавлда, Ақмолада, Зайсанда мешіттердің салуға рұқсат беруінен аңғаруға болады.

Мұсылмандар арасында жетім балалар мен қараусыз қалған қариялар мәселесі де С. Тевкелевті бейжай қалдырмады. Ол мұсылман қариялары мен жетім балаларды қамқорлыққа алатын үйлер ұйымдастыру жайын қолға алды. Оның өзі тікелей араласып, Уфа губерниясында мұсылман қариялары мен жетімдеріне арнайы үй ашуға жетекшілік жасап, жұртқа үлгі де көрсете білді. Бұл үйдің қаржылай ауыртпалықтарын көтеруге С.Тевкелевтің Сейітгерей, Бақтыгерей секілді бауырларымен бірге немере інілері де тартылды. С.Тевкелевтің бауырларының атсалысуымен мұсылман қариялар мен жетім балалар үйінің жарғысы әзірленіп, ол Императорлық адамсүйгіштік қоғамы арқылы бекітілді [13, с. 197].

Ресей империясының астанасы – Петерборда тұратын мұсылмандарға арналған үлкен бір мешіт салу мәселесін көтерген де С.Тевкелев болды. Ол Шетдіндер департаментіне бұл мәселені өткір қоя білу арқылы, билік орындары тарапынан оның салынуына рұқсат алды. Ол бұл мешітті Ресей империясындағы басты ислам храмына айналдырудың маңызды екенін имератордың өзіне де жеткерді. 1883 жылдан бастап астандағы мешітті салу үшін империялық көлемде қаражат жинастыратын арнайы комиссия құрылды. Комиссия құрамына С.Тевкелевтің ұсынысымен А.Баязитов, М.Юнусов секілді т.б. беделді мұсылмандар енгізілді. С.Тевкелев аталмыш мешіттің салынғандығын көзімен көре алмай, 1885 жылы дүниеден өтті. Петербордағы мешіттің құрылысы 1913 жылы, Романовтар әулетінің 300-жылдық мерейтойы қарсаңында аяқталды. Мешіт ғимаратын салу ісіне өзге мұсылмандармен бірге қазақтар да, сондай-ақ, Бұхар әмірі – Сеид Абдул Ахад ханға дейін тартылды [14, с. 348-349].

Өзіндік өнегелі ісімен көпшілікті тәнті еткен Тевкелевтер әулетінің өкілі – С.Тевкелевтің артынан ұрпақ қалмаса да, оның ісін інісі – Бақтыгерейдің ұлы – Құтлығмұхаммед Тевкелев жалғастырды. Арғы атасы – Қ.Тевкелевтің құрметіне оның есімі де Құтлығмұхаммед деп қойылған-ды. 1850 жылы туылған ол да аталары секілді әскери кәсіпке бет бұрып, 1870 жылы Паж кадет корпусын бітіріп, әскер қатарында офицер болып қызмет етіп, 1877-1878 жылдардағы орыс-түрік соғысына қатысып, 1885 жылы отставкаға шығып, қоғамдық жұмыстармен айналысты. Немере ағасының бастамасымен құрылған мұсылман қариялары мен жетім балаларға арналған үйдің жұмысын жүргізе жүріп, 1887-1905 жылдары аралығында Уфа қаласы думасының, Уфа губерниясы мен Белебей уезі земство басқармасында қызмет атқарды. Сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара ынтымақтастығын жақтаушы қайраткер ретінде танылып, үшінші және төртінші Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясына төрағалық етті. Петрбордағы мешіттің тұрғызылып, мұсылмандар игілігіне қызмет етуіне тікелей қамқорлық танытып, Сәлімгерей Тевкелевтің үмітін ақтай білді.

1 Мәржани Ш. Мөстафадел-әхбар фи ахвали Казан вә Болгар. – Казан: Татарстан китап нәшираты, 1989. – 415 б.

2 Гилязов И.А. Помещики Тевкелевы в XVII – начале XIX в. (к вопросу об исторических судьбах татарского феодального класса) // Классы и сословия в период абсолютизма. Межвузовский сборник статей. – Куйбышев, 1989. – С. 77-85.

3 Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевицах. Ч. II. – СПб.: Тип. Имп. Акад. наук, 1864. – 498 с.

4 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 272 б.

5 Каппелер А. Две традиции в отношениях России к мусульманским народам Российской империи // Отечественная история. – 2003. – №2. – С. 129-135.

6 Арапов Д.Ю. Ислам в Российской империи // Ислам в Российской империи (законодательные акты, описания, статистика). – М: ИКЦ «Академкнига», 2001. – 367 с.

7 РИССМ. 147-қ., 485-т., 1693-іс.

8 Литвинов П.П. Государство и ислам в Русском Туркестане (1865-1917). – Елец, ЕГУ, - 312 с.

9 Азаматов Д.Д. Оренбургское магометанское духовное собрание в конце XVIII-XIX вв. – Уфа: «Гилем», 1999. – 194 с.

10 РФММ. 109-қ., 212-т., 186-іс.

11 Атрырафән // Вақыт. – 1906. – 15 апрель.

12 ҚРОММ. 64-қ., 1-т., 3475-іс.

13 Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX века как общественно-политическое движение (по материалам Уфимской и Оренбургской губерний). – Уфа: «Гилем», 2002. – 300 с.

14 Загидуллин И. Исламские институты в Российской империи: Мечети в европейской части России и Сибири. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2007. – 416 с.

АБЫЛАЙ ХАН ТУРАЛЫ АҚИҚАТ

Б.С. Шөкенов – «Азаматтық авиация академиясының» Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.қ., доцент

О роли великого казахского хана Абылая в Отечественной истории, о его борьбе за свою землю и за свой народ. Объединив три жуза воедино, он прекрасно исполнял дипломатическую работу. Хан Абылай был уважаем казахским народом. В статье говорится о роли хана Абылая не только в качестве хана родного края Кокше, но и сына казахского народа.

It is about the great role of the Kazakh khan – Abylai in the history of Kazakh people. His fighting for his Motherland and his people. Having united all three zhuzes into one zhuz performed a good diplomatic mission. That is why he was respected by all Kazakhs. Abylai khan was not only the khan of his native land, he was the son of all Kazakh people.

Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан Республикасының 20-жылдық мерей тойында сөйлеген сөзінде «Иә Абылай аңызға айналған тұлға, біз ата тарихының бар шындығын ашу үшін сол аңыздан ақиқатты ажыратып алуымыз керек» деп айтуы, қазақ тарихын әлі де зерттеу керек дегені болар. Қазақ тарихында Абылай ханның орны ерекше.

Абылай хан туралы соңғы жылдарда көптеген пікірлер айтылып та, жазылып та жүр. Қай қырынан қарасақ та Абылай үш жүздің ханы болып есептеледі. Елдің басын біріктіре білді. Көрші мемлекеттермен оң шешім қабылдап келісімге келді. Жауларын жеңіп шықты, сондай-ақ жауларымен де санаса білді.

Абылай хан өз заманының ірі мәмілегері, ұлы хандарының бірегейі болды. Абылай хан туралы аль-Фараби атындағы ҚҰУ-ның профессоры, т.ғ.д. Т.Омарбековтың «Аңыз адам» журналына берген сұхбатында өте орынды мысалдар келтіреді.

Онда: «Абылайдың жалғыз екені де, оны Көркем Уәлидің асырап алғаны да рас. Төле би оқытып, жан-жақты сауатты қылып тәрбиелеген. Келген елшілермен сөйлесе жүріп, бірнеше тілді де меңгерген. Абылай хан жалпы сауатты адам болған деп» – жазады.

Абылай ханның даналығы мен ұлылығын айтқан кезде ең әуелі оның үлкен саясаткер екенін естен шығармау керек. Біріншіден, қиын қыстау кездің өзінде, жан-жақтан анталаған жау қыспаққа алып, Жоңғар хандығы ішке өзеурей енген кездің өзінде, сол елдердің ішкі және сыртқы жағдайларынан хабардар болып, Қазақ елінің басын біріктіріп, оларды жоңғарларға қарсы қоя білгенінде.

Екіншіден, қазақ хандарының билікке таласып бірікпегенін түсінген Абылай, ішкі саясатында осы үш жүздің басын күшпен қоспаса басылмайтын жақсы түсінді.

Үшіншіден, ол Орыс елімен, Қытай және Қоқан, Хиуа хандарымен сондай-ақ Қырғыз манаптарымен тіл табыса білді. Оның мұндай шешімі сол кездегі қиын-қыстау жағдайынан алып шығудың, бірден-бір жолы еді.

Төртіншіден, Абылай ол Орыс патшасының хандық билікті әлсіретіп, қазақ елін басып алып, оны басқарудың жолын іздестіріп отырғанын сезіп, бар күшін бір орталықтан басқаратын хандық билікті қалпына келтіруге салды. Хандық билікті ту еткен Абылай Ресей, Қытай сияқты алпауыт елдердің, патша императорларымен иық тіресе отырып, өзінің саясатын жүргізе білген Абылай хан, жай хан емес. Оны Ұлы даланың нағыз арыстаны деуге болады. Орыс патшасының құрығы ұзын, әскері мықты бола тұрса да, олардан қорықпай, «Мен, Егер – сіздер қазақ жеріне әскер кіргізбесеңдер, әскери бекіністер салмасаныздар, қазақ ауылдарын тонап, шаппасаңыздар, сонда ғана сіздердің қол астыңызға өз еркімен қосыламын» – деп айтуы ұлы Орыс патшасын қатты ойландырды. Даланың түздің баласы қандай ақылды. Патша Абылай өлгеннен соң, оның тұқымынан ешуақытта хан сайламауды өз генерал-губернаторларына жасырын бұйрықтар беріп отырған. Бұл дегеніміз орыс патшасының ең алдымен қазақ даласының ақыл-ой иегерлері мен хандарын жойып, сосын халқын мәңгірттендіріп, жерін тартып алудың жымсықы «мысық тілеу» арам, шовинистік көзқарасы болып табылады. Міне сондықтан да біз Абылай ханды пір тұтамыз. Егер де, біздің ұлы даламызда сонау XV ғ. бастап оқу-ағарту ісі жүргізіліп, оқу орындары мен жазба әдебиетіміз дамығанда, онда біздің халқымыз ұлы даланың, нағыз ұлы ойшылдары мен ғалымдарының жетістіктері мен ғылыми жаңалықтары дүние жүзіне мәлім болар еді. Ол кезде жазба әдебиетіміз болмағанымен де ұлы даланың ойшылдарының, ғалымдарының жазбалары тек ауызәдебиеті түрінде жетті. Дегенмен де Қазақ хандығы тұсындағы тарихи мұрағаттардың жеткіліксіздігі мен қол жетімдігі қазіргі тарих ғылымына үлкен қиыншылық тудыруда. Кеңес үкіметі тұсында ұлтымыздың тарихы зерттелінбеді, жазғызбады. Енді қол жетімді болып, телміріп қаржыға тіреліп отырмыз. Шындап келгенде қазақ халқы жөнінде жат елдің мұрағатында қазақ елінің тарихы мен мемлекет басшылары туралы мәліметтер өте көп.

Осы мәселеге орай жаз айының басында мемлекеттік хатшы Марат Тәжин өткізген Қазақстан тарихы жөніндегі айтулы конференция тарихи ойға жаңа серпін берді. Осыған орай тарих мәселесі жөнінде кейбір жұмыстардың нәтиже бере бастағанын да көруге болады. Қазақстандық бір топ ғалымдар Қытайдағы тарихи мұрағаттарды ақтарып қайтты. Бұл ізденуші ғалымдар Цин империясы кезіндегі 283 том тарихи мұрағаттарын тауып, 70 мыңнан астам көшірмесі әкелінді. Осы әкелінген мұрағаттардың ішінде Қазақ хандығына байланысты мәліметтер өте көп, бұл жөнінде Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бөлім меңгерушісі Ұ.Ғ. акалемиясының мүше-корреспонденті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Меруерт Әбусейітова Айқын газетіне берген сұхбатында былай дейді: «Яғни осыншама ұлан-ғайыр жерді, көкжиектерді қосқан кең даланы тек қара дүрсін әскери күшпен, соғыспен қорғамаған, сыртқы саяси кең ауқымды жұмыс жүргізілген», – деп айтуы қазақ хандарының білікті де алғыр, айлалы, дипломат болғандығын көруге болады.

Осы қазақ хандығының тарихына байланысты, профессор М.Әбусейітова жаңа материалдардың табылғанын айтады. Абылай ханның көрші мемлекеттердің, билеушілерімен хат алмасулары, бұлар нағыз қазіргі кездегі сенсациялық жаңалық болып табылады және сыртқы саяси сипаттағы ғана емес сондай-ақ тұлғалы тұрғыдағы тың мағлұматтар болып отыр. Мысалы, Абылай Қытай императоры Цянь Луньмен жазысқан хаттары, адами тілектер, құттықтаулар бар деп келтіреді. Бұған қарап біз Абылайдың өз заманының ірі тұлғасы және саяси қайраткер болғанын көреміз.

Міне көріп отырғандай көрші елдерден алынған мұрағат деректер біздің қазақ тарихын құнды мәліметтермен толыққанның үстіне толықтыра түсуде. Ал, Ресей жерінде жатқан қаншама құнды деректер бар. Мүмкіншілік болып, осыларды да алдырсақ, көптеген тарихи мәселердің бетін ашып, тарихи айналымға қосқан болар едік.

Сондықтан да, сабақ өткізу барысында студенттерге Абылай ханның шығу тегі туралы айтқан кезде, әзірге оны төре ұрпағы не болмаса қарадан шыққан деп бытыстырып, шатыстырудың керегі жоқ деп ойлаймын. Оны зерртеу қажет. Кейін нақты деректер табылған соң барып, тарихи айналымға қосу керек. Ал әзірге Абылай үш жүздің басын біріктіріп, елін сырт жаулардан қорғаған қазақтың ұлы хандарының бірі және де хандықты бір орталықтандыруға аянбай еңбек еткен хан. Сол кездегі алпауыт екі мемлекеттің императорларының өзі Абылай ханмен санаса білген. Беделі өте жоғары болды. Жоңғар ханы Қалдан Цереннің өзі Абылайды қатты сыйлағаны белгілі. Ал қазақ хандығының тарихын зерттеп жүрген ғалым, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің профессоры, ҰҒА корреспондент мүшесі, т.ғ.д. Б.Кәрібаевтың айтуынша «Абылай тікелей Шыңғыс ханның ұлы Жошыдан таралды», – деп түсіндіреді.

Сонымен қорыта келегенде айтарымыз, елі үшін еңіреп, жері үшін жауларының қанын судай ағызып, керек уақытта тіл табысып, қазақтың елдігін сақтап қалуға ерен еңбек еткен ол, Абылай. Қазақтың халық жазушысы Т.Кәкішевтің «Абылай-Көкше өңірінің ғана тумасы емес, бүкіл қазақтың Абылайы. Сондықтан, 2013 жылды «Абылай жылы» деп жарияласа жақсы болар еді», – деген сөзі де өте орынды деп есеп-

теймін. Сондықтан да Абылай атамызға көшелердің есімін беру не болмаса ескерткіш тақта қою сияқты жұмыстар аз. Ол кісінің атына қаланың атауын беру лайықты деп ойлаймын (Щучинск – қаласын) не болмаса Абылай кесенесін, мешітін салғызу да артық болмас, одан мемлекеттің қаржысы азайып қалмас. Атамыздың аруағы разы болсын.

1 Назарбаев Н.Ә. ҚР 20 жыдық мерей тойында сөйлеген сөзі. Егемен Қазақстан // 2011 желтоқсан.

2 «Қазақ хандығы» (2 бөлім). – Алматы: «Аруна». 2009.

3 Айқын. // 2013. 9 қыркүйек.

4 Айқын. // 2013. 14 қыркүйек.

5 Аңыз адам. // 2010. 6 қыркүйек.

6 Алматы ақшамы // 2013.31 қазан.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

А.С. Әбікей – Қожжа-Ахмет Яссауи атындағы Қазақ түрік университетінің докторанты

В данной статье рассматриваются просветительская деятельность Султанбека Ходжанова, общественно-политического деятеля, который стоял у истоков формирования народного образования ТАССР. С.Ходжанов возглавил Народный Комиссариат Просвещения в неординарных условиях социально-экономического положения в стране. Несмотря на трудности с финансированием сферы образования, комиссариату удается достичь успеха в развитии национальных школ, и снабжении их учебниками на местных языках.

This article examines the educational activities Sultanbek Khodzhanov, political figure, who stood at the origins of National Education of Turkestan. S.Hodzhanov led the People's Commissariat of Education in the extraordinary conditions of the socio-economic situation in the country. Despite the difficulties with the financing of education, Commissariat for achieving success in the development of national schools, and provide them with textbooks in local languages.

Қазақ сахарасында ағартушылықтың бастамасы XIX ғасырдан яғни, патшалық Ресей тұсында қолға алынған болатын. Мұндай ұлы іске Хан Жәңгір, Ыбырай Алтынсарин, Абай сынды тұлғалар сүбелі үлестерін қосса, XX ғасырдың алғашқы ширегінде Алаш ардақтылары ағартушылық жолында бүтін қазақ қоғамының санасында сілкініс туғызды. Сонда да қазақ қауымын сауаттандыруда қандай да бір нәтижеге жетелеу қиынның-қиыны болғаны сөзсіз. Әртүрлі себептерге байланысты қазақ топырағында ағарту жұмысы спорадиялық сипат алды. Оған бір жағынан елдегі билік патшалық Ресейдің қолында болғандығынан болса, екіншіден, қазақтың көшпенді өмір салты өз ықпалын тигізді.

Патшалық Ресейдің қазақ жерінде ашқан орыс-түзем мектептері, империялық отарлау саясатының іске асыру жолындағы бір тетігі ғана болғанымен, осы оқу орындарынан қазақтың біртуар тұлғалары сауатын ашқандығы белгілі. Сонда да империяның бұл саясаты, өлке халықтарына деген көз-қарасының оң пиғылынан туып, оларды жаппай сауаттандырып, жарыққау үшін істемегені де аян. Орыс-түзем мектептерінің басты мақсаты, тілмаштарды даярлап шығарумен айналысу болса, тарихтан білетініміздей, сол тілмаштардың бірен-сараны болмаса өлке халықтарына тигізген пайдасы шамалы. Олардың басым көпшілігі ағартушылықпен емес, империяның ойлағанындай өлкедегі орыс билігіне адал қызмет етіп, отарлау саясатының қарқындауына өз септігін тигізді.

Екіншіден, ағартушылық жолының қазақ халқының арасында кең етек алмауына жоғарыда айтқанымыздай, қазақтардың көшпенді өмір салты кедергі келтірді. Мектептер тұрғылықты жерде орын теуіп, көркейетіндігі түсінікті. Ал қазақтың бүкіл тұрмысын билеген мал шаруашылығы, оның бір жерге байланып, балаларын оқытуына мүмкіншілік бермеді. Қазақтары жоқтың қасы қалаларда орналасқан медреселерде сауатын ашқан қазақтардың аздық еткені, көлге тамшы құйғандай-тын. Дегенімен, осындай жағдайда оқуға бет бұрған алаш азаматтары ағартушылықтың шамын жағып, жалпы қазақтың қамын жеді. Сонда да қазақ қоғамының зиялы қауымға зәрулігін XX ғасырдың басында бел алған қос төңкерістің барысы көрсетіп берді. Осы бір аласапыран уақытта жасындай жайнаған алаш қайраткерлері барын салса да, қамсыз қазақты қарқынды қарекетке көндіре алмады. Дәл осы кезеңде ағартушылығы дамыған, етек-жеңі жиыңқы Польша, Финляндия сынды халықтар Ресей құрығының қиналмай-ақ шыға білді. Ал бірлігі мен ағартушылығы таяз өлке халықтарын аз ғана большевик Ресей құрсауында ұстап қала алды.

Ағартушылық майданындағы күрт өзгеріс, Кеңестік жүйе тұсында орын алды. «Бұрынғы Ресей империясының аумақтық тұтастығын сақтап қалудағы большевиктердің ұстанған стратегиясы, олар тап болған отарсыздану үдерісін бейберекет жібермей, бақылауда ұстап, қолдан шығармауда болды» [1.10]. Осы мақсатта большевиктер, Кеңестер кеңістігіндегі қаптаған халықтардың үмітін ақтайтын кеңшіліктерге барды. Сол кеңшіліктердің бірі халық ағартушылығына да қатысты болды. Кеңестер кезеңіндегі білім беру жүйесінің патшалық кезеңнен ерекшелігі сол, бұл саясат кеңестер билігі тараған аймақтарда жаппай жүріп, жергілікті жерлерде ұлттық мектептер ашуға мүмкіндік берді.

Қазақ жерінде елді сауаттандыру жұмысы бастапқы кезде өте күрделі жағдайда жүргендігі белгілі. Оған орталықтан әртүрлі себептерге байланысты білім беру жүйесін жеткіліксіз қаржыландыру мен ұлттық кадрлардың жетіспеушілігі сияқты себептер әсер етті. Ал білім алған қазақ оқымыстыларының басым бөлігі Алаш қозғалысына қатысы бар еді. Осы кезде «кейбір ұлт қайраткерлері (Байтұрсынов және т.б.) өздерінің идеялық позицияларын қайта қарап, федеративтік советтік Ресейдегі қазақтардың өзін-өзі билеу принципін іске асыру үмітімен тағдырларын РК(б)П-мен байланыстырған болатын. 1919 жылдың

қарашасында рақымшылық жасалған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің көпшілігіне дәл осы ой, шешуші қадам болу керек. Кейіннен олар өлкені басқару жөніндегі төтенше орган – Қырғыз әскери революциялық комитетінің бұйрығымен, мемлекетті ұйымдастыру құрылысына тартылды» [2.116]. Партия басшылығы рақымшылық еткен Алаш қайраткерлерін мемлекет басқару органдарына жібермей, тек ағарту саласында қызмет етуге рұқсат берді. Әрине партия басшылығы осы кеңшілікті де өз жомарттығынан емес, шарасыздықтан істеді. Дәл сол кезеңде бұрындары ұлттық саясатқа ұрынбаған, өзі азғантай, аз-кем білімі бар азаматтардың барлығына дерлігі мемлекеттік басқару жұмысына тартылып жатты. Ал ағарту саласының мамандарына деген сұраныс, көкейкесті мәселенің бірі болған. Алаш қайраткерлерінің саяси-әскери жеңілісінен кейінгі кезеңдегі Кеңестер өкметін мойындап, қандай-да салада болмасын халқына қызмет етуі, бірден-бір дұрыс шешім болғандығын уақыттың өзі көрсетіп берді.

Алаш идеясымен жарактанған ұлттық қозғалыстың кейінгі толқыны да амалсыздан Кеңес өкіметін мойындап, халқына адал қызмет етті. Мақала тақырыбына негіз болған қоғамдық-саяси қайраткер – Сұлтанбек Қожанов та ұлттық қозғалыстың кейінгі толқынынан еді. Ұлттық қозғалысқа кейінірек қосылған ол, партияның назарына көп ілікпегендіктен Түркістанда, кейіннен Қазақстанда жоғары лауазымды қызметтерге көтеріле алып, мемлекетті ұйымдастыру құрылысындағы әрекеттеріне барынша ұлттық сипат беруге тырысып бақты.

Қазақ халқының сауатының мүшкіл күйін білетін ол, әсіресе, ағартушылық саласына да, басты назар аударады. Себебі, мамандығы педагог Сұлтанбекке, өлкенің білім жүйесінің қыр-сыры етене таныс болатын. 1934 жылғы қыркүйектің 17-де өз қолымен толтырылған анкетаның бірінде, Ташкент қаласындағы Мұғалімдер семинариясын 1913-1917 жж. аралығында оқып, бітіріп шыққандығы жазылған [3.378]. Осы семинарияны бітірген жылғы ақпан айында, Ферғана уезіндегі «Айым» атты қазақ ауылына барып, сонда сабақ беруден бастайды. Бірақ, Сұлтанбектің еңбек жолы Ресейде орын алған Ақпан төңкерісімен тұспа-тұс келді. Патшалық Ресей тағын шайқалтқан буржуазиялық Ақпан төңкерісінің дүмпуі Түркістан өңіріне де келіп жеткен соң, көкірегі ояу Сұлтанбектің қарап қалмағаны түсінікті. Оның Айымдағы еңбек өтілінің тым қысқалығы осы жәйтпен түсіндірілсе керек. Мұнда Сұлтанбек 7 ай ғана уақыт мұғалімдік қылады. Жоғарыда айтылған анкетадағы жазбаға сәйкес, оның соңғы айында ол Ташкентте «Бірлік туы» газетін ұйымдастыруға ат салысады. Былайғы кезеңде Сұлтанбек Қоқан автономиясының өмірге келіп, оның күйреу аралығындағы уақытты «Бірлік туы» газетімен байланыстырады.

Онсыз да тағдыры талқыға түскен Түркістанның қазақ аудандарын аштық жайлайды. Бұл өлке халықтарының ұлттық қозғалысына жығылғанға жұдырық болып тигендей болды. «Бірлік туы» басқармасының ұйғарымымен өздерінің аштарға жәрдем комитетін ұйымдастырып, соның атынан асхана аштырады [4.295]. Қожановтың ашыққандарға көмек әрекеттері большевиктер билігі орнаған Түркеспубликасы атынан ұйымдастырған аштықпен күрес Орталық комиссиясының аясында жалғасын тапты. Ол Түркістан қаласында ашыққандарды тамақтандыратын орынның басқарушысы қызметін 1918 жылдың мамырынан желтоқсан айына дейін атқарады. Қожанов осы аштықпен күрес жұмыстарымен қоса Түркістан қаласының білім беру бөлімінде мұғалімдік және нұсқаушы қызметін де атқарды. Сұлтанбек үшін бұл уақыт, үміті тасқа шағылып, шын ұлт көсемдері шептен шығып, болашағы бұлыңғыр тартқан заман болатын. Қайтсе де жаратылысына сай, еңсесін түсірмеген Сұлтанбек, мұғалімдік кәсібін күйзелген жанына азық ете білді. Алғашқыдағы Кеңес өкіметінің қолға алған елді сауаттандыру шараларының нәтижесі, ұлт кадрларының даярлығына тәуелділігін көрсетіп берді. Сұлтанбекті Ташкент қаласындағы Қырғыз (Қазақ) педагогикалық училищесіне жетелеген ойдың негізі, көкректегі осындай байламнан туған болса керек. Мұнда ол «педагогикалық курстарға дәріс оқумен қатар, қазақ халқына білім беру институтының (КИНО) іргесін көтеріп, алғашқы 300 мұғалімді даярлауға көмектеседі» [5.40].

Алайда Сұлтанбектің ағарту майданындағы айшықты жетістіктері оның Түркістан Республикасы өкіметіндегі қызметімен байланысты. Ол халықты сауаттандыру жұмысының оңалуына белсенді ықпал ету үшін, қатардағы қызметкерден гөрі өкімет құрамында әрекет етуге талпынады. Дегенімен, пратияда жоқ Сұлтанбек, құрылып жатқан кеңестік жүйенің төменгі құрылымдарында үш жылдың көлемінде икемделгенімен, жергілікті большевиктер оның ұлттық қозғалысқа қатыстылығын және партияда жоқтығын бетіне басып, оны меньшевик, контрреволюционер, ұлтшыл деп айыптайды [6.51қ-м]. Сол сияқты Сұлтанбектің Түркістан уезді атқару комитетіндегі белсенді әрекеттеріне қарсылық көрсетіліп, шеттетіледі [6.60,61].

Осындай кедергілерге ұшыраған Сұлтанбектің 1920 жылдың наурыз айында коммунистік партия қатарына өтуі таңырқаларлық жәйт емес. Партия қатарына өткен Қожановтың бұдан былайғы қызметінің жоғарылауы жылдам жүрді. Бұған біріншіден, 1920 ж. Түркеспублика өкіметінің ауысуы себеп болса, екіншіден, сол кезеңдегі Сұлтанбектің алған білімінің жоғарылығы мен оның белсенділік тұрпаты себеп болды.

Қожанов Түркістан Республикасы өкіметінде 1921-1922 жж. Ағарту комиссариатын басқарды. Түркесубликасы құрылғалы бұл салада біраз жасампаздық шаралар қолға алынғанымен, оның аяғынан тік тұрып кетуін ел әлеуетінің парқы көтермеді. Ағарту саласының осы кезеңдегі тұралап қалуына ел кешіп жатқан аса ауыр экономикалық жағдаймен қатар, жаңа экономикалық саясат та өзінің кері ықпалын тигізді. Қожанов сол кезеңдегі білім беру саласының шынайы күйін келесідей суреттеп берген: «Халыққа жалпы бастауыш, орта білім беру, жоғары оқу орындарында білікті мамандар даярлау ісінде Кеңес жылдарында сандық ілгерілеу болғанымен, әлі де алмаған асулар жетіп артылатыны анық. Ұлттық және жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып жасаған оқу бағдарламалары мен оқулықтар соңғы жылдарда ғана жасала бастады, түрлі пәндерден білім беруде өкінішті жағдайлар кем емес. Қазіргі кезде «нарық қыспағымен» бетпе-бет келген ұлт мектептерінің халі мақтанарлық деп айтуға болмайды, кейбір жерлерде мектептер көбею орнына азаю тенденциясы байқалады» [7.69].

Ағарту саласындағы орын алған құлдыраушылықты тізгіндеу үшін, Қожанов бастаған Ағарту комиссариаты, 1922 жылдың желтоқсан айында өткен Түркістан Кеңестерінің XI съезд делегаттарының алдына, халыққа білім берудің даму бағдарламасын ұсынды. Бұл ұсынылған бағдарлама Ағарту комиссариатының жыл бойғы жүргізген табанды жұмысының нәтижесі болатын. Бағдарламада ұсынылған басты тұжырымдар көбінесе елдегі экономикалық ахуалды ескере отырып жасалды. Осыған байланысты сала жұмысын қалыптандыру мақсатында қабылданған шаралар реңкі оңтайландыру сипат алды. Бұл өз кезегінде комиссариат аппаратында бірқатар қысқартулар жүргізілуінен, облыстарда халыққа білім беру орындарының нақты саны мен олардың күйі есепке алынып, мектеп ғимараттары мен мұғалімдерге деген нақты қажеттілік анықталуынан көрінді. Ал жаңа экономикалық саясат алып келген нарықтық қатынас, кеңестік мектептерді жергілікті бюджетке көшіріп, білім беру жүйесін, оның ішінде жаңа қалыптасып келе жатқан мектептерді Қожановтың өзі айтқандай «қыспаққа» алды. Сондықтан ол, мемлекеттік бюджеттен білім беру жүйесіне бөлінетін пайызды анағұрлым ұлғайтуды съезд өз шешімімен қабылдауын талап етті [5.19]. Нәтижесінде «съезд халық-ағарту ісіне мемлекеттік бюджеттің 30%-на дейінгі, ал жергілікті бюджеттің 24%-на дейінгі бөлігін босатуға С.Қожановтың күшімен шешім қабылдады [8.14].

Комиссариат ағарту саласының алға қойған мақсаттарын іске асыруда мәселелердің қаржылық жағын қымтағанымен, сала жұмысын ұйымдастыруда күрделі мәселенің кезектісі - қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарының дәстүрін қалыптастыру еді. Бұл арнада қажетті шаралар 1920 ж. қолға алынғанымен, қарқынды қарекеттер 1921 ж. Түркістан Республикасының Халық Ағарту Комиссариаты жанынан құрылған Қырғыз (Қазақ) Ғылым Комиссиясының аясында үдей түседі. Қазақ тілінде мектеп оқулықтарын жазу ісіне ҚАССР басшылығы тарапынан қолдау таппаған Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев сынды алаш қайраткерлері Қырғыз(Қазақ) Ғылым Комиссиясының негізін құрап, мектептің оқулықтарымен қатар, балалар әдебиетін дайындап, басып шығаруға жұмылдырылды.

Бұл ретте атап өтерлік жәйт, Түркесубликаның Қожанов бастаған Ағарту комиссариаты алаш қайраткерлерін қолдап, олармен қоян-қолтық жұмыс істеуімен қатар, олардың шығармашылығына да жағдай жасауы. Кеңестік тарихта бұл құбылыс яғни, Кеңес өкіметіне қарсы болған кешегі буржуазиялық интеллигенция өкілдерін, кеңестік қоғам құру ісіне жұмылдыру Түркістан Республикасынан бұрын, Ресейде, Украинада белең алып, онда ол – «дәуіралмасушылық»(сменовеховство) – деген атпен танымал болды. Дәуіралмасушылық алғашында орыс эмиграциясы арасында пайда болып, кейіннен РСФСР мен Украинада ағымға айналған.

Дәуіралмасушылық құбылысы өкілдерінің ойынша, большевиктердің билігі қайта түледі, олар көтерген интернационалдық ұран көзбояушылық қана, большевиктер шын мәнінде орыс халқының ұлттық мүддесінің пайдасына әрекет етуде, оған дәлел, ел экономикасының коммунизм ауылынан алыс «жаңа экономикалық саясатқа» көшуі, бұл большевиктер идеологиясының ұлттық-буржуазиялық бағытта дами бастауының көрінісі деген тұжырымға келген болатын. Олар ендігі кезекте эмиграциядағы интеллигенция мен ондағы әскери кадрларды Кеңестік Ресеймен бітімгершілікке келуге, олармен бірігіп әрекет етуге шақырды. Ресейдегі ресми билік дәуіралмасушылық идеологиясына оң қабақ танытты. Себебі, большевик басшылары дәуіралмасушылықтың өкілдері шет елде кеңестік билікке деген оң көз-қарас туғыза отырып, белгілі бір дәрежеде ата жұртындағы жетістіктерді насихаттайды деп, дәуіралмасушылықтың саяси жағынан келетін пайданы көздеді. Дәуіралмасушылық ағымы эмиграциядағы көптеген танымал тұлғалардың Кеңестік Ресейге оралуына ықпал етті. Олардың қатарында Алексей Толстой, С.Прокофьев, М.Цветаева, М.Горький, А.Куприндер болды. Осы аталған тұлғалардың кейіннен орыс мәдениетінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқандары да белгілі.

Ал осы дәуіралмасушылық құбылысының Түркістан мен Қазақстанда орын алуының алғышарттары Ресейдегідей болмағанымен ұқсас механизмдерімен жалпы көрініс алды. Және осы дәуіралмасушылық

құбылысының Түркістан мен Қазақстан жағдайында бірден-бір қолдаушысы және батыл іске асырушысы С.Қожановтың болғанын оның замандасы, кеңестік жазушы С.Мұқанов жазып қалдырған естеліктерден көреміз. Ол Қожановтың дәуірламасушылықты Түркістан Республикасында іске асыру әрекетінің барысын өзінің «Өмір мектебі» атты еңбегінде былай деп суреттейді: «Менің Сұлтанбек Қожанов туралы бұған дейін білетіндерім: 1. Совет өкіметіне қарсы өлең-жыр жазудан тынбай келе жатқан алашордашыл ақын – Мағжан Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкент қаласында бастырды да, өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады; 2. «Алаш» лидері Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жылдың күзінде Орынборда құлаған 50 жылдық юбилейін Ташкентте өткізіп, Түркістан республикасының басқарушы газеті – «Ақ жолда» Байтұрсыновты мақтаған мақалалар бастырды, портретін жариялады; 3. Түркістан Республикасын Қожанов басқарған кезде (1922-25 жылдары) Алашорда партиясының лидерлері: Халел Досмұхаметов, Хайретдин Болғанбаев, Мырзағали Есполов, Жүсіпбек Аймауытов, тағы басқалар Ташкент қаласынан пана тапты да, ондағы «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» және «Сана» журналдарына ұлтшылдық бағытта, кейде Совет өкіметіне ашық қарсы шыққан бағытта жазған шығармаларын жариялап тұрды. Сондай Қожанов енді Қазақстанды басқаратын болса, нені оңдырмақ...» [9.124-125]

Қазақ қоғамының әдебиет майданындағы қоғамдық ой-пікірдің шикілігінен, ондағы үстем болған жаңа таптық көз-қарастың әсерінен әдебиетшілердің және өкімет құрамындағы жергілікті большевиктердің арасында жоғарыдағыдай пікір қалыптасқан болатын. Мұндай жағдай дәуірламасушылық құбылысының Қазақстанда күрделі, қарама-қайшылыққа толы жағдайда жүргендігін түсіндіреді. Әйтпесе, Қазақстан өкіметіндегі өзге ұлт большевиктерінің тарапынан, одан қалды Мәскеудегі билік тарапынан да бұрынғы интеллигенцияны ағарту ісіне тарту жөнінде ұсыныстар болмай қойған жоқ. Мысалы, Қазақстанның Халық Комиссарлар Кеңестерінің төрағасы Радус-Зенкович 1920 ж. I партия конференциясында қазақ интеллигенттерін ағарту ісіне тарту жөнінде айта келе: «... Бөкейхановқа қатысты айтар болсақ, ол қазақ өлкесінің аса білгірі. Оны ұқыпты пайдалана білуіміз қажет. ...Біз қазақ интеллигенттерін сауатсыздықпен күресуге бұдан бұрын Бүкілқазақ съезінде де шақырған болатынбыз. Біз барлық сауатты қазақтарды есепке ала отырып, оларды ағарту ісіне пайдалануды жөн көргенбіз» [10,95-96] – деген.

Ал 1923 ж. маусымында РКП(б) ОК-ің ұлттық саясат жөнінде өткен кеңесте бұрынғы ұлттық интеллигенцияны ағарту ісіне тарту жөнінде Сталиннің өзі бірнеше рет мәлімдеген. Оның бірінде ол шығыс республикалардағы кеңестік органдарға барлық ұлттық интеллигенция өкілдерін «тіпті бұрынғы октябристерге дейін» жұмысқа қабылдауға кеңес берсе [1,192], келесіде «Шығыс республикалар мен облыстарда интеллигенттер, ой қабілеті жоғары адамдар, тіпті жалпы сауаттылардың аздығы сонша, олар саусақпен санарлықтай. Бұдан кейін оларды қалай бағаламайсың?» [1,318] – деген. Ал нақты Қазақ республикасының басшыларына қатысты ол: «Қазақ республикасын қазақтарсыз басқару мүмкін емес. Сіздер өздеріңізде бар адамдарыңызды қайта үйретіп, көндірулеріңіз керек. Олардан артық адамдарды таба алмайсыздар. Сондықтан сіздер өздеріңізде бар қазақ элитасына қарсылық көрсетуге құқықтарыңыз жоқ» [1,318-319], – деп жұмыстарына бағыт берген.

Орыстар, украиндықтар мен белорустар бағынбай шет асып кеткен өз интеллигенциясының оралуына бар күш-жігерін жұмсап, даурығып жатса, қазақтар М.Шоқайдың, Р.Мәрсеқұлының елге оралуына жағдай жасауы былай тұрсын, ешқайда кетпеген қазақ интеллигенциясын жұмысқа тартудың орнына, бар күш-жігерін оларды аластауға сарп етіп жатты.

Осындай жағдайда қазақ ағартушылығының сын көтермейтін күйін жолға қою түйткілді мәселеге айналды. Қазақ секілді жазу-сызуы кенже қалған халықтың бірен-саран интеллигенциясынан бас тарта-тындай жөні жоқ-тын. Ағарту ісінде олар таптырмайтын кадрлар екендігін дәлелдеп те берді. Мысалы, қазақ оқымыстыларының алды болып табылатын А.Байтұрсынов, 1920 жылы Қазақстанның Ағарту Комиссариатын басқарып тұрған кезінде, халық ағартушылығының күйі жөнінде баяндама жасаған болатын [10,87-94]. А.Байтұрсынов сол баяндамасында қазақты сауаттандыру мәселесін аса білгір маман ретінде терең зерттеп, талдай келе, оны жүйелі түрде шешу жолдарын көрсете білген болатын. Алдыңғы буын интеллигенцияның кейінгілерден ерекшелігі сол – олар кез-елген ел мәселесін шешу барысында тереңнен қозғап, іске ауқымды кірісетін. Мәскеуге өз мүдделерін мүдірмей сауатты жеткізіп, қажеттіктерін талап ете білді. Өкінішке орай қазақ ағарту ісінде ұлттық мүддені айқындай алатын А.Байтұрсынов сынды зиялыға комиссариат тізгінін көп ұстатпады. Ұлттық интеллигенцияға деген қарсылық өкіметтің кез-келген тармағына тән болды.

Сондықтан да қазақтың ұлттық интеллигенция өкілдері Түркістан Халық Ағарту Комиссариатының жанындағы Қырғыз(Қазақ) Ғылым Комиссиясы кеңсесінің қабырғасында қазақ мектебінің оқулықтарға деген зәрулігін қанағаттандыру үшін – қырғыз(қазақ) әліппесі мен грамматикасы, қырғыз хрестоматиясы,

арфметика, география, табиғаттану, зоология оқулықтарын және қазақтың батырлық жырлары мен Абайдың таңдамалы өлеңдерін шығаруға ат салысады [11.315-315қ-м].

Ағарту Комиссариатын басқарып отырған С.Қожанов Қырғыз(Қазақ) Ғылым Комиссиясының жұмысын ұйымдастырып, ұйытқы болуымен қатар, өзі де «Есеп-тану» құралын жазысып тікелей араласады. 1922 жылдың өзінде Түркістандық мемлекеттік баспа 622 кітап пен брошюралар шығарса, оның 36,7% қазақ тілінде болғандығы [12] Қазақ Ғылым Комиссиясының айтарлықтай нәтижеге қол жеткізгенін көрсетеді.

1923 жылы Түркістанның Ғылым Комиссиясы Қазақ республикасының ғылым кеңселерімен арадағы байланыстың мүлде жоқтығын сынға алып, Ағарту Комиссариатынан осы мәселе жөнінде екі республиканың Орталық Атқару Комитеттері арасында ғылыми комиссиялардың байланыс орнатып, жүйелі жұмыс істеуі жайында келісімге келуді талап етеді [13]. Мұндағы басты мақсат, қазақ тілінің дамуы мен оның терминологиясын қалыптастыру үшін екі республика арасындағы ғылыми комиссиялардың жұмыстарында тығыз және тұрақты байланыс орнатып, ағарту ісін жандандыра түсу болып табылды.

Қорыта айтқанда, Түркістан Республикасының Ағарту Комиссариатын С.Қожанов басқарған жылдары елді сауаттандыру жұмысын жолға қою қаншалықты қиын болғанымен комиссариат нәтижелі межелерге жете білді. Ағарту саласындағы С.Қожановтың басты жетістігі, сол кезеңдегі ұлттық интеллигенцияға деген белең алған теріс пиғылға елірмей, оларды Ресей мен Украинада орын алған дәуірламасушылық құбылысы аясында ағартушылық саласына топтастырып, ұлттық бағыттағы игілікті істерге жұмылдыра алуында болды.

С.Қожановтың Халық Ағарту Комиссариатындағы қызметін жергілікті партия басшылығы да елеп, жоғары бағалағаны белгілі [5]. Өкімет өз өкіліне – қажырлы қайрат пен бастамашылдықтың иесі, сала міндеттерін іске асыруда талапшыл, сала міндеттерін мемлекет міндеттерімен ұштастыра білетіндігі, жұмысқа тек іскер қызметкерлерді тағайындайтындығы секілді қасиеттерін әділ атап өтіп, Қожановтың Ағарту Комиссариатымен қатар Жер шаруашылығы Комиссариатын қоса атқаратындығы айтылады. Ал осы аталған қасиеттердің жиынтығы *ұлтшыл* қайраткердің бойынан табылып, оның ұстанымын айқындайтыны аян. С.Қожанов секілді ұлтшыл қайраткердің ағарту мен жер шаруашылығы секілді *ұлттық мүддемен* біте қайнасып жатқан салаларды басқаруы, уақыт сұранысынан туындағанын және ол сол сұраныс үдесінен шыға білді деп білеміз.

1 Мартин Т. Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939 / Т.Мартин - М.: РОССПЭН: Фонд «Президентский центр Б.Н. Ельцина», 2011. – 855 с.

2 Аманжолова Д. Казахская автономия: от замысла националов к самоопределению по советски. Hokkaido university, Acta Slavica Japónica, 21:115-143, HUSCAP, 2004.

3 Қожанов С. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1т., - Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013, - 384 б.

4 Қожанұлы С. Шығармалары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 352 б.

5 Алаш арысы. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2011. – 320 б.

6 ҚР ПА. 719 қор, 1 тізбе, 67 іс.

7 ӨРОМА., Р-25 қор, 1 тізбе, 739 іс

8 Бюллетени и постановления XI Всетуркестанского съезда Советов от 2 по 6 декабря 1922 г. Бюллетень - №4. - Ташкент, 1922.

9 Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы, 1954 ж.

10 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 3 т., - Алматы: «Ел-шежіре», 2007, - 304 б.

11 ӨРОМА., 34 қор, 1 тізбе, 1624 іс.

12 Захарова И.В. Этнографические работы в Казахстане в 1920-1950-х годах. // ЦГА РУ. Ф. 2868. Оп. 1. Д. 2. Л. 207.

13 ЦГА РУ. Ф. 25. Оп. 1. Д.1138. Л. 22.

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Ж.Ы. Жумабек – магистрант 2 курса Казахского университета экономики, финансов и международной торговли (Астана)

Қазіргі таңда Қазақстанда демографиялық өсімді ынталандыру үрдісі жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін тигізіп отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Келтірілген ғылыми мақалада демографиялық үрдістерді басқару мсұрақтары қарастырылған. Осы сұрақтардың шешілуі еліміздегі халық санының өсуіне оңтайлы әсерін тигізетіні сөзсіз.

Nowadays stimulation of population growth in Kazakhstan is one of the most significant issues affecting the whole process of social and economic development. The scientific article discusses management of demographic processes, the solution of which may have a positive effect on population growth in the country.

Как известно, влияние демографических процессов на формирование трудовых ресурсов осуществляется через рост населения и изменения его половозрастной структуры. При этом возрастная структура населения оказывает воздействие на экономическую нагрузку трудоспособной части населения, на мобильность населения на уровень производительности общественного труда и т.д. В целом изменения в составе населения и трудовых ресурсах взаимосвязаны и взаимообусловлены.

Демографические процессы весьма противоречивы и находятся под влиянием многих факторов: социально-экономических, политических, национальных, природных и т.д. Так, например, в настоящее время в России современные демографические процессы отличаются большой остротой и напряженностью. В основе этих процессов лежит социально-экономическое положение в стране.

Неравномерность в развитии общества, природно-экологические и социально-экономические потрясения, войны, репрессии, которые происходили в Казахстане ощутимо сказались на режиме воспроизводства населения, и привели к падению рождаемости, росту смертности. К подобным последствиям приводит и обстановка экономической нестабильности, связанная в последние годы с мировым экономическим кризисом, с тяжелым и трудно управляемым процессом установления цивилизованных норм правового государства и рыночных отношений.

Периоды потрясений и следующие за ними периоды снижения напряженности и повышения уровня экономического благосостояния, отражаясь на темпах воспроизводства населения, порождают своего рода демографические волны – падения и всплески рождаемости и смертности, которые через десятилетия отражаются на структуре трудоспособного населения, создавая то трудодефицитную, то трудоизбыточную ситуацию.

Так резко упавшая рождаемость в годы Великой Отечественной войны, имела своим последствием то, что у малочисленного военного поколения, т.е. у тех, кто родился в годы войны, появилось в 60-х годах свое малочисленное потомство, вступившее в трудоспособный возраст в 80-х годах (демографы называют это явление «двойным эхом войны»). Также в 80-е годы достигло пенсионного возраста сравнительно многочисленное поколение людей, родившихся в 20-е годы. Это привело, в конечном итоге, к так называемой «вилке»: заметному сокращению притока населения в трудоспособный возраст и повышенному оттоку из него в 80-е годы, т.е. к резкому снижению численности трудовых ресурсов. Последствия указанных демографических волн экономика Казахстана ощущало даже в 90-е годы.

Помимо этого, на изменение демографической ситуации в Казахстане оказало влияние и миграция населения в конце 80-х в начале 90- годов. К примеру, к концу 80-х гг. число уезжающих из Казахстана начало превышать число прибывающих. Так, в 1989 г. отрицательное сальдо миграции составило 46,8 тыс. человек. Это сразу же сказалось на изменении национального состава – вследствие высокой рождаемости у казахов. По переписи 1989 г., казахи впервые после 1926 г. заняли первое место по численности у себя на родине, превысив 6,5 млн. человек, т.е. 39,7% населения республики. Доля русских сократилась в том же году до 37,8%, хотя в 7 областях из 19 их удельный вес был больше, чем казахов. Началась миграция за рубеж, в основном, немцев и греков [1, с. 85].

Современная демографическая ситуация в Казахстане характеризуется «старением» рожениц, стареющим населением, высокой смертностью населения, низкой продолжительностью жизни и рядом других проблем.

Демографическая политика составляет основу внутренней политики любого подлинного независимого государства. Для одних является актуальной угроза перенаселения (Китай, Индия, Египет и др.), для других – недонаселенность (Австралия, Канада, Бразилия и др.), для третьих же явна угроза депопуляции из-за низкой деторождаемости (Франция, Германия, Англия и др.). Так, Республика Казахстан имеет

численность населения 17 млн. человек, при удельном весе с мировой площади в 2% занимает лишь 0,33% населения мира. В достаточно плотном заселенном Азиатском континенте ее доля в численности населения составляет 0,4%, что в 31 раз ниже, чем площадь (6,1%).

Демографические процессы не могут остаться без внимания государства, так как они затрагивают важные сферы жизни людей. В настоящее время формируются основы теории управления демографическими процессами. Решение этой важной задачи предполагает комплексное исследование закономерностей развития населения, выявление факторов определяющих изменение демографической структуры, формирования эффективного механизма его регулирования.

С целью воздействия на процессы воспроизводства населения и на изменение в нужном направлении или сохранение их параметров государство проводит определенную демографическую политику, которая является частью социально-экономической политики.

Демографическая политика охватывает широкий круг проблем воспроизводства населения формирования состава и структуры трудовых ресурсов, их эффективного использования. В узком смысле под демографической политикой следует понимать воздействие на воспроизводство населения посредством комплекса социально-экономических мероприятий, влияющих на демографические процессы. В широком смысле к демографической политике относятся все виды социально-экономической политики, направленные на достижение специфических целей (например улучшение условий труда, решение жилищной проблемы и т.д.), но одновременно способствующие решению и демографических проблем [2, с. 124].

Целью демографической политики является управление демографическими процессами и формирование эффективного типа воспроизводства населения. Задачи демографической политики: управление процессами рождаемости и смертности; управление процессами брачности, управление миграцией населения и т.д.

Демографическая политика Казахстана в современных условиях должна быть направлена на стимулирование рождаемости, упрочение семьи, повышение материального благосостояния людей, снижение заболеваемости и смертности. Однако меры, принимаемые по воздействию на процессы воспроизводства населения, не дают быстрых результатов. Демографическое поведение людей весьма консервативно, изменить его трудно. Как правило, результаты демографической политики проявляются через многие годы и даже десятилетия. По этому стимулирование тех или иных процессов воспроизводства должно отвечать долгосрочным интересам развития экономики.

Разработка мероприятий демографической политики требует комплексного системного подхода, так как демографические процессы формируются под воздействием практически всех видов социально-экономической политики.

Для стимулирования роста населения и снижения смертности в Казахстане разработаны и приняты ряд правовых и нормативных документов, а также реализованы механизмы по защите материнства и детства. Одним из последних таких документов является разработка проекта Концепции демографической политики и укрепления семьи. По прогнозом Министерства труда и социальной защиты населения ожидаемыми результатами реализации Концепции являются увеличение числа и процента семей, имеющих трех и более детей; снижение материнской смертности к 2020 году до 15 случаев на 100 тысяч родившихся живыми (в 2008 – 33,7 случаев), снижение младенческой смертности – до 12 случаев на 1000 родившихся (в 2008 – 20,9 случаев), сокращение разницы в продолжительности жизни женщин и мужчин с 10,5 лет в 2008 году до 8 лет к 2020 году, увеличение реального размера семейных пособий, наличие государственной жилищной политики для молодых семей, достижение соответствия статуса инвалидов в Казахстане международным стандартам и правилам по обеспечению равных возможностей инвалидов, поддержание миграционного прироста, в том числе за счет реализации программы привлечения соотечественников.

Для решения задач, поставленных в проекте, предусматривается увеличение расходов на улучшение демографической ситуации в стране. В том числе на государственную поддержку семей с детьми, охрану здоровья населения и регулирование миграционных процессов [3, с. 26].

Помимо этого? в настоящее время для стимулирования демографического роста в Казахстане необходимо вести согласованную между собой работу в нескольких направлениях:

1. Оптимальное соотношение площади сельскохозяйственных земель и численности населения. Данная проблема характерна не только для Казахстана, но и для многих стран мира. На нее обратили внимание еще в древности. Так, классический древнекитайский трактат "Шан цзюнь шу", датируемый 4 в. до н. э., и оказавший заметное влияние на китайскую государственную традицию, основное внимание обращает на рост населения с опережающим развитием продовольственной базы путем "обработки пустующих земель" и создания продовольственных резервов.

Автор трактата рекомендует весьма сложную систему государственной статистики: “Могущественное государство знает тринадцать видов подсчета: числа едоков в стране, числа взрослых мужчин и женщин; старых и слабых; чиновников и воинских начальников, тех, кто добывает себе пропитание речами; богатых; поголовья лошадей и быков; количества сена и соломы. Если тот, кто хочет сделать свою страну сильной, не знает ничего об этих тринадцати видах подсчета, то его государство, несмотря на благоприятные природные условия и многочисленность населения, будет все слабее и слабее и в конце концов будет расчленено” [4, с. 63].

В Казахстане сейчас наблюдается отток экономически активного населения в городскую местность. Во многих сельских населенных пунктах средний возраст женщин превысил детородный возраст, что может в будущем повлечь за собой дефицит трудоспособного населения на селе и сокращению производства сельскохозяйственной продукции.

2. Регулирование занятости населения. В современных условиях наряду с макроэкономическими факторами на динамику трудовой занятости оказывают влияние демографические и миграционные процессы. Темпы роста населения, изменение его структуры и качества обуславливают движение рабочей силы на рынке труда. Изменения половозрастной структуры, образовательного уровня и здоровья населения – все это способствует развитию различных форм занятости населения.

Рассматривая в целом динамику занятости за годы рыночных преобразований, необходимо отметить, что особенности начала 90-х гг. определялись специфическим характером движения рабочей силы на формирующемся рынке труда. Довольно большой оборот рабочей силы – в диапазоне 43-51% среднегодовой численности – свидетельствовал о достаточно высокой ее мобильности. При этом сокращение занятости происходило за счет того, что выбытие работников превышало их прием в организации и на предприятия. Особенности столь большого оборота рабочей силы являлись, во-первых, довольно высокий удельный вес работников, увольнявшихся по собственному желанию, во-вторых, то, что он имел место при незначительном обороте рабочих мест, который по максимальной оценке составлял не более 8-14% в обороте рабочей силы, что объясняется как небольшим вводом новых, так и неинтенсивным выводом из хозяйственного оборота старых рабочих мест.

Резко ограниченные ресурсы не дают возможности решать проблемы государственного управления социально-демографическими процессами, занятостью, безработицей в требуемой степени. С нашей точки зрения следует использовать ограниченные бюджетные ресурсы, чтобы осуществлять необходимое эффективное государственное планирование и регулирование процессов и отношений, характеризующих социально-демографическую политику. Для этих целей рекомендуется применять следующий арсенал инструментов государственного управления и регулирования:

- целевые программы обеспечения занятости трудоспособного населения и ограничения безработицы;
- принятие государственного и муниципального бюджетов с учетом необходимости решения на бюджетной основе наиболее острых проблем демографической и миграционной политики;
- использование выделенных средств бюджета таким образом, чтобы расширить круг взаимосвязанных задач, сочетая например, социальную помощь безработных с их переподготовкой, переквалификацией.

3. Вовлечение в социально-демографические процессы коммерческих субъектов. Государству необходимо осуществлять регулирование деятельности коммерческих организаций, позволяющее в максимальной мере привлечь их средства и направить их усилия на содействие решению проблем роста народонаселения и обеспечения занятости. К числу подобных регулирующих воздействий относятся:

- содействие развитию систем негосударственного образования и государственного платного образования, обеспечивающих высокое качество учебной подготовки с привлечением средств самих обучающихся при одновременном переходе на систему государственных заказов в образовании;
- применение методов, средств, рычагов побуждающих осуществлять предприятия подготовку и переподготовку кадров, включая административно-распорядительное воздействие со стороны государства;
- развитие системы морального поощрения, использование социально-психологических методов для улучшения ситуации в области создания и поддержания института семьи, увеличения рождаемости, улучшения здоровья населения страны и т.д.

Предлагаемая система мер, конечно не исчерпывает всего диапазона средств государственного регулирования демографических процессов и трудовой занятости населения, но может способствовать решению важных проблем в этой области.

4. Дальнейшая поддержка материнства и детства. По поручению Президента РК Н.А. Назарбаева,

который придает исключительное значение социальной защите материнства и детства, с января 2011 года повышен размер единовременного государственного пособия в связи с рождением ребенка до 34 740 тенге и в два раза увеличены ежемесячные пособия по уходу за ребенком до достижения им одного года. Также предусмотрены внедрение обязательного социального страхования беременности, родов и материнства для работающих женщин. При этом их пенсионные накопления продолжаться в период декретного отпуска и отпуска по уходу за ребенком до одного года.

5. Решение жилищных проблем молодых и многодетных семей. Сегодня особенно важно сделать новые квартиры доступными для населения и удешевить их стоимость. В связи с превращением республики в гигантскую строительную площадку стройиндустрия должна развиваться интенсивно. Несмотря на то, что число предприятий отрасли непрерывно растет, строительные материалы остаются дорогими и в основном завозятся из-за границы. По этой причине стоимость жилья тоже постоянно растет, снижая шансы молодых и многодетных семей покупки квартир или улучшения жилищных условий. Поэтому необходимо повсеместно создавать производства по выпуску строительных материалов, развивая их деятельность, особенно в районных центрах и малых городах. Это, во-первых, даст возможность открывать новые рабочие места, во-вторых, пополнит поступления в местный бюджет и самое главное – значительно снизит цену стройматериалов.

Таким образом, процесс управление демографическими процессами в стране подвержен многим факторам, которые оказывают влияние как из внутренней среды государства, так и из внешней. Для повышения эффективности управления государственным органам необходимо, прежде всего, вести согласованную, взаимоучитывающую работу в области защиты населения. К тому же, эффективное управление демографическими процессами может быть достигнуто лишь в единстве экономических, административно-юридических и идеологических методов демографической политики.

1 Мырзабек Ж. Сравнительный анализ демографического уровня Казахстана и России // Материалы Международной заочной научно-практической конференции «Современные тенденции общественных наук: политология, социология, философия», Россия, г.Новосибирск, 25 февраля 2013 г., стр. 302.

2 Человеческое развитие в Украине: минимизация социальных рисков (коллективная научно-аналитическая монография) / Под ред. Э.М. Либановой, 2012 г., - стр. 412.

3 Проект Концепции демографической политики и укрепления семьи на 2012-2020 годы // Электронный ресурс www.enbek.gov.kz.

4 Кузьмин А.И. Основы демографии: курс лекций - М.: РУДН, 2003 г., - стр. 440.

ОРЫС ҒАЛЫМЫ М.М. КОВАЛЕВСКИЙДІҢ ҚАУЫМДЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ МӘНІ

П.Н. Нұсқабай – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс PhD докторанты*

В данной статье внимание уделяется изучению проблем общинной теории видным ученым, историком, этнографом и социологом М.М. Ковалевским. В русской историографии он плодотворно применил сравнительно-исторический метод.

This article focuses on the study of problems of the theory of community's theory by scholar, historian, ethnographer and sociologist M.Kovalevsky. In Russian historiography, he productively applied the comparative-historical method.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы батыстық тарихнамада қауымдық теория кеңінен талқылана бастады. Ол бойынша аграрлық даму мен орта ғасырлардағы бүкіл орта ғасырлық әлеуметтік құрылымның негізгі бастауы ретінде қауым қарастырылды. Қауымдық теорияның басты қағидалары XIX ғасырдың 50-ші жылдарында Л.Маурермен (Германия) қаланып, О.Гирке, А.Мейцен (Германия), Г.Мэн, Э.Фримен, Э.Глассон, П.Виоллемен дамытылды (Франция). XIX ғ. 70-90 жылдарында қауымдық теория Ресейдің медиевистика ғылымында кеңінен талқыланып, Фюстель де Куланж вотчиналық теорияны ұсынған қарсыластар пайда болды. Оларға ғылыми тұрғыдан тойтарыс бету қажет болды. Сондықтан қауымдық теорияны жақтаушылардың жаңа легі пайда болды. Осы бағыттағы белгілі тұлғаға М.М. Ковалевский айналды.

Ковалевский Максим Максимович – белгілі орыс зерттеушісі, заңгер, ірі этнограф, қоғамдық қайраткер. 1851 жылы Харьков губерниясының дворяндық отбасында дүниеге келген. Жоғарғы білімін Харьков университетінде жалғастырып, Д.И. Каченовскийдің жетекшілігімен ағылшын мекемелерінің тарихын зерттеген. Өзінің ғылыми ізденістерін шетелде жалғастырып, Лондонда Мэн, Брайс пен Маркс пен жақындасты. М.М. Ковалевскийдің саяси көзқарастары негізінен оның бүкіл өмірінің бойында өзгеріссіз болды. Ол конституциялық монархияның жақтаушысы, революция мен социализмнің қарсыласы болды. Бірақ әр

кезеңде ол өз көзқарастарының түрлі жақтарын байқатып отырды. Ғалым 70-90 жж. «солшылдар» тарапынан қауіпті көрмей, абсолютизмге қарсы пікірлерін айрықша атап өтті. Кейіннен, 1900-жж. басынан Ресейде революцияның қауіп күшейген тұста, Ковалевскийдің монархизмі анық байқалды. 1905 жылдан кейін кадеттердің өзі ол үшін тіпті «солшыл» болып көрініп, «демократиялық реформалардың» партиясын ұйымдастыруға тырысты.

М.Ковалевский өз уақытының дарынды ірі көрнекті әлеуметтанушысы, құқық саласын зерттеуші, тарихшы мен этнографы. Ол 6 еуропалық тіл – француз, неміс, ағылшын, итальян, латын мен грек тілдерін еркін меңгерген. М. Ковалевский әр түрлі мұрағаттық материалдарды пайдалана отырып, Батыс Еуропаның дерлік барлық елдерінің тарихын зерттей алды.

М.Ковалевскийдің көптеген ғылыми зерттеулері Ресей мен шет мемлекеттерде жарияланған. Оларда ғалымның ғылыми мүдделерінің кендігі, оның эрудициясының жоғарылығы, ойлаудың дербестігі байқалады. М.Ковалевский құқық пен социологияның ортақ теориясы, саяси мекемелердің тарихы, әлеуметтік шаруашылық тұрмыстың тарихымен байланысты мәселелерді тең деңгейде қарастырады. Оның құқықтың тарихы бойынша алғашқы еңбектері: «XIV ғасырдан Людовик XIV-ге дейінгі Франциядағы салықтардың юрисдикциясы тарихы бойынша тәжірибелер» (М., 1877); «Ағылшын графтіктеріндегі ежелгі уақыттардан Эдуард I-нің өліміне дейінгі полицейлік әкімшіліктің тарихы» (Прага, 1877, магистрлік диссертация), «XIV ғасырдағы Англиядағы жұмысшылардың полициясы және кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы дауларды шешуші сот сарапшылары ретіндегі әлемдік соттар» (Л., 1876), «Англияның орта ғасырлардың аяғындағы қоғамдық құрылысы» (М., 1880, докторлық диссертация). Осы уақытта қауымдық теорияның негіздерін толықтырған «Ваадт кантонындағы қауымдық жер иеленушіліктің құлдырауының тарихы очеркі» (Л., пен Цюрихтегі неміс баспасы, 1876), «Қауымдық жер иеленушілік, себептері, барысы мен тарауының салдарлары» (М., 1879) сияқты еңбектер жарияланды.

М.Ковалевскийдің тарихи ғылым саласындағы еңбектеріндегі маңызды екі бағытты бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, ол – ресейлік тарихнамада Англияның орта ғасырлар тарихын зерттеушелер мектебінің негізін қалаушы. М.Ковалевский буржуазиялық Англияның саяси құрылымына тамсана отырып, орыс қауымына бұл құрылыстың қалай қалыптасқанын көрсетуге тырысты. Англияға арналған оның еңбектерінің қатарында полицейлік әкімшіліктің тарихы» (Прага, 1877, магистрлік диссертация), «XIV ғасырдағы Англиядағы жұмысшылардың полициясы және кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы дауларды шешуші сот сарапшылары ретіндегі әлемдік соттар», «Англияның орта ғасырлардың аяғындағы қоғамдық құрылысы», «Ағылшын графтіктеріндегі ежелгі уақыттардан Эдуард I-нің өліміне дейінгі полицейлік әкімшіліктің тарихы» зерттеулері бар. Бұл зерттеулерде М.Ковалевский кейіннен жазғанындай, К. Маркстың ықпалымен алдына «экономикалық прогресс пен оның дамуы нәтижесінде сословиелердің қоғамдық пен мемлекеттік мекемелерге ықпалын зерттеуді» мақсат етіп қойды [1]. Ол бұл жұмыстарында ортағасырлық Англиядағы саяси органдар, әлемдік соттар мен барлық жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі қызметінің анық таптық дворяндық сипатын анықтады. М.Ковалевский «Англияның орта ғасырлардың аяғындағы қоғамдық құрылысы» аталынған докторлық диссертациясында Англияның XIV-XV ғғ. саяси құрылысының ерекшеліктерін елдегі негізгі әлеуметтік күштерінің арақатынасымен түсіндіруге тырысты. Ал бұл арақатынасты жекелеген әлеуметтік пен сословиелік топтардың арасында жер меншігі мен мүлікті бөлумен анықтады. М.Ковалевский XIV-XV ғғ. Англияда негізгі жер иеліктері мен байлықтары феодалдар тобы – дворяндар мен дінбасылардың қолында шоғырланды.

М.Ковалевскийдің еңбектеріндегі екінші маңызды бағыт – қауымдық теорияны жалғастыруында. Олардың ішінде – «Қауымдық жер иеленушілік, себептері, барысы мен тарауының салдарлары», «Осетиндердің тарихи-салыстырмалы талдаудағы құқығы», «Отбасы мен меншіктің пайда болуы мен дамуы» зерттеулері кіреді. М.Ковалевский қауымды барлық халықтарға олардың экономикалық пен қоғамдық дамуының белгілі бір кезеңіне тиесілі тарихи негізделген және әмбебап құбылыс ретінде қарастырды. Ғалым үшін қауымның пайда болуы мәселесі жалпы социологиялық жоспарда қарастырылды. Адамзат қоғамының бастауында – жеке немесе ұжымдық меншік, индивидум немесе ұжым тұрады ма? Біріншіден, осы сұрақтарға М.Ковалевский жекелеген мемлекет не облыс мысалында емес, дүниежүзілік материалдардың негізінде жауап беруге ұмтылды. Бұл оның Франция, Англия, Германия, Швейцария, Үндістан, Алжир, Мексика, Перу, ал кейіннен – Солтүстік Кавказ, Закавказье, Испания, Украина халықтарының тарихы бойынша көлемді мәліметтерді талдау негізінде маңызды ғылыми қорытындыларды жасап, адамзаттық қоғамның бастапқы тарихи бастауы ретінде ұжымдық қарым-қатынастарды қарастыруына мүмкіндік берді. М.Ковалевский: «Алғашқы қауымдық адамдардың интеллектуалдық пен физикалық әлсіздігі есебінен олардың табиғатқа қарсы өз күштерін біріктіру қажеттілігі пайда болды. Ал бұл өз кезегінде меншіктің ортақтығына әкелді» [2] деген қорытынды жасады.

Екіншіден, К.Маркстың ықпалымен М.Ковалевский қауымға заңдық тұрғыдан қараудан бас тартты. Ол барлық халықтардың бастауындағы қауымдық меншіктің үстемдігін материалдық игіліктердің өндірісінің белгілі бір деңгейімен, ал қауымның түрлерінің өзгеруін осы деңгейдің эволюциясымен түсіндіруге тырысты. Бұл зерттеушінің қауымның дамуындағы белгісіз болған кезеңін анықтауына мүмкіндік берді. Ол сатыда қауым жекелеген шаруашылықты жүргізетін үлкен патриархалдық отбасылардан құралды. Қазіргі уақытта оларды жериеленушілік қауым деп атайды.

М.М. Ковалевский басқа да қауымдық теорияның жақтастары ретінде Фюстель де Куланжбен дауласа отырып, ежелгі германдықтардың қоғамдық құрылысын талдауға айрықша көңіл бөлуге тырысты [3].

Цезарь мен Тациттің еңбектерімен ғана шектелген деректердің аздығы, олардың мазмұны бойынша күрделілігі ғалымдардың бірнеше жылдар бойы ғылыми қызығушылығын тудырды. Сондықтан орыс тарихшыларының ежелгі германдықтар бойынша мәселеде қауымдық теорияны қолдауы айрықша маңыздылыққа ие. М.Ковалевский қауымдық теорияның өкілдерінің көзқарастарын қайталап қана қоймай, «қауымшылдардың» ұстанымдарын нығайтты. Ол «Қауымдық жериеленушілік» еңбегінде тарихи-салыстырмалы еуропалық емес материалға негізделіп, салыстырмалы түрде Страбон, Помпоний, Мел және басқалар сияқты антикалық жазушылардың еңбектерін пайдаланды. Осы арқылы М.Ковалевский қауымдық теория бойынша жаңа дәлелдер тауып, оны толықтырды.

М.Ковалевский Маурердің көзқарасын ұстана отырып, ежелгі германдық қоғамды қарапайым шаруашылық негізге сүйенген таптық бөліну мен жеке меншікті де білмейтін рулық қоғам ретінде ұсынды. Ежелгі германдықтардың экономикалық өмірінің төмен деңгейінің маңызды белгісі ретінде ол қарапайым жериеленушілікті қарастырды. Ежелгі германдық қауымның болғандығының маңызды дәлелі ретінде отбасылық меншікті қарастырды [4].

М.Ковалевский Фюстель де Куланж, Сибом, Росс, Гильбрандт сияқты қауымшылдарға қарсылық білдірушілердің түсіндірмесін сынға алды. Олар ежелгі германдықтардағы жеке меншіктің үстемдігін дәлелдеу үшін «partituntur» сөзін соңғы жер бөлінісі деп қарастырды. М. Ковалевский мұндай түсіндірмеге қарсы шықты. Ол халықтың аздығы мен жердің көпшілігі жағдайында ежелгі германдық қауым архаикалық, «жаулап алушылық пайдалану» қағидаларымен ұйымдастырылған жериеленушілігі бар деп есептеді. Бұл еркін жерлердің қыстаулар, егіндік жерлер жылдар бойы ауыстырылып отырды. Қыстаулар, орыс ғалымының пікірінше, тұрақты сипатқа ие болмады және өзгеріп отырды.

Тарихшы айрықша назарды ежелгі қоныстардың сипаты мәселесін зерттеуге аударды. Бұл сол уақытта өте күрделі әрі теориялық тұрғыдан маңызды мәселе болып табылады. Ол әрдайым марковтік теорияның жақтаушылары мен қарсыластары арасындағы барлық даулардағы түйінді мәселесі еді. Оның дұрыс шешілуіне батысеуропалық ортағасырлардың тарихының бастауларын анықтау мәселесі байланысты болды.

Қауымдық теорияның барлық қарсыластары ежелгі қоныстардың рулық сипатын жоққа шығарды және помещьелерді феодалдық Еуропаның негізі ретінде қарастырды. Ал М.Ковалевский бірінші болып үлкен аумақтағы әлемнің көптеген халықтарын қамтыған тарихи үдерісті кең көлемді материалды пайдаланды. Ол кавказдық материалдарды пайдаланудың пионері болды.

М.Ковалевский ежелгі германдықтардың қоныстарының табиғаты мәселесін қарастырғанда, олардың сипатын «ұлттардың психикалық ерекшеліктерімен» байланыстырғандарға қарсы шықты. Ол барлық халықтардың ежелгі қоныстарының табиғатын анықтаған шешуші фактор деп объективті тарихи жағдайларды есептеді. Осы тұрғыдан, М.Ковалевскийдің бургундық қоныстардың сипатына қатысты көзқарастары маңызды. Ол Рим империясының аумағына келген бургундар қоныстардың екі түрін – тұтас ауылдар мен қыстақтарды құра алды. Екі жағдайда да олар рулық ұжым болып қала берді. М.Ковалевский аллемандардағы жағдайды енді басқаша сипаттайды. Осы герман тайпаларының қатты артта қалуы, галло-римдік орта мен сәйкесінше табиғи-жағрафиялық шарттардың болмауына байланысты, аллемандық ежелгі қоныстар болашақтағы таза рулық ұжымдар ретінде тұтас ауылдарды құрады. Ғалым ежелгі қоныстардың рулық сипатын кавказдық халықтардың үлкен этнографиялық материалдары негізінде көрсетті. Мысалға сванеттерде ол ежелгі қоныстарды рулық деп санады, ал осетиндерде ол қоныстардың ауыл мен аула түрінде байқады. М.Ковалевскийдің перуандықтардың қоныстарының түрлерін сипаттауы айрықша қызығушылық тудырады. Перудің өзіндік тарихи жағдайларында рулық қауымға сәйкес келетін қоныстар болды. Бірақ елдің таулы аумақтарында өндеуге қажетті жер бөліктері болмады, қоныстардың хуторлық сипаты басым еді [5].

Осылайша, тарихшы М.Ковалевский келесідей маңызды қорытынды жасайды. Ежелгі қоныстар әр түрлі түрде бола алды, бірақ бұл жағдайда әрдайым олардың рулық сипаты сақталды. Бұл қоныстардың әр түрлілігі жеке меншікпен емес, тарихи мен табиғи-жағрафиялық жағдайларға байланысты туындады. Ұсақ қоныстар, мысалға хуторлар индивидуалдық отбасылармен емес, үлкен отбасылардың тұрақтануы-

ның негізінде рулық ұжымдармен құрылды. Әрине орыс ғалымының бұл ойлары қауымдық теориясына қарсы шыққандарға қарсыластармен күресте маңызды дәлел болды. М.М. Ковалевскийдің ерте еуропалық қауымының тарихын зерттеуі өз уақыты үшін маңыздылығы зор еді. Себебі осы уақытқа дейін ежелгі қоныстар мәселесі деректердің аздығы есебінен зерттелінбейтін. М.Ковалевский универсалдық материалға сүйене отырып, тарихи-салыстырмалы әдісті пайдалану арқылы ерте еуропалық қауым еркін әрі үстемдік құрғандығын дәлелдей алды. Сонымен қатар, бұл қауымның алғашқы қауымдық құрылысқа тереңдеп жатқандығын және оның аймақтық емес, барлық құрлықтардың халықтарына тән әлемдік тарихи құбылыс ретінде қарастырды.

М.Ковалевский ерте ортағасырлық қауым мәселесіне, соның ішінде батыс еуропалық варварлық мемлекеттердің қауымына ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселе де қауымдық теорияның жақтастары мен қарсыластары арасында көпжылдық талқылауларының негізі болды. Ғалым бұл талқылауға белсенді түрде қатысты. Егер Виноградов ағылшын мәліметтері негізінде Сибомның концепциясына тойтарыс берсе, М.Ковалевский куланжизммен күресте жалпы еуропалық пен дүниежүзілік материалдарға сүйенді. Варвалық заңдардың мәтіндеріне көп жағдайда негізделе отырып, М.Ковалевский варварлық мемлекеттердегі еркін қауымның барлық жердегі үстемдігінің шынайы бейнесін жасады. Ал ол кейіннен өз еркіндігін феодалдардың узурпациясы нәтижесінде жоғалтты.

Қауымдық теорияның қарсыластары қауымның еркін мәртебесі мәселесі заңдық құжаттарда әлсіз сипатталғандығы үшін сынға алуына да, ол өз жауабын қайтарды. М.Ковалевский «Помещиктердің мұрағаттарында қалайша шаруалардың жерлерін сеньорлармен заңсыз иемденуін көрсететін жазбаша дәлелдер түріндегі актілердің сақталуы соншалықты қисынсыз. Сонымен қатар, ол өз қарсыластарының назарын заңдық құжаттарда монастырь мен шіркеуге берілген жерлер туралы мәселе қозғалуы мүмкін деді. Ал еркін қауым кәдімгі құқыққа негізделіп, жазбаша бекітуге бағынбады. Сондықтан, еркін қауымдар туралы заңдық құжаттардан олардың иемденушілікке өткен уақытында ғана білуге болатындығын атап өтті. Ол әсіресе, осы көзқарасын дәлелдеуде кәдімгі құқықтың дәстүрі көрініс тапқан варварлық құқықтарға айрықша назар аударды.

Тарихшы ретінде М.Ковалевский Фюстель де Куланж бен Глассон, Виолле, Жюбанвилл, Дарест арасындағы қайшылықты тудырған франктік қауым мәселесіне де тоқталды. Ғалымның осы талқылауда қатысуы орыс медиевистикасының тарихында өз үлесін қосты.

Ол алғашқы капитулярий мен Салика заңы кезеңіндегі франктердің мүліктік қарым-қатынастарын талдау негізінде еркін қауымдық жериеленушіліктің үстемдігін көрсетті. Ол жеке меншік осы уақытта тек мүлік пен шаруа мекендеріне (бау-бақшалар, үй-жайлар т.б.) таралды деп есептеді. Жердің иесі қауым болды, ал оның мүшелері тек иелік құқығына емес, пайдалану құқығын иемденді.

М.Ковалевский Фюстель де Куланж бен Глассонның арасында өткір дауларды тудырған Салика заңындағы «De migrantibus» титулын талдауда ауқымын кеңейтті. Ол Глассонның қауымының мүшелері басқа жақтан келгендердің жаулап алуына қарсылығын білдіргендігі туралы көзқарасын қолдады. Ғалым егер құжаттарда қандай да бір адамдардың қауымдық жерлерде жұмыс жасауына рұқсат берілсе, бұл олардың міндетті түрде бөтен болуы шарт емес. Олар дәл қауымның бір мүшесі қалдырған жерде орналасқан басқа қауымның мүшесі болуы мүмкін. Сонымен қатар, М. Ковалевский қауым жердің көптігі жағдайында адамдар қажет болғандықтан, еркін жер участкісіне өзге адамның қоныстануына рұқсат бере алады. Бірақ бұл фактілер қауымды жоққа шығармады, керісінше оны дәлелдейді. Себебі жеке жаулап алушылық меншікке ешқандай қатысы жоқ, бұл уақытша иелену. Айдалған жерде жырттылып болғанша қалуға болады. Сосын оған деген құқық қауымға өтеді, ал қауым жерді басқаға оның әрбір мүшесіне ашық болуы шартымен бере алады. Осы дәлелдері арқылы М. Ковалевский жеке меншікті жоққа шығарды.

Қорытындылайтын болсақ, М.Ковалевский Ресей медиевистикасында қауымдық теорияның мәнісін нақты мысалдармен, ғылыми талдауларымен дәлелдей білген көрнекті ғалым. Ол мұндай еңбекті өзінің бірнеше шет тілін білуі мен Еуропа, Азия, Америка құрлығы елдерінің тарихы бойынша материалдарды сараптау негізінде қол жеткізді.

1 Ковалевский М.М. *История полицейской администрации. Прага, 1876, - с. 11.*

2 Ковалевский М.М. *Общинное землевладение, причины, ход и последствия его разложения. - М., 1879, - с. 34.*

3 Жумагулов К.Т. *Древнегерманское общество: проблемы и концепции. - Алматы: «Дәуір». 1993, - с. 26.*

4 Ковалевский М.М. *Экономический рост Европы до возникновения капиталистического хозяйства, т. I. - М., 1898, - стр. 36.*

5 Ковалевский М.М. *Происхождение, семьи, рода, племена, государства и религии. - «Итоги науки», т. X, изд. «Мир», - М., 1914, - стр. 117-118*



Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы – 60 жаста

Көрнекті ғалым ҚР ҰҒА-ның корреспондент - мүшесі, тарих ғылымдараның докторы, профессор Ханкелді Махмұтұлы Әбжановтың туылғанына 60 жыл толды. Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы 1953 жылы 11 қазанда Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу елді мекенінде қызметкер отбасында дүниеге келген. 1971-1976 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенті. 1976 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік дипломмен аяқтаған жас маман жолдамамен Целиноград инженерлік-құрылыс институтына келіп еңбек жолын бастайды.

1977-1979 жж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің КСРО тарихы кафедрасының оқытушысы қызметін атқарады. 1979 жылы ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына аға лаборант қызметіне ауысып, бөлім меңгерушісіне дейінгі жолдардан өтті.

1970 жылдары Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты Қазақстан Ғылым академиясының құрамындағы беделді мекеме әрі Отандық тарих ғылымдарының қара шаңырағы болатын. Сол жылдары институт бөлімдерінде академиктер Ә.Марғұлан, С.Н. Покровский; корреспондент-мүшелер Г.Ф. Дахшлейгер, Б.Сүлейменов; профессорлар М.Асылбеков, К.Нұрпейісов, Х.Арғынбаев, В.Я. Ясин және т.б. еңбек етті. Институт ғалымдарының еңбектері бүкіл Кеңестер Одағына кеңінен танылған еді. Сол жылдары «Қазақ ССР тарихы» 5 томдығы жарық көреді. Х.Әбжановтың мұндай ұжымда қызмет етуі оның кәсіби жағынан ұшталуына қолайлы жағдайлар туғызды. Ғалым аталған кезеңде Қазақстан интеллигенциясының көрнекті тобы - ауыл-село мамандарының 60 - жылдардағы дамуы мен қызметін зерттеуге кірісті.

1983 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Кемелденген социализм тұсындағы Қазақстан ауыл-село интеллигенциясының өсуі мен ролі (1961-1980)» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Қоғамдық жұмыста Қазақ КСР Ғылым академиясы жас ғалымдар кеңесі төрағасының орынбасары қызметтерін атқарады.

1988 жылы «Ғылым» баспасынан «Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма» атты монографиясы жарық көрді. Зерттеушінің ғылыми мақалалары Киевте, Ташкентте, Душанбеде өткен конференция материалдарында жарияланды. Сондай-ақ, 1987 жылы Мәскеуде «Наука и

техника СССР. 1917-1987 гг. Хроника» кітабы, 1989 жылы Ташкентте «Проблемы истории республик Средней Азии и Казахстана в 40-50-е годы», Алматыда «Программа курса истории Казахской ССР для 8-10 (11) классов» еңбектері жарыққа шықты.

1992 жылы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақстанның ауыл-село интеллигенциясы: қалыптасуы мен әлеуметтік практикасының тарихи тәжірибесі (1946-1985)» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. 1993-1999 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде еңбек етті. Мұнда тарихнама және деректану кафедрасы ашылып, кафедра меңгерушісі қызметіне сайланады. 07.00.10 – Ғылым мен техника тарихы, 07.00.12 – Мәдениет пен өнер тарихы мамандықтары бойынша кандидаттық диссертация қорғалатын арнайы кеңес құру бастамасын көтеріп, ҚР ЖАК бұйрығымен Диссертациялық Кеңес төрағасы болып тағайындалады. 1993-1994 жылдары жарыққа шыққан «Қазақстан тарихы. Очерк», кітабының авторлық құрамына енді. Осы университетте аспиранттары: Д.Сәтпай, А.Ибраева, Ш.Тлепиналарға жетекшілік етеді. Қазірде олар ғылым докторы атағына ие.

1993-2009 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, кафедра меңгерушісі, университет құрамындағы «Еуразия» гуманитарлық зерттеулер ғылыми орталығы директорының орынбасары қызметтерін атқарады. Университеттің жоғары курс студенттеріне, магистранттарына тарих ғылымының методологиясы бойынша дәріс оқиды. 2011 жылы соның негізінде «Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология» монографиясы жарық көрді.

Х.М. Әбжановтың отандық тарих ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі мемлекеттік марапаттармен атап өтілген.

Х.М. Әбжанов 600-ге жуық ғылыми және ғылыми көпшілік зерттеулердің, оның ішінде 10-нан астам монографиялық еңбектің және оқу құралдары мен оқулықтардың авторы. Бүгінгі таңда ғалымның ғылыми еңбектері отандық тарих ғылымының дамуында өзіндік үлесі бар құнды еңбектер қатарында.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тарих факультеті ұжымы және ҚазҰПУ Хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы» журналының редакция алқасы мерейтой иесін 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтайды. Зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс, отбасыңызға бақыт тілейді.

АВТОРЛАР НАЗАРЫНА! К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ!

Научный журнал «Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки»

Журнал «Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки» издается с 2000 года.

Выходит четыре номера в год.

Тираж 300 экземпляров.

Журнал «Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки» внесен в перечень ККСОН на основании приказа Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК, приказ №1082 от 10 июля 2012 года «Перечень изданий, рекомендуемых Комитетом для публикации основных результатов научной деятельности».

Журнал «Хабаршы-Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки» осуществляет публикацию научных и практических статей по следующим направлениям:

- Социально-экономическая история;
- Всеобщая история;
- Археология и этнология;
- Источниковедение и историография;
- Персоналии;
- Политическая история;
- Методика преподавания истории;
- Исследования молодых ученых.

Публикация статей

Статьи в журнале публикуются строго с соблюдением требований ККСОН к оформлению научных статей. Требования к оформлению статей одинаковы для всех номеров.

В номер допускается подавать не более одной рукописи с фамилией одного автора (или в соавторстве).

Для публикации рукописей молодых ученых (докторанты, магистранты, соискатели) необходимо предоставить два внешних отзыва о возможности опубликования статьи.

Редакция проводит рецензирование рукописей. Копии рецензий предоставляются авторам. Наличие отрицательной рецензии является основанием для мотивированного отказа от публикации в текущем номере.

Авторам статей Казахского национального педагогического университета имени Абая (профессорско-преподавательский состав, докторанты, магистранты, соискатели) экземпляр журнала выдается бесплатно.

Вышперечисленные документы, а также бумажная версия рукописи и диск с электронной версией присылаются по обычной почте заказным письмом (ценные письма и посылки не принимаются) или передаются лично по нижеперечисленным адресам.

По вопросам опубликования статей обращаться по телефону:

8(727)2916767; 87013056672, 87053158891 – ответственные секретари. Электронная почта:

ablai_angel@mail.ru, alatau1968@mail.ru



Правила оформления статей

1. Статья представляется в одном бумажном экземпляре, подписанном авторами, а также в электронном виде на диске (или на любом другом носителе), либо электронный вариант пересылается по электронной почте ablai_angel@mail.ru, alatau1968@mail.ru

Основанием для публикации является комплект документов на бумажном носителе!

2. Текст статьи представляется в формате Microsoft Word (любая версия).

Объем статьи – до 12 стр. формата А4.

Поля – *верхнее и нижнее – 2 см, левое – 2 см, правое – 2 см*, текст – кегль 11, одинарный межстрочный интервал. Отступ первой строки абзаца – 0,5 см.

Шрифты – Times New Roman.

3. Допускается наличие таблиц, формул и рисунков по тексту.

Рисунки размещаются в самом тексте статьи.

Обязательно наличие подрисуночных подписей и подписей к таблицам в виде: “Рис. 1. Название рисунка”, “Таб. 1. Название таблицы”.

4. К тексту статьи прилагается комплект сопроводительных документов: внешние отзывы; сведения об авторах с указанием их места работы, должности (данные сведения будут опубликованы), контактного телефона (не публикуются в журнале).

5. Принимаются статьи на казахском, русском, английском и немецком языках.

6. *Публикация научных статей сторонних авторов – платная.*

В каждой научной статье журнала должны быть указаны следующие данные:

1. Название статьи

2. Фамилии, инициалы авторов

3. Текстовая часть статьи (концевые сноски)

4. Резюме (Объем резюме не менее 4-5 предложений) публикуемой статьи на государственном языке – на русском и английском языках; публикуемой на русском – на казахском и английском языках; публикуемой на английском – на казахском и русском языках.

5. Ключевые слова (key words).

6. Сведения об авторе (авторах) – инициалы и фамилия, ученая степень, ученое звание; должность или профессия; место работы (наименование учреждения или организации); наименование страны (для авторов ближнего и дальнего зарубежья) – на русском и английском языках.

7. Контактная информация (почтовый адрес, контактный e-mail) для каждого автора;